

Мақсатым – тіл ұстартып, өнер шапшақ...

АБАЙ.

«Қазақ тілі мен
әдебиеті» және
«Ұлағат»
жауапкершілігі
шектеулі
серіктестігінің
ай сайын
шығатын
Республикалық
ғылыми-
педагогикалық,
әдістемелік
журналы

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

1958 жылдың
наурыз айынан
бастап шығады

1/2014

ҚАҢТАР

МАЗМҰНЫ

Таным табиғатында

Меңдібай ӘБІЛҰЛЫ. Ежелгі ғұндар.....3

Көкейкесті көзқарас

Баянғали ҒАЛЫМЖАНҰЛЫ. Дарындылықтың жұмбағы шексіз... ..14
Мөлдір ЗАХАРОВА. Кембридж университеті тәсілдерін
қолданудың тиімділігі.....20

Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс

Роза НҰРМАҒАМБЕТОВА. Етіс, оның түрлері.....27
Әсима ҚАЙЫРҒАЛИЕВА. Синонимдер.....32
Алтынай СӘРСЕНҒАЛИЕВА. Қос нүкте.....38
Гүлжәмила ҚАЛМАҒАМБЕТОВА. Есімдік. Өздік есімдігі.....42

<i>Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс</i>	
Гүлнара ЕСЕНҒАЛИЕВА.	«Қаракөздерім, Шуакты мынау өмірде шөліккеп жүрген мейірге...».....47
Айсұлу ӘЛИАСҚАРҚЫЗЫ.	«Қыз Жібек» жыры.....53
Гүлжан СӘДУАҚАСОВА.	Махамбет. «Қызғыш құс».....61
Баян АБЫЛХАПОВА.	Жамбыл – айтыс шебері.....65
Асылтас ТҰҢҒАТАРОВА.	Әбіштің «Автомобиль» повесі.....69
Мәншүк САРБАСОВА.	Мағжан Жұмабаев. «Қазақ тілі».....73
Жанар ӘЗІМХАНҚЫЗЫ.	«Менің атым – Қожа».....78
Зәуреш СИПИТАНОВА.	Шерхан Мұртаза. «Бесеудің хаты».....80

<i>Оқулыққа қосымша</i>	
Ғалия ШӘРІПЖАНОВА.	Ыбырайым Маманов қос қызметті -дай, -дей аффиксі туралы.....85
Гүлсім ДӘРКЕНБАЕВА.	Рухани қазынамызды жас ұрпаққа жеткізу.....94

<i>Көмекші құрал</i>	
Патима ӘЛІМБЕКОВА.	«Мағжантану» таңдау курсына арналған жұмыс дәптері.....100

<i>Сыныптан тыс сабақ</i>	
Сана БАЙШОРАЕВА.	«Алтыбақан аясында» атты театрландырылған сабақ.....110
Гүлмира КӨЛБАЕВА.	Нұрлы шақ.....116
Марат ҚҰСПАНҰЛЫ.	Бала Мұхамедқалидан ақын Мұқағалиға дейін.....120
Жұлдыз ОҢҒАРБАЕВА.	«Алтын қақпа».....125

<i>Жас маманға жәрдем</i>	
Фарида РЫСҚАЛИЕВА.	Қосарлама қос сөздер.....128
Гүляям ЖАНХОЖАЕВА.	Тіл дамыту: «Отбасы берекесі».....131
Кенжегүл ҚАБЫЛБАЕВА.	«Шыбын мен Көбелек».....135
Дилбирим МИЧИТОВА.	Жуан және жіңішке дауысты дыбыстар.....138

<i>Жақсы кітап – жан кілті</i>	
Гүлбану ҚОСЫМОВА.	«Абай жолы» романын жаңа тәсілдермен оқыту құралы.....140

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

*Құсиын Айтқалиев, Шәмши Беркімбаева, Қанипа
Бітібаева, Жанғара Дәдебаев, Гүлтас Құрманбаева,
Мекемтас Мырзахметұлы, Қуандық Мәшиһур Жүсіп,
Нұрша Оразахынова, Бақтияр Сманов, Жансейіт Түймебаев,
Рақымжан Тұрысбек, Нұргелді Уәлиұлы.*

Таным табиғатында

Мендібай ӘБІЛҰЛЫ,
Аймақтық менеджмент
Академиясының профессоры, ф.ғ.к.
Тараз қаласы.

ЕЖЕЛГІ ҒҰНДАР

«Қазақстан тарихы» атты бес томдық кітаптың бірінші томында ғұндар бірлестігі туралы былай деп жазады: «Ғұндар бірлестігіне шыққан тегі әр түрлі тайпалар немесе этникалық-саяси құрылымдар кірген. Конфедерацияның қоғамдық өміріне бір орталыққа бағынғысы келмейтін қуатты күштер, кең-байтақ жердің әр түрлі аудандары арасында берік саяси және экономикалық байланыстардың болмауы зор ықпал жасады. Алғашқы кезде біршама бірлік ғұн қоғамындағы фратрияаралық (Фратрия – ертедегі көптеген халықтардың ру-тайпалық құрылымындағы тайпалық бөлімшесі, басқаша айтқанда, бірнеше рулардың жиынтығы.) ұйымның ерекше түрі болуы арқылы орнаған...» (А., «Атамұра», 2010, 247-бет).

Профессор Қалмақан Жұмағұлов «Дүниенің төрт бұрышын тітіренткен Аттила» атты ғылыми-танымдық мақаласында былай деп жазды: «...IV–V ғасырлардағы Еуразия, Еуропадағы халықтардың Ұлы қоныс аударуына қуатты серпін берген түркі тайпа ұйымдары – ғұндар, Қазақстан тарихында, әлем тарихында өте маңызды орын алады... Ғұндар Еуропаға Орталық Азиядан келді. Б.з.д. IV ғасырда қытайлықтар оларды өздерінің қауіпті қарсыластары ретінде көрсетеді. Ғұндардың әскери көсемдері Хань империясымен соғыста бірталай жетістіктерге жетті. Б.з. II ғ. бірінші жартысында ғұн тайпаларының Шығыс Қазақстанға және Жетісуға, кейін Батыс Сібір, Орал, Каспий жағалауларына және Волганың арғы жағындағы далаларға

көшіп-қонуы басталды. Бұл аймақтарда ғұндардың жергілікті тайпа ұйымдарымен ассимиляция процесі жүрді. VI ғасырдың ортасында олар Волга мен Дон аймағына енді. Азов аймағы Солтүстік Қапқаздағы аландарды, Боспор патшалығын жаулап алып, Доннан өтіп, Оңтүстік-Шығыс Еуропадағы остгот патшасы Эрманарихтың көп тайпалы державасын 375 жылы жеңіліске ұшыратты.

375 жылы халықтардың Ұлы Қоныс аударуына алып келген бастама болды. Қазіргі таңда қазақстандық жалпы тарих ғылымында мен бұл оқиғаларды орта ғасырлар тарихы дәуірі мен өркениетінің бастамасы ретінде қарастырамын.

Осы уақыттардан кейін ғұндар Шығыс Рим империясының Балқандық шеткері аймақтарына бірнеше мәрте тұтқиылдан бас салып отырды. Алғашында ғұндар мен Батыс Рим империясының қарым-қатынасы бейбіт негізде құрылды, себебі ғұндардың жалдамалы жауынгерлері, әсіресе, 20-жылдары Рим әскерлерінің белгілі бір бөлігін құрады. V ғасырда ғұндар Паннонияға орналасты да, бұл аймақ ғұн державасының орталығына айналды. 40-жылдарда Еуропада сіңірген қолбасшылық өнеріне байланысты әскердің жоғарғы қолбасшысы құрметті атағын алған ғұн билеушісі Атила (*Еділ, шамамен 395 жылы туылған, 453 жылы қайтыс болған*) Батыс Рим империясына байланысты тәуелсіз саясат жүргізе бастады.

Ол билеген 434-453 жылдар аралығында Ғұн мемлекеті барынша үлкен аймақтық кеңеюді басынан өткізіп, қуаттылыққа ие болды. Грек және Рим деректері Атиланың бірнеше ұрпақ бойы ғұндардың билеген патша руынан шыққанын көрсетеді. 434-жылы қаған Ругия (*Руга*) қайтыс болғаннан кейін ғұндарға ағасы Мудузуктың балалары Атила және Бледа басшылық етті (кейбір деректер бойынша Атила мен Бледа туған аға-іні емес, туыстас аға-інілер). 444-жылы Бледаның өлімінен кейін Атила бірден-бір билеушіге

айналды. Сонау 435-436 жылдары Атила басқарған ғұндар Римге бағынышты болған Майн мен Рейн аралығындағы бургундтар патшалығын қосып алады. Бұл оқиғалар кейіннен Германияның белгілі эпикалық шығармасы болып табылатын, Гомердің туындыларымен және «Ролланд туралы жыр», «Игорь полкі туралы сөз» сияқты танымал поэмалармен қатар орын алатын «Нибелунгтар туралы жырдың» көрінісіне негіз болды. Осы және өзге де герман эпосының шығармаларымен, Скандинавия сағаларында Атила (*Этцель, Атли*) Рим империясының қысымындағы халықтарды азат етуші ретінде сипатталады...» (*«Дала мен қала» газеті, №15, 21-сәуір, 2006 жыл*).

Бесқала қазақтарының ауыз әдебиетінде Еділ (*Аттила*) патша туралы аңыз-әңгімелер, өлең-жырлар кездеседі. Еділ патшаның балалық-жастық шағы туралы аңыз-әңгімелерде оның соғыс өнерін тоғыз жастан бастап үйренгені сипатталады. Бала Еділді әкесінің аңшылық өнерге, соғыс өнеріне баулуы қызғылықты баяндалады.

Белгілі ғалым Немат Келімбетов «Қазақ әдебиеті бастаулары» деп аталатын кітабында «Қазіргі Қазақстан аумағында әуелі таптық қоғамдардың қалыптасуына еуропалықтарға «ғұндар» деген атпен мәлім көшпелі тайпалар бірлестігінің ықпалы да күшті болды. Біздің заманымыздың бірінші ғасырында ғұндар Арал теңізі мен Каспий маңына шығып, ондағы аландар мен асарларды батысқа қарай ығыстырып жіберді. Кейінірек олар Шығыс және Орталық Еуропаға қоныс аударды...» деп жазды (*А., «Ана тілі», 1998 жыл, 13-бет*).

«...Тарихи деректер бойынша, ғұндар қазіргі Қазақстан, Орта Азия мен Шығыс Түркістанда біздің заманымыздан бұрынғы III-I ғасырларда жасаған түркі тілдес тайпалардың арғы тегі болып табылады. Біздің жыл санауымызға дейін III-I ғасырларда ғұндар бір орталыққа бағынатын, аса қуатты

мемлекет құрды. Олар Еділ мен Орхон өзендері аралығын, яғни, Турфан, Бесбалық, Жетісу өңірінен бастап, Алтай мен Саян тауларына дейінгі даланы, Арал және Каспий теңізі жағалауларын мекен етті...» (47-бет).

Алма Қыраубаева ғұндардың батыры Еділ (*Аттила*) туралы: «Бір кезде Еділ (Атилла) бастаған түркілер Шығыс Рим империясын құлатқаны да тарихи шындық. Тарихтың айтуынша (*В.В.Бартольд*): ғұндар Орталық Азиядан Еуропаға бірінші ғасырдың соңынан бастап қозғалған. Олар VI ғасырдағы түркілердің атасы еді. Ғұндар V ғасырда Еуропаға кірген. Онда Геродот айтқан Борисфен (Днепр) өзенінде тұрған. Еділдің өлімінен кейін біразы Күншығысқа, өздерінің ежелгі мекеніне қайта оралған...» (*Ежелгі әдебиет*). А., «Өнер», 2008 жыл, 36-бет).

Белгілі ғалымдар Ә.Қоңыратбаев, Т.Қоңыратбаев «Көне мәдениет жазбалары» атты кітабында ғұндардың патшасы Еділ (*Аттила*) туралы былай деп жазады: «Біздің дәуірімізге дейінгі IV ғасырда Сібірде сақтар, Арал, Каспий төңірегінде массагеттер, Алтай, Тянь-Шань аймағында хұндер (*ғұндар – ерекшелеген мен*) тұрған. Сақтар Иран, хұндер Қытай елдерімен көп жауласқан. Ақырында Саян хұндері Еділге, Ордос хұндері Орталық Азияға кетеді. Оларға Иран (*Персофоль*), Византия, Сасанид елдерінің құлдық тәртібі жайлы болмаған. Бұған біздің дәуірімізге дейінгі бес жүз жиырма тоғзыншы жылы Иран патшасы Кирдің Сыр елін шабу, оның Яксарт жағасында мерт болуы, IV ғасырда Ескендірдің келуі айғақ. Кейін Иран елімен татуласқан Рүстем батыр өзін сақ деп білген. Бұл «Шаһнама» жырында бар. Олар Орталық Азиядағы егін егіп, қой баққан шаруаларды айдап, Рим, Бабыл, Персефоль, Аққад, Византияға апарып құл ретінде сатқан. Құлдардың тамағы тайказанда пісірілген арпа көже болды. Қытай дуалын салған осы тұтқындар еді. Олардың тегі түркі тектес

хұндер болатын.

Иран, Византия елдеріндегі қанаушылық Қытайдан да асып түскен. Құлдар саны азайса, оларды мұнда жаңадан айдап әкеліп отырған. Осы негізде ата-анасы, бауыры, қызынан айырылған еркін көшпелі елдердің күні қараң, тұрақсыз болған. Спартак, Маздак, Мұқанна, Хұрзад бастаған құлдар мен диқандар қозғалысы тегін емес. Батысқа ауған хұн тайпаларының басты жауы құлдық империялар болған еді. Біздің дәуірімізге дейінгі II ғасырда Ругила бастаған Алтай-Саян хұндері Шығыс Еуропаға қарай ағылады. Олар Қытай елінен зорлық көрген еді. Тан, Ся династиялары хұндерді жиі-жиі шауып тұтқындайды. Ордос жері Қытайға өтіп, үйсін (*вэйчен*) тайпалары қараборбай құлға айналады. Көшпелі елдер әрі-бері көшіп Азияның барлық түкпіріне барады. Үздіксіз соғыстар жүргізеді. Рим бүкіл Европаны қансыратса, Шығыс елдерін Иран, Сасанид патшалары билейді. Хұндер бірлесіп, енді сол империялармен шайқасады. Ругила Дон бойына орналасып, үлкен мемлекет құрады. Орталығы – Сардин. Карпат, Днестр елі вестгот, остгот, Герман тайпалары деп аталған. Олар Скифияға ауыз салған. Бір жағынан Рим империясымен де жау болған. Ругила өлген соң билік оның інілері – Ахтар мен Мундзук қолына өтеді. Ахтардың баласы Бледа таққа отырады. Бірақ өзі қарымсыз, қызқұмар адам болған. Оның тұсында хұн ордасы әлсірей бастайды. Бледаны Мундзук баласы – Атилла өлтіріп таққа мінеді. Ол Папиония, Херсонес жорықтарын ашып, Рим әскерін жеңеді. Ең соңғы жолы Атилла Каталония соғысын бастайды.

Бұл 451 жылы Карпат түстігінде болған жойқын соғыс еді. Каталония шайқасында бүкіл Батыс Еуропа елдері – Франк, Келт, Аморция, Литиция, Бургун, Саксон, Рипарцион, Рим бірлеседі. Рим әскерін Аэци бастаған. Ол басында Риммен жауласып келсе де, Атилла келгенде

Римнің қол астына кірген. Соның бірі – аландар. Атилла одағына скифтер, вестготтардың шығыс қанаты, Азиядағы хун тайпалары қосылады. Атиллада бес жүз мың әскер болған. Каталония қырғынында франк королі Теодор Рим әскерінің оң қанатында, алан патшасы Сангибан орталықта, Аэци бастаған Рим әскері сол қанатта тұрған. Хұндердің оң қанатында вестгот королі Баламер, орталықта Атилла, сол қанатында гепеиод королі Ардарих болған. Соғыс алдындағы Атилланың батыл сөздерінен соң хун әскері тауды қоршап алады. Теодор ат тұяғында қалған. Рим, Галлия, Франк, Саксония әскері де өте көп еді. Сол күнгі соғыста жүз алпыс бес мың хун өледі. Теодордың баласы Тарисмунд түні бойы әкесінің өлігін іздеп, хұндердің ахуалын байқайды. Ертеңіне Рим әскері шегінеді. Бір сылтауы корольді жерлеу болса, екіншісі – Рим әскерінде туған алауыздық болған еді. Таң ата Атилла қалған қолымен Аквилен қаласын қоршайды. Қала төңірегінде ұя салған көкқұтанның (*амет*) балапандарын алып кетіп жатқанын ырым етеді де, Атилла қаланы бұзып кіреді. Одан әрі Милан (*Медиан*), Павиан (*Гицин*) қалаларын тартып алып, Римге жол ашады.

Батыс тарихшылары «Каталония соғысында Атилла жеңілді» деп көрсетеді. Дұрысында, олар теңбе-тең түскен. Рас, бұдан соң хун тайпалары әлсірейді, ал Рим империясы алаңсыз күйрейді. Оған Рим құлдарының жаппай қозғалысы себеп болған еді...

Атилла алып денелі, басы өгіздей батыр болған. Соғысқа өзі төтелей қатысып, найза асынған. Қоршауға түскенде арыстанша ақырып, шепті оп-оңай бұзып шыға берген. Атилла Рим королінен қызы Оноряны сұраса, ол бермеген. Содан соң Вестгот королінің қызы Илдионға үйленеді. Бұл Каталония соғысынан үш жыл кейін болған оқиға еді. Оны батыс драматургтері Илдигун деп атайды. Атилла сол Илдигун қыздың қолынан өлген деген лақап Корнель

песасында бар. Ол 454 жылы өледі.

Атилла жойқын соғыстарымен бүкіл Батыс Европа елдерін өзіне қарсы қойған еді. Оның үлкен баласы Эллак Карпат пен Қара теңіз аралығын билеген. Эллакты вестготтар өлтірген. Атилланың кіші баласы Ернақ тұсында хун ордасы құлайды. Ал хұндардың ортаазиялық (*Тарбағатай*) бұтағы аман қалады (*Сілтеме Л.Н.Гумилевтің «Хунны в Китае» атты кітабынан алынған. М.Ә.*). Атилланың Айбарыс деген баласы Византия патшасынан қыз сұраған. Онысы Румға «Вассал бол» дегені болатын.

Атилла ордасына қараған елдер – сабир, отургур, кутургур, оногар, сарагур, авар, кутзагар, тарниак, забен, мадияр, вархун, қыпшақ, пешенег, бұлғар тайпалары. Хун ордасы осы тайпаларға сүйеніп, этникалық саясат қолданған ұлыс типіндегі мемлекет болған. Бұл тайпалардың бүгінгі сілемдерін анықтау қиын емес. Атилла сақ, скиф тайпаларының одағын жасаған. Тілі мен әдет-ғұрыпы түркіше болған...

Расында, Атилла бастаған хұндер қозғалысының нәтижесінде көшпелі түркі тайпалары құлдық қоғамға душар болмай, аман қалған еді. Бұдан соң Европа мен Таяу Азияда феодализм туа бастайды...

«IV ғасырда Европаға барған Атилла хұндері мен II ғасырда Орталық Азияға Ферғана арқылы келген Ордос хұндерін шатастыруға болмайды. Бұлардың этникасы бір де, қонысы – бөлек. Орталық Азия хұндерін тарихшылар эфталид, кидарид деп атайды. Эфталидтер Бактрия, Кушан мемлекеттерін құрайды. Атилла Сарыарқа сақтарын басып алған. Солардан кейін бұлғар, пешенег, қыпшақ тайпалары туған. Хун диалектісін қыпшақ тілі жеңген. Келешекте «Атилла» сөзінің семантикасын анықтаған жөн...» (*Ә.Қоңыратбаев, Т.Қоңыратбаев. Көне мәдениет жазбалары. А., «Қазақ университеті», 1991, 21-24-беттер*).

Белгілі ғалым А.Қыраубаева ғұн дәуірінің батыры және ханы Мөде туралы былай деп жазады: «Түркі тайпасының арғы аталарының бірі – ғұндар. Олардың аса күшейіп, мықты болған кезі б.з.б. IV-II ғасырлар еді. Ғұндардың Мөде дейтін батыр ханы болған. Ол туралы *аңыздар түркі елдерінде көп айтылады.*

Ежелгі ғұндарда жас жігіттер өте күшті, ерлерше шайқаса алатын, соғыс өнерін терең меңгерген, ақылды һәм сабырлы, сұлу қыздарды таңдайтын болған. «Бұл жөнінде белгілі ғалым Немат Келімбетов былай деп жазады: «Батырлығы, күш-қуаты күйеуінен кем түспейтін қалыңдық іздеу - ғұндар дәуірінде өмірге келген дәстүр болса керек. Ол дәстүр бойынша, қыз өзі ұнатқан жігітті жан-жақты сынап көретін болған. Жігіт көбінесе садақ тарту, ат жарыс, күрес арқылы сыналған. Мұндай сарын қазақтың ежелгі ертегі-аңыздарында кездеседі...» *(Қазақ әдебиеті бастаулары. 109-бет).*

Алматыдағы «Аруна» баспасынан жарық көрген «Сен білесің бе?» атты энциклопедияда (құрастырғандар: Қазбек Райымбеков пен Қарлығаш Биғабылова) ғұндар туралы былай деп жазылған: «Ғұндар (б.з.б. III ғ. – б.з. V ғасырлары аралығында өмір сүрген) – ежелгі түркі тілдес тайпалар. Қытай жазбаларында кездесетін тарихи атауы – гунну (хунну). Олар бастапқы кезде Солтүстік Қытай, Моңғолия, Байкал өңірлерін қоныс еткен. Б.з.б. III ғасырдың соңына таман ғұндар бірігіп, әскер түзеп, мемлекет құрған... Орталық және Шығыс Қазақстан жерлерін өздеріне қаратқан. Б.з. IV ғасырында ғұндар басқа да көшпенді тайпалармен бірге оңтүстік орыс даласына жеткен. Дунайдан асып, Венгрияға дейін барып қоныстанған.

Ғұн мемлекетін билеген әміршіні «тәңірқұт» («қаған» немесе «шаньюй») деп атаған. Ғұндар 24 ру-тайпаға бөлінген. Ақсүйектер тайпасына осылардың тек төртеуі ғана

жатқан. Шаньюйлердің барлығы – Мөде, Хуханье, Чжичжи (Шөже) және т.б. ең бай ақсүйектерден шыққан. Әр ру-тайпаны рубасылар билеген. Сондай-ақ әр рудан бір-бірден түменбасылар белгіленген. Олар тәңірқұттың ұлдары, інілері немесе жақын туысқандары болатын. Түменбасылар қағанға бағынған.

Ғұндарда лауазымдар мен жоғары шендер әкеден балаға мұраға қалдырылған.

Ғұндар соғыс тұтқындарынан және өздеріне тәуелді елдердің тұрғындарынан құл ұстаған. Құлды үй шаруасына, мал бағуда, жер өңдеуде, күнделікті тіршіліктің бар саласында пайдаланған.

Олар жылқы, қой, сиыр, өгіз өсірген. Халықтың бір бөлігі егін шаруашылығымен шұғылданып, тары, арпа еккен. Ғұндардың қалалары мен қоныстары болған. Оларда әскери іс жоғары деңгейде дамыған. Сансыз көп әскері қара, ақ, жирен, ала түсті өте мықты аттар мінген. Қылыш және қысқа семсермен қаруланып, садақты шебер атқан.

Ғұндар жыл сайын халық пен мал санағын жүргізіп отырған. Олардың өз жазулары, заңдары мен ұстанған салт-дәстүрлері болған. Ғұндарда зергерлік өнер қарқынмен дамыған. Ғұн зергерлері өз бұйымдарын, негізінен, алтыннан жасаған. Олардың алтыннан әшекей бұйым жасау шеберліктерінің шыңдалғаны сондай, қолдарынан шыққан кейбір бұйымдар бүгінгі шеберлердің ең таңдаулы туындыларымен бәсекеге түсе алады...» *(8-9-беттер).*

«Қазақстан тарихы» атты кітапта ғұндардың шаруашылығы туралы былай деп жазған: «...Ғұндар отырықшылық пен егіншілікті де білген. Деректемелерде «Солтүстік жерлерде суық ерте түседі, сондықтан тары себуге қолайсыз болса да, ғұндардың жерінде тары себіледі» деп жазылған (Сілтеме Н.Я.Бичуриннің «Собрание сведений» атты шығармасынан алынған)...Тары дәндері,

шойын түрендер, темір орақ, тас дәнүккіштер және астық сақтайтын ұралар шықты. Адам жерленген ағаш қималар да ғұндарда отырықшылық болғанын дәлелдейді.

Ғұндар өмірінде аң аулау маңызды рөл атқарды. Бұл жөнінде деректемелерде былай делінген: «...балалар қойға мініп, садақ тарта алады және құстар мен тышқандарды ата біледі; біраз өскен соң олар түлкілерді және тамақ етіп жейтін қояндарды атады...Олардың арасында орнаған ғұрып бойынша тыныштық кезде мал бағып, оған қоса құс пен аң аулайды, сөйтіп тіршілік етеді» (Сілтеме В.С.Таскиннен алынған).

Ғұндарда әскердің негізі тез орын ауыстыра алатын атты әскер болған. Салт атты жауынгердің қару-жарағы – садақ пен жебелер...» (*Қазақстан тарихы. 2000, 258-бет*).

Журналист Тасанби Токбергенов ғалым Шах-Мұрат Қуанғановтың «Арий гуны...Сквозь время и пространство» деп аталатын еңбегі туралы жазған «Таң шығыстан атады» деп аталатын танымдық мақаласында ежелгі ғұндар туралы: «Осыдан 30 мың жыл бұрын ғарыштық денелердің қозғалысының заңдылығын ашып, оны тасқа қашап, картаға түсірген біздің арғы аталарымыз дейді. Олар байлыққа қызықпаған, адамзатқа алғашқы мемлекеттік құрылымды ұсынған (Хун империясы, Шумер, Этруск, Никей), алғашқы руникалық жазуды сыйға тартқан, темір балқыту мәдениетін алғаш меңгерген (Ұлы Алтай мәдениеті), қос құрлықты тел емген «Еуразия» империясының шаңырағын көтерген. Алғашқы жазу бізден шықты дегенге шүбәңіз болмасын». Жазу-сызудың кемел бастауында біздің рулық таңбаларымыз тұрғанын, оның руникалық жазуға негіз болып қаланғанын ғалым нақты деректермен дәлелдейді. Сол сияқты осы еңбекте олимпиялық ойындарға да мұрындық болғанымыздың бір шеті түрілді. Археологтар Олимпиаданың алғашқы рәмізі төрт шеңберден тұрғанын алға тартуда. Бұл «төрт көзің түгел

болсын» дегенді білдіреді. Олимп деген сөзде «әлем» деген сөздің тұрғаны айдай анық.

«1571 жылы туған Кеплердің Жердің Күнді айналатынын ашқаны бірнеше ғасыр бойы еуропалық ой-сананың шыңы болып келсе, осы жаңалықты он бір ғасыр бұрын зерделеген Ариабхата «үнділік ойдың жауһары» саналды. Сөйтсек, шын мәнінде, жасампаздық ойдың төрі біздің бабаларымыздікі екен ғой, олардың осы құбылысты осыдан отыз мың жыл бұрын дендеп бойлағанын енді біліп отырмыз.

Жапон зерттеушілерінің мұхит жұтып ғайып болған көне өркениеттің ізін тапқаны жайлы жазылып жүр. Кітапты оқып отырып, бұл біздің бір кезде жоғалтқан тарихымыз болуы әбден мүмкін-ау деген ойға қаласың. Жоғарыда айтқанымыздай, бабаларымыз жаза да, оқи да білген. Бұған рулық, тайпалық таңбалар дәлел. Солардың негізінде жалпыға ортақ түрік тілі қалыптасты. Ол ұлан-ғайыр Күн империясының табанжұртының тіліне айналды, яғни, біздің байырғы бабаларымыз Пірім Атей оқушы емес, оқытушы болған.

Бүгіндері археологтар көне киелі қорымдардан сол кездері ел билеген адамдардың бұзылмаған мәйіттерін табуда. Олардың үстіндегі киімдер, алтын мен асыл тастар өркениеттің хабаршысы іспетті. Қытайға дейін де ата-бабаларымыз жібектің жабайы түрінен киім киген. Жүн мен мақтадан тоқылған киімдерді пайдаланған. Құлбадан табылған құмыра, Солоходан алынған алтын тарақ, т.б. жәдігерлердің де шертер сыры аз емес-ау?!» («*Таң шығыстан атады*». «*Егемен Қазақстан*» газеті, 26-қазан, 2013).

Ежелгі ғұндардан қазақ тайпалары Үйсіндер, Қаңлылар тарағаны белгілі. Ендеше тарихымызды түгендеп, ежелгі балаларымыз – сақтар мен ғұндардың тарихын, мәдениетін, әдебиетін, салт-дәстүрін келер ұрпаққа ұсыну – парызымыз.

Баянғали ҒАЛЫМЖАНҰЛЫ,
«Өрлеу» АҚФ Біліктілікті
арттыру ұлттық орталығы
Астана қаласы бойынша
педагог қызметкерлердің
біліктілігін арттыру институтындағы
деңгейлік бағдарламалар орталығының
тренері, филология магистрі.


ДАРЫНДЫЛЫҚТЫҢ ЖҰМБАҒЫ ШЕКСІЗ...

(Дарынды оқушыларды тану қақында)

«Дарындылық ұрпақ бойында демалады, бірақ оны дер кезінде оята білу керек» деген даналар сөзінде үлкен астар бар екенінде дау жоқ. «Дарынды Алла адамға сый етіп береді. Одан кейін ол ананың сүті, әкенің қаны, туған жердің қасиеті арқылы адамға дариды» деген де шындыққа жанасады. Ал «Дарын ұғымын қалай түсінесіз?» деген сауалнамадан мынаны көруге болады:

- *Білімді, зерек адамдарда болатын ерекше бір қабілет.*
- *Адамдардың барлығында болатын туа біткен қасиет.*
- *Адамның қоғамға ілесе дамуының арқасында пайда болатын қасиет.*
- *Ұрпақтан ұрпаққа беріліп отыратын қасиет.*
- *Фантастикалық құбылыс.*
- *Адамның ақыл-ой психологиялық еңбегінің кеңістіктегі нәтижелі жетістік әрекеті.*
- *Басқа ой.*

Дарындылықтың түрлері: зияткерлік; өнерлік; мәдени-физикалық; экстрасенсионарлық.



Зияткерлік дарын. Бұл — қоғамның дамуына тікелей әсерін тигізетін, адам мен әлеуметті теңдестіретін тек қана адамға тән қабілет.

Зияткерлік дарын — адамның біліктілік, шығармашылық ерекшелігіне еріктік бағытта әрекетке қарай дамитын қабілет. Бұл қабілет жоғары деңгейде өзін дамыта, ұйымдастыра алатын тұлғаларда ақыл-ойдың дербестігі, өзіне сенімділігі, табандылық сияқты қасиеттер арқылы дамиды. Өзін жетілдіру, өзін-өзі ұйымдастыру үшін қажетті аса маңызды қасиет – сол білім. Бұндай дарын иелері кімдер? Мәселен, Д.И.Менделеев мектепте химияны «3» деген бағаға оқығанын естеліктерден оқып, біліп жүрміз. Бірақ ол кейін өмірде химия ғылымының жаңалықтарын молынан ашты. Осы тұста «Оның дарындылығы қалай оянды, кім оятты, кім шын мәнінде түрткі жасай алды, табиғат па, адам ба, жаратушы ма, өзі ме?» деген сан сұрақтар алға шығатыны жасырын емес. Ал белгілі физик Альберт

Эйнштейн 4 жасқа дейін сөйлей алмағаны, тілінің өте баяу шыққаны, оны мектепте мұғалімі «ақыл-ойының тежелуі бар оқушы» деп есептегені белгілі. Осы тұста оның дарынды бала екенін тануда ұстаздар тарапынан қателіктер болғанын көруге болады, яғни, дарынды бала үнемі көзге көрініп тұрмайтындығын аңғарамыз. Одан кейін орыс әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі А.П.Чехов мектепте шығармадан көп жағдайда «2» деген баға алғанын, оның «3» деген бағаны анда-санда әрең алғанын да естеліктерден білеміз. Осы тұста да ойланатын, ойландыратын сұрақтардың көп екенін аңғарамыз. Дарындылықтың құпиялығында шек жоқ.

Өнерлік дарын. Өнер дегеніміз — адамдармен сырласудың құралы. Ол адамды асақ сезімге бөлеп, жан дүниесін нұрландыра, байыта түседі. Өнер дегеніміз — бір күдірет. Оның шырқау шыңына жетіп, өз қабілетін паш ету дарынды адамның қолынан келмек. Өнерлік дарын — қоғамдық сананың ең көне формаларының бірі. Бұл дарын да, сырт қарағанда, оңай көріне қоятын сипатта болады. Оның дарынның басқа типтерінен, мәселен, зияткерлік дарыннан айырмашылығы сол, зияткерлік дарын – сыртқы дүниенің теориялық бейнесі, яғни, олар теориялық ойлау болып табылса, өнер шындықтың көркем бейнесі болып табылады және көнеліктің көреген мұрасы. Бұл сала дарындарына қазақтың маңдайына біткен бірнеше әншілерін, өнер майталмандарын көптеп келтіруге болады. Солардың бірі де бірегейі Мақпал Жүнісова 10-сыныпта концерт қоюға барып, тарих пәнінің емтиханынан көшпей қалған. Сонымен қатар, мұғалімі «Сен әнші болсаң, мұрынымды кесіп беремін» дегені де сұхбаттарда айтылған болатын. Бұл тұста да «Шын дарынды шын мәнінде дәл танып жүрміз» деп айтуға болмайтынын ұғамыз. Әдебиеттің үлкен өкілдерінің бірі Дулат Исабеков бір сұхбатында «Өзіміздің мүшкіл

жағдайымызды ұмытып, көркем шығарма кейіпкерлерін аяп, үлкен сезімдер елесінде армандап жүріп ер жеттік» деуі де адамға үлкен ой салады. Осы ойынан кейін «Тағдыр да адамды дарынды жасауы мүмкін» деген ой келгенін айтқым келеді.

Айқын шеберлік дарын. Бұл да бір өнер сатысындағы дарын секілді, бірақ қол қимылын, икемділік іс-әрекетін аса көп қажет ететін шеберлік қасиетке толы дарын. Өз еңбегін орнықты да тұрақты құбылыста сәтті іске асыруға болатындығымен ерекшеленеді. Бұл да өнер сияқты өте ертеде шықты. Алғашқы адамдар кейінгі ұрпақтарға тас балталар мен сүйектен жасалған найзалар ғана қалдырған жоқ, сонымен қатар үңгірлердің қабырғаларына салынған түрлі суреттер, балшықтан, тастан жасалған мүсіндер де қалдырған. Ал бұл тарихи деректер өткен замандағы адамдардың шеберлікке бейімді болғандығын анықтайды. Былай қарағанда, айқын шеберлік өнер дарынымен егіз тәрізді. Бірақ өнерлік дарын ішкі психологиялық ойды физикалық-механикалық қозғалысқа ене отырып жүзеге асырса, шеберлік кеңістікте көбіне іс-қимыл мүшелерін пайдаға асыра отырып жетістігіне жетеді. Шебер адамдар қатарына зергер, ұста, мүсінші, суретші, қолөнерші, тігінші және т.б. шеберлік қасиеттер енеді. Бұл тұсқа қазақтың белгілі сымбатшысы (дизайнері) Берік Исмайловты мысалға алуға болады. Оның да қазақ психологиясына, менталитетіне сай жан қалауынан ортаның адастырғаны сұхбаттарынан белгілі, бірақ іштегі дарын оны өз қалауына қайта оралтты.

Мәдени-физикалық дарын. «Мәдени-физикалық» деп отырғанымыз – спортқа икемді жандарда болатын дарындық қасиет. Мәдени-физикалық дарын да басқа қасиеттер секілді тұқым қуалаушылық заңына бағынады. Мәселен, атақты спортшы Ардақ Назаров бір сұхбатында «Спорт менің арғы

атамда болған, мүмкін менің де спорттан алшақ болмауым қаннан болуы әбден мүмкін» дейді. Сонда спорттың өзі ұрпақтан ұрпаққа жалғасуы мүмкін екен. Мұндай мысалдарды, әрине, көптеп келтіруге болады. Бірақ біздің мақсат оларды насихаттап қою қана емес, осындай адамдар да оқушы болғандығын, «Оларды дер кезінде танып, дарынын ашуға көмектесе алдық па?» деген ой тастау ғана.

Тағы бір дарындылықтың түрі – **экстрасенсионарлық дарын**. Бұл – қоғам өмірінен мүлдем басқа, оғаш қасиет. Экстрасенсионарлық қасиеті бар адамдарға бақсы, сәуегей, сынықшы және т.б. жатады. Бұл дарындардың қатарына Бақыт Жұматованы мысал ретінде айтуға болады. Ол «3 жасымда ауылда өртеніп жатқан үйді көрдім, сол жалын отқа қарап тұрып мен басқа әлемді көрдім» дейді. 13 жасына дейін түсініксіз осындай жағдайлардың көп болғанын айта отырып, кейін «Мейрамханаларда ас ішіп отырған адамдардың тағдырын көре бастадым» дейді. Ал Бақыт Жұматованың әжесінің де құр адам болмағаны сұхбаттарда айтылып жүр. Бұл дарындылық қасиет те ұрпақтан ұрпаққа берілетіндігін байқап жүрміз. Ал оқушы бойында да осы қасиеттердің көрініс беруі мүмкін ғой. Бірақ дұрыс зерттеу жасай алып жүрміз бе екен?..

Тіршілікте жай адамдар дарындыларды жаралап жүруі мүмкін... Соның салдарынан қанша дарындылар өмірде адасты... Ойланарлық жайт!..

Балаларға «Дарынсыз» дей отырып, оның бүкіл психикасын мүгедек етуіміз мүмкін. Сондықтан әр педагог бала жанын зерттеуде абай болғаны абзал.

Енді «**ДАРЫНДЫ БАЛАНЫ ҚАЛАЙ ТАНИМЫЗ?**» деген сұраққа жауап іздеп көрелік.

Өзінің басқалардан ерекше екеніне күмәнданбайды (өздерін ерекше ұстауға тырысады), тіпті, өзінің кім

екендіктерін айтып та қояды.

Көзге қораш көрінуі де мүмкін, бір көрінгенде таңғалдырарлық ештеңе байқай алмайсыз.

Таңдауын айтуға ұялмайды және өз әрекеттерін түсіндіріп жатпайды.

Әдеттегі көпке ортақ талаптарды орындағысы келмейді немесе шыдамдылығы жетпейді (мысалы: кезекте тұру, т.б.).

Оның шығармашылығына қатты қысым жасай бастасаңыз жаңылыса бастайды.

Оны басқалар түсінбейді, «дәстүрлі өмір сүруді» қаламай тұрғандай көрінеді.

Өзінің басқаша мүмкіндіктері бар екендігін біледі, соған сенеді.

Егер оның қолына 3-4 жаста компьютер түссе, оны егде жастағылардан артық меңгеріп кетеді (мұндай ерте компьютерге деген құлшыныстың оянуы оларды адамдар арасындағы жақындықтан айыра бастайды).

Үлкендерден жиі көңіл бөлінбесе кейде олар ешкім түсінбестей өзгеріп, тіпті, тіл табысуға қабілетсіз де болып тұйықталып та қалады.

Тәртіп бұзғандығы үшін айыптаулар мен ескертулерге көңіл аудармайды.

Көңілінің қалауын айтудан ұялмайды.

Әр бала жан-жақты әрі қайталанбайды..

Ағылшын ғалымы К.Роджерс «Дайын тәжірибе арқылы ешкімді өзгертуге болмайды, тек ғана адамды дамытуға әсер ететін атмосфера жасау қажет» дейді. Бұл философиялық ойдың да астарында талай құпияның жатқаны байқалады. Не десек те, адам ретінде де, педагог ретінде де «Жанам деген жүрекке от берейік» дегім келеді.

Мөлдір ЗАХАРОВА,
Б.Аралбаев атындағы
№52 мектептің мұғалімі.
Қызылорда облысы,
Жаңақорған ауданы,
«Сүттіқұдық» ауылы.

КЕМБРИДЖ УНИВЕРСИТЕТІ ТӘСІЛДЕРІН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

«Ұстаздың биігі, ойлана қарасаң, биіктей береді, үңіле қарасаң, тереңдей береді; қол созсаң – қарсы алдыңда, айналсаң – артыңда тұрғандай» деп Сократ айтқандай, егеменді еліміздің алдыңғы қатарлы отыз мемлекеттің қатарына қосылуға табандылықпен жылжу саясаты қоғамымыздың барлық саласында түбегейлі өзгерістер енгізіп, жаңа талаптар қойылуда. Соның ішінде болашақ ұрпаққа әлемдік деңгейде білім беру мақсатына орай білім мазмұнына жаңаша қарау – басты міндеттердің бірі. Қазіргі кезде білім берудің жаңа жүйесінің жасалынуы, білім мазмұны мен әдіс-тәсілдерінің жаңаруы бәсекелестікке қабілеті мол, шығармашылық бағытта еңбектенетін, ой қабілетімен ерекшеленетін азаматты тәрбиелеуді көздейді. Сапалы білім ел болашағын айқындайтын басты көрсеткіш болып табылады. Бүгін мектеп партасында отырған бүлдіршіндер – ертең ел тағдырын шешетін азаматтар. Олардың сапалы білім алуын бүгін қамтамасыз ету – мұғалімнің басты міндеті.

«Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, білім, ар, мінез деген қасиеттерімен озады» деп Абай айтқан озық ойлы, білімдар адамдар заманның, қоғамның дамуына, өзгеруіне үлесін қосып келеді. Осындай қоғамдық -әлеуметтік, мәдени өзгерістер, дамулар мектептің оқыту үдерісіне әсер ететіні сөзсіз. Кез келген оқыту белгілі мөлшерде адамды дамытады. Оқитын пән қаншалықты жаңа, бағалы, мұғалімнің шеберлігі қандай жоғары болсын, мұғалім мен оқушының өз белсенділігін туғыза алмаса, берген білім күткен нәтиже бермейді. Оқушының адам ретінде қалыптасуы белсенділік арқылы жүзеге асады. Жаңа технологияның басты мақсаттарының бірі – баланың оқыта отырып ой еркіндігін, белсенділігін, ізденімпаздығын қалыптастыру, өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыру.

«Білім берудегі Кембридж тәсілдерінің теориялық негіздері» осы жоғарыда айтылған ұстанымды ұстайды, яғни, мұндағы бала – өзі ізденуші, бір-біріне үйретуші, ал мұғалім – бағыт беруші, нұсқаушы. Бұл тәсілдің басқа технологиялардан ерекшелігі: жеті модуль арқылы іске асады.

Әйгілі зерттеуші Л.С.Выготский «Дәстүрлі оқыту бала дамуына тек қондырғы болып, дамуға стихиялы әсер етсе, яғни, дамудың соңында жүрсе, жаңаша оқыту дамытуды өзімен бірге ала жүреді» деген болатын. Сондықтан тек дәстүрлі оқытумен шектеліп қалмай, мұғалім әрқашан ізденісте болып, өзіне және шәкірттеріне тиімді жақтарын қарастырып отыруы тиіс.

«Сабақ – оқытушының педагогикалық мәдениетінің айнасы» деп А.Сухомлинский айтқандай, осы жеті модульдің ішінде өзімнің пәніме тиімдісі, жарыққа шығарары, баланың қызығушылығын оятары, білімін жетілдірері қайсы екеніне

көп ойланғаным рас. Саралай келе әр сабақта бір немесе бірнеше модульді бірден қолдануға болатынын анықтадым. Бұл қолданыстан ұтылғанымнан ұтқаным көп болды.

Әр мұғалім – өз сабағының көшбасшысы. Көшті қалай бастап алып жүрем десе де өз еркі. Ал көшті дұрыс бағыттай білу – оның шеберлігіне байланысты.

Бағдарлама үш деңгейден тұрады. Оқыту мен үйретудің тәсілі мынау болып табылады:

1. Қызығушылығын ояту – жаңа сабақты түсіндіру кезіндегі үйрену үдерісі. Бұл бұрынғы білетін білім мен жаңа білімді ұштастырудан тұрады.

Білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдер арқылы оқытуда оқушылар бұрынғыдай тек тыңдап және көшіріп қана қоймай, белсенді әрекеттер атқарады. Ол белсенді әрекеттерге ойлау, оқу, сөйлеу, талқылау, жазу, пікірлесу, пікірталас жатады.

Білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдер арқылы оқытуда білім дайын күйінде берілмейді, ол тек белсенді әрекеттер арқылы ғана игеріледі, оқушылар өзара қоян-қолтық қарым-қатынаста болып, онымен бірлесе әрекет жасауға, диалог құруға тиіс. Өзімізге сыни тұрғыдан қарауымыз керек. Сабақта оқушылардың тақырып бойынша өз ойларын білдіруі, пікір алмасуы диалогпен жүзеге асты. Топтық әдісті қолданғанда оқушылардың бір-бірімен ақылдасуы, оны топтан біреуінің шығып айтуы, ал болжау әдісін қолданғанда оқушылардың мәтінде не туралы жазылуы мүмкін екендігі туралы өз ойларын да диалог арқылы көрсете білді.

2. Мағынаны тану – жаңа сабақты бекіту үдерісі. Бұл кезеңде оқушы жаңа ақпаратпен танысады, тақырып бойынша жұмыс атқарады, тапсырмалар орындайды. Сонымен қатар олар идеяны жеткізіп қана қоймай, шешім

табу үшін топқа сұрақ қояды және басқаларды сұраққа тартады. Әр топтан бір оқушы шығып, ұжым алдында мәтін мазмұнын қысқаша баяндап береді.

3. Ой-толғаныс – сабақты қорытындылау кезеңі. Осы кезеңде үйренуші не үйренгенін саралап, салмақтап, оны қандай жағдайда қалай қолдану керектігін ұғынады. Мысалы, бұл жерде балалар эссе жазады. Өз ойларын қағаз бетіне түсіріп, түйгендерін анықтайды. Бұл модульдің нәтижесі көп. Атап айтар болсам: ой-пікірін ашық, еркін айту, бір-бірінің сабақ барысында қателіктерін айту, жақсы қасиеттерін үйрену, сабақ-білім естерінде көп уақытқа сақталады, сабақ барысында өзі талдайды, бір-біріне талап, өтініш, тілектерін білдіре алады.

Бұл модульдің тағы бір ерекшелігі оқушыларды топтап оқытуы болып тұр. Топтап оқытудың пайдасы туралы Әбуғали ибн Сина (Авиценна 980-1037) былай деген болатын: «Егер бала жалғыз оқып, сыныптастары жоқ болса, бұл оқытушы мен үйретушіге ортақ қынжылыс болмақ. Сондықтан ең жақсысы – балалар оқу-тәрбие үрдісінде үлгілі мінезге бір-бірінен үйренетін ұжымдық оқытуды ұйымдастыру».

Балаларды ұжымдық оқытудың төмендегідей пайдасы бар:

1. Оқушылар оқу және тәрбие үрдісінде ғылымға сусап тұрады. Өз білімдерін мақтан тұтып, досының білімін қызғанады. Намыс пен мақтаныш тәрбиеленушіні өзгелерден кейін қалмауға міндеттейді.

2. Оқушылар кездескенде үнемі сөйлеседі, сонымен естерін және шешендігін дамытады. Егер балалардың біреуі жақсы сөз естісе және оны құрбыларына айтса, онда балалардың естері дамиды және өзін-өзі оқыту жүреді.

3. Ұжымдық оқытудың келесі қоғамдық пайдасы: оқушылар өзара достасады, бірін-бірі сыйлауға үйренеді, өзара дауласады, жарысады және құқықтар мен міндеттер туралы пікір айтысады.

Топқа бөліп оқытқанда оқушылардың талпынысы артады, әр оқушы өзін жеке керекті тұлға ретінде сезінеді және өз үлесін қосуға талаптанады. Бір адамның айтқанынан гөрі бірнеше адамның айтқаны есінде тез жатталады.

Модульдің тағы бір сатысы – «Талантты және дарынды балаларды оқыту».

Рас, ізденуші мұғалім бала бойындағы туа біткен түрлі қасиеттерді дәл байқап, оның сапалық ерекшеліктеріне баға беріп, әрі қарай өз бетінше дамыта түсуіне жағдай туғызуы керек, көмектесуі қажет. Бұл үшін ұстаздың өзі де өзгеруі, яғни, дәстүрлі оқытудың таптаурын сүрлеуінен арылуы тиіс. Осылайша оқытудың жаңа мазмұнын жасауға бетбұрысты әрбір мұғалім өзінен бастағаны жөн. Мұғалім шәкіртке білім, білік, дағды беріп қана қоймай, ақыл-ойы мен қабілетінің дамуына көңіл бөліп, «оқи алуға үйретуі керек». Дарынды және талантты балаларды оқытуда мына қағидаларды есте ұстаған дұрыс:

Баланың бойындағы құмарлығын, қызығушылығын жойып алмай, оның үнемі алға жылжуға деген табиғи талап-тілектерін, сұраныс пен мұқтаждарын ескеру, шығармашылығын жетілдіру;

Білімді өз бетінше іздену арқылы алуға қолайлы жағдай жасау;

Өзін-өзі дамытатын тұлға қалыптастыру.

Осы қағидаларды ұштастыратын болсақ қана оқушы өзінің дарынды екенін сезінеді. Бойындағы «мені» оянады. Басқалардан артық тапсырма алу оларды шабыттандыра

түседі, бірақ әрдайым мұғалім баланы қанаттандыру үшін, өзіне сенімін молайту үшін бірге ізденісте болуы шарт. Түрлі жарыстарға қатыстырып, мақтау сөздер айтып ізденуде тоқтап қалмауға баулу керек. Ал мен бұл балалармен жеке жұмыс жоспары бойынша жұмыс істеген жөн деп таптым. Алға ұмтылған баланы артқа тартпай, сабақ үстінде басқа тапсырмалар беріп, бала білімін шыңдаған дұрыс. Қосымша ақпаратты жинауды осындай дарынды оқушыларға берсе, олардың да, өзгенің де жиғаны көп болмақ.

«Нашар мұғалім ақиқатты өзі айтып береді, ал жақсы мұғалім оқушының өзін ізденуге жетелейді» деп неміс педагогі А.Дистерверг айтып өткендей, бүгінгі мұғалімдер жақсы мұғалім атану үшін түрлі әдістерді пайдалану арқылы бала білімін ұштауда. Мұғалім оқытуға кіріспес бұрын оқушылардың мінездерін зерттеп, білімдерін тексеруі тиіс. Мұғалім әр баланың білім дәрежесі қаншалықты екенін саралап алғаннан кейін оның алға жылжуына ықпал етуге міндетті.

«Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиялармен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» деп Елбасымыз өз жолдауында айтып қана қоймай, әр мектепті түрлі ақпараттық технологиялармен қамтамасыз етуде. Ақпараттық технологиялардың білім берудегі пайдасы мыналар болып табылады: *алыстағы ақпарат көздерін пайдалану; түрлі жүйелерге ену арқылы өз бетімен іздену; сұраныс бойынша ақпарат алу; интернет тарапында берілген тапсырмалар мен жаттығуларды орындау; ақпаратты кез-келген арақашықтықта тез арада жеткізу; өзі оқып отырған тілде электронды пошта арқылы хат алмасу; ақпараттың қажетті түпнұсқасына қосылу.*

Білім алу кезінде бағаның орыны ерекше. Бір сабақ үстінде

бірнеше оқушыны бағалау мұғалім шеберлігіне байланысты. Баға алуда оқушылар алға талаптанады, ізденеді. Кейбір оқушы білім үшін емес, баға алу үшін оқиды. Сондықтан бағаны дұрыс қою және оның нақты болуын алға қою – әр мұғалімнің есепке алар міндеті. Сабақ үстінде бірнеше бағалау әдістерін қолдануға болады. Суммативті баға мен формативті бағаны қою әрбір сабақтың негізгі сатысы болуы шарт.

Білім берудің мазмұнына енгізіліп жатқан өзгерістер мен жаңалықтардың барлығы да ғылым негіздері бойынша білімді меңгертумен қатар оқытуды дараландыруға жағдай жасау арқылы оқушылардың жеке және жас ерекшеліктерін ескере отырып қажеттіліктері мен қызығуларына сай білім беруге бағыттталып отыр. Сабақ беруде мұғалім оқушылардың жас ерекшелігін негізге алуы керек. Тапсырмаларды да меңгере алатындай, сұрақтарға дұрыс жауап іздей алатындай етіп қою керек. Сол кезде сабақ күтілген нәтижеге қол жеткізеді.

Сабақ барысында мынадай талаптар басшылыққа алынуы қажет: 1) *мұғалім оқыту кезінде билік жүргізу әдісінен арылуы керек;* 2) *оқыту үрдісі кезінде сабақтағы басты тұлға білім беретін мұғалім емес, осы білімді қызыға қабылдауға дайын оқушы болуы тиіс;* 3) *балалардың оқуға деген ынтасын күшейту керек;* 4) *өз дербестігін, белсенділігін дамыту қажет;* 5) *оқу, дамыту жұмысын ұтымды жүргізу үшін баланың табиғи талабын, қасиетін дер кезінде айқындау керек.*

Осы қағидалар негізінде сабақты жаңа технология әдістерін қолдану арқылы жүргізу оқушының өзін-өзі дамытуына, өз біліміндегі олқылықтарды өзі тауып, өз сұрағына өзі жауап іздеп, жан-жақты білім алуына көмектеседі.

Роза НҮРМАҒАМБЕТОВА,
Ақтөбе облысының
Мұғалжар ауданындағы
Қандыағаш қалалық
№2 орта мектебінің мұғалімі.

ЕТІС, ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ

(6-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – оқушыларға, етістіктен өткенді пысықтай отырып, етістіктің жасалу жолдарын меңгерту; **дамытушылық** – етіс түрлеріне тоқталу, жасалу жолдарын көрсетіп, айырмашылықтарын айқындау; **тәрбиелік** – оқушы қабілетін арттыру, жаңа технологияны қолданып білімдерін көтеру, мысалдар арқылы адамгершілік және эстетикалық тәрбие беру.

Әдісі: деңгейіне қарай дамыта оқыту, жаңа білімді меңгерту, сұрақ-жауап, «Семантикалық карта».


Көрнекілігі: интерактивті тақта, компьютер, оқулық.

Сабақтың барысы.

Ұйымдастыру.

Етістіктің өзіне тән қасиет белгілерін, жасалу жолдарын сызба арқылы тексереміз.

I тапсырма. Топтастыру.



II тапсырма. «Адамгершілік – асыл қасиет» тақырыбына етістікті қатыстырып ойтолғау жазып келу тапсырылған болатын .

Оқушылар берілген тапсырманы талдап, қалған оқушылар өз пікірлерін ортаға салады. Оқушылар жауабы бағаланады.

Жаңа сабақ. Етіс, оның түрлері.

Етістіктен таралып бата алғансың,

Жасықтан емессің сен, қаталдансың!

Іс-әрекетті тәртіпке келтіретін,

Етіс, оның түрлері деп аталғансың! Бүгінгі сабағымыз:

Етіс, оның түрлері. Бүгінгі жаңа сабақта нені білуіміз керек?


1. Етістің ережесі.
2. Етістің түрлері, жасалу жолдары.
3. Деңгейлік тапсырмалар.

1-слайд. Қимылдар, іс-әрекетті және әрекет пен оны жүзеге асырушы арасындағы қатынасты білдіретін етістік


түрін етіс деп атаймыз.


Мысалы: Ол жуынды. Әңгіме айтылды. Олар бір-бірімен хат жазысты.

2-слайд. Етістер іс істеуші мен іс-әрекеттің арасындағы қатынасты білдіретін етістіктің бір түрі екен. Ол төрт түрге бөлінеді: өздік етіс, өзгелік етіс, ортақ етіс, ырықсыз етіс. Жалпылама етістерге тоқталамыз.


Өздік етіс (орындаушы өзі)	Суретпен жұмыс
Қимыл, әрекетті жүзеге асырушыны тікелей, нақты көрсететін етіс түрін өздік етіс деп атаймыз. « <i>Не істеді? Не қылды?</i> » деген сұрақтарға жауап береді. Мысалы: <i>Жанат жуынды, таранды, киінді.</i> Сонымен өздік етіс -ын, -ін, -н жұрнақтары жалғану арқылы жасалады.	

3-слайд.

Өзгелік етіс (орындаушы өзге біреу)	Суретпен жұмыс
Іс-әрекеттің екінші біреу арқылы істелгенін немесе біреуге орындатқанын білдіретін етістің түрін өзгелік етіс деп атаймыз. « <i>Не істетті? Не қылғызды?</i> » деген сұрақтарға жауап береді. Мысалы: <i>Олар Әсияға кітап оқытты, мазмұнын айтқызды.</i> Өзгелік етіс - -т, -тыр, -тір, -дыр, -дір, -кыз, -кіз, -ыр, -ір жұрнақтары жалғану арқылы жасалады.	

Ырықсыз етіс (орындаушы белгісіз)	Суретпен жұмыс
<p>Іс-әрекеттің атқарушысы, қимыл иесі арнайы айтылмай, өздігінен істелетіндігі көрініп тұратын етістікті ырықсыз етіс деп атаймыз. «<i>Не қылды?</i>» деген сұраққа жауап береді. Мысалы: <i>Мәдениет үйіне орындық қойылды, шам жағылды.</i></p>	
<p>Ырықсыз етіс тек сабақты етістіктен жасалады және өзі жалғанған сабақты етістікті салт етістікке айналдырады. Ырықсыз етіс -ыл, -іл, -л, -ын, -ін, -н жұрнақтары жалғану арқылы жасалады. Мысалы: сөз айтылды, уәде берілді, үй тазаланды.</p>	

4-слайд.

Ортақ етіс (орындаушы көп)	Суретпен жұмыс
<p>Қимылды орындаушы көп, бір адам емес, бірнеше адам ортақтасып істелгенін білдіретін етістікті ортақ етіс дейміз. «<i>Не қылысты?</i>» деген сұраққа жауап береді. Мысалы: <i>Оқушылар алма терісті.</i></p>	

Ырықсыз етіс пен өздік етіс жұрнақтары сабақты етістікке жалғанып, оны салт етістікке айналдырады. Мысалы: *әңгімені айтты – әңгіме айтылды.*

Өзгелік етіс жұрнағы салт етістікке жалғанса, салт етістікті сабақты етістікке айналдырады. Мысалы: *шам*

сөнді – шамды сөндірді, хат жеткізілді – хатты жеткізді.

Ал ортақ етіс жұрнағында ондай қызмет жоқ. Етіс жұрнақтары кейде бірінің үстіне бірі қабаттасып жалғана береді. Мысалы: жүр-гіз-дір-іл-ді, айт-ыс-тыр-ды. Ортақ етіс -ыс, -іс, -с жұрнақтары арқылы жасалады.

Оқулықпен жұмыс. 238-жаттығу (ауызша).

241-жаттығу. Берілген сөздерден қажетті жұрнақ арқылы өзгелік етіс, ырықсыз етіс, ортақ етіс жасап жазындар.

Ойлан –	Айт –	Сөйле –
Оқы –	Бер –	Айт –
Жуын –	Жаса –	Ал –
Көбей –	Аш –	Апар –

Өз бетімен жұмыс (деңгейлік тапсырманы орындау).

I деңгей. Етісті тауып түрлерін ажырат.

1. Ханшайымға жібек көйлек кигізді. 2. Омар мен Оспан хат жазысты. 3. Оқушылар ерте тұрып жуынды, таранды.

«Көйлек» сөзіне фонетикалық талдау жаса.

II деңгей. Етістікті тап, түріне ажырат, сөйлем мүшесіне талда.

1. Абайға үйдегі адамдар бұрылып қарасты. 2. Әлия көйлектің етегін сөгісті. 3. Апам үйді тазалатқызды.

III деңгей. «Менің отбасым» тақырыбына етісті қатыстырып шағын шығарма жаз.

Семантикалық карта

№	Етістің түрлері. Сөз тіркесі	Сабақты	Салт	Өздік	Өзгелік	Ырықсыз	Ортақ
1	Жыр айтқыз						
2	Шөп шабылды						
3	Марат киінді						
4	Ауылға қайт						
5	Хат жазысты						

Жаңа сабақтан түсінгендерін тексеру.

1. Етіс нені білдіреді? 2. Қай етіс түрі іс-қимылдың өздігінен орындалғанын білдіреді? 3. Өзгелік етістің жұрнағы қандай? 4. Ортақ етіске мысал келтір. 5. Өзгелік етіс нені білдіреді? 6. «Сөйлеп тұр», «жүріп келе жатыр» сөздері құрамына қарай қандай етістік? 7. Етістің неше түрі бар? 8. Етістік мағынасына қарай нешеге бөлінеді? 9. Болымды етістік дегеніміз не? 10. Болымсыз етістіктің жұрнақтарын ата.

Бүгінгі сабағымды «Біле бер қанша білсең, тағы тіле, Жетерсің мақсатыңа біле-біле» деген Жүсіп Баласағұн сөзімен аяқтаймын.

Үйге тапсырма. Етіс, оның түрлерін оқу. 240, 243-жаттығу. Озық оқушыларға: «Етістің төрт баласы» атты шағын ертегі жазып келу.

Бағалау.



Әсіма ҚАЙЫРҒАЛИЕВА,
Бауыржан Бегалиев атындағы
орта мектептің мұғалімі.
Атырау облысы,
Құрманғазы ауданы,
Ганюшкино ауылы.

СИНОНИМДЕР

(5-сынып)

Сабақтың мақсаты: 1) сөздердің мағыналық топтарынан түсінік беру, мағынасы бір-біріне жуық сөздер туралы біліктілігін, іскерлігін қалыптастыру; 2) сөздердің

мағынасына қарай талдау, ажырата білу, сөзді дұрыс қолдану дағдыларын дамыту; 3) жаттығулар арқылы адамгершілікке, еңбекке, ақыл-ой тәрбиесіне көңіл бөлу. **Түрі:** жаңа ұғымды меңгерту. **Әдісі:** түсіндіру, сұрақ қою, талдау, деңгейлік тапсырмалар. **Көрнекілігі:** сызбалар, кестелер, интерактивті тақта, жеке тапсырмасы бар парақшалар. **Пәнаралық байланыс:** әдебиет.

Сабақтың барысы.

Ұйымдастыру.

Үй тапсырмасын тексеру. Өткен сабақ бойынша тапсырмалары тексеріледі. Омоним сөздер жөнінде түсініктерін тексеру үшін берілген тапсырмалар тексеріліп бағаланады. 68-жаттығу бойынша берілген тапсырмалар, яғни, міндетті деңгей мен мүмкіндік деңгейдегі тапсырмалар тексеріледі:

1. Мәтінді түсініп оқу және ат қою;

2. *Күрес, жең, шағын, қол* сөздері омоним болатындай етіп сөз тіркесін құру;

3. Мәтінде адам бойындағы қандай қасиет сөз болады?

Жаңа сабақ.

Тақтада **ас, тамақ, дәм, тағам** деген сөздер жазылған.

Мұғалім «Мына сөздердің дыбысталуы бірдей ме? Мына сөздердің дыбысталуында айырмашылық бар ма?» деген сұрақтар арқылы ой қозғауы керек.

Ал мағыналық ерекшелігіне көңіл бөліп қарайықшы. Мынадай сөйлем құрайық. *Айгүл қонақтарға дәмді етіп ас дайындады.* Осы сөйлемде *ас* сөзінің орынына «*тамақ*», «*дәм*», «*тағам*» дегендерді қойып, оқып қарайық. Бұдан сөйлем мағынасы өзгерді ме? ...Бұл сөздер бір-бірін алмастырып қолданыла береді. Мағыналары ұқсас болғандықтан бір ұғым білдіріп тұр. Дыбысталуы әр түрлі болса да мағыналары жуық, мәндес сөздер болып табылады.

Қазақ тілі синонимге бай. Синонимдік қатарлар әр сөз табының құрамында кездеседі.

Зат есімнен болған синонимдер: *өң, түр, түс, келбет, пішін, ажар, көрік, әлпет, кескін, рең, дидар, шырай.*

Сын есімнен болған синонимдер: *салмақты, сабырлы, байыпты, ұстамды.*

Етістіктен болған синонимдер: *амандасу, сәлемдесу, есендесу.*


Үстеуден болған синонимдер: *шапшаң, тез, жылдам.*

1. Зат есім 2. Сын есім 3. Етістік 4. Үстеу
Кім? Қандай? Не істеу керек? Қалай?

Осы кестеге қарап синонимдерді тиісті жерге орналастыра отырып, жаңа сабақтан жаңа ұғым беріледі. Енді осы айтылған мысал бойынша синоним сөздердің ережесі шығарылады. Мұғалім көмегі арқылы оқушылар өздері ереже қорытуға тырысады.

«Синоним сөздер – мағыналары жақын, бірақ әр түрлі дыбысталатын сөздер» деген тоқтамға келгеннен кейін мысалдармен жаттығады. Ауызша *сұлу, батыр, ар, ана* деген сөздерге мағыналас сөздерді ауызша айтқызу жұмысы жүргізіледі .

Синонимдік қатар туралы сөз болғанда олардың кейде бәрі бірдей бірінің орынына бірі жұмсала бермейтінін түсіндіреміз.



Тапсырмалар:

1-тапсырма.

I деңгей. Интерактивті тақтада берілген сөздерді бірнеше топқа бөліп жазу. *Сәби, нәресте, арлы, намысқой,*

қатал, қатыгез, таңдану, тамсану, қайран қалу.

2-тапсырма.

II деңгей. 72-жаттығу.

1. Мәтіннен синонимдерді тауып, астын сызу

2. Синонимдердің қай сөз табынан екенін тауып, сұрағын жазу.

III деңгей. Синоним сөздерін басқа сөздермен байланыстыру, олардың қанша сөзбен тіркесе алатынын анықтап жазу

Қушті, бағалы, құнды, қымбат, семіру, жуандау, толу, шелдену, майлану, тойыну, қоңдану, халық, жұрт, көпшілік.

IV деңгей. «Кім болам?» тақырыбына шағын шығарма жазу. Шығармада синоним сөздерін қолдану тапсырылады.

Қорыту. Қазақ тілінің синонимдер сөздігін пайдаланып, синоним сыңарларын тауып жазу, синонимдік қатарлармен толықтыру.

1-қатар «*бала*» сөзі, 2-қатар «*шыдам*» сөзі, 3-қатар «*құтқару*» сөзі.

Суретпен жұмыс. Суретке қарап кім, не екенін тауып, соған синонимдік қатар құру. Мысалы: суретте қой бағып жүрген адамның суреті берілген, т. б.

Үйге тапсырма беру. Синоним сөздерге мысал ойлап, сөйлем құру. Ережені оқып есте сақтау.

Бағалау.

Сабақ нәтижесі. Бұл сабақта оқушы синоним сөздерін түсініп талдады. Жаңа технологияны пайдалану синоним сөздерін шығармашылық ізденіс үстінде меңгерулеріне септігін тигізді.

Бұл сабақтарымда оқушылар синоним сөздерді жақсы меңгергендерін жақсы бағаларымен, нәтижелерімен танытты.

Мен 2004-2010 оқу жылдарында қазақ тілінен тереңдетілген сыныпқа дәріс бердім. Тереңдеткен сыныпта түрлі тақырыпта сыныптан тыс шаралар, қосымша факультатив сабақтары да қоса жүргізілді. 6-сыныпта қазақ тілінен факультатив сабағы өткізілді. Сыныбымда бұл сабақ «Мақал-мәтелдерді оқыту» айдарымен жүргізілді. Бұл сабақта оқушы өз жазған жұмыстарын қорғады. Жоспарда оқушылардың тіл байлығын дамыту үшін синоним, омоним, антоним тақырыптарына орай «Тіл – өнер» атты жарыс өткізілді. Жарыста оқушылар үздік шығармаларын қорғап, ең үздігі журналға, газетке жариялауға ұсынылды. Бұл жарыста көптеген шәкірттеріміздің шығармалары «өте жақсы» деп бағаланды.

Саматтың дәптерінен.

Менің әжем

Жаз мезгілі болатын. Әжем екеуміз, күн ұясынан көтерілмей тұрып, малды өріске жібердік. Ертемен тұрып шынығуды ағамнан үйренгенмін. Әжеме еркелеп өскенмін. Мені әжем жақсы көреді. «Шолжаң, ерке болса да, түбі бәрінен озады» деп әжем мақтап та қояды. Ер жетіп, ересек болғанда мен әжемнің айтқанын естен шығармауға уәде берем.

«Ең үздік» – Гүлназдың шығармасы.

Менің мақтанышым

Менің әжем бар. Мен әжемді жақсы көремін. Қатты ауырып, науқастанып қалғанда аяғын уқаладым. Әжем маз болып, қуанып қалды. Әжем кітап оқығанды ұнатады. «Оқи бер, оқысаң мұратыңа жетесің, қарағым» деп ақыл айтады. Әжем тез жазылса екен. Әжемнен естіген мақал-мәтелдерді үнемі күнделігіме жазып жүремін.

Асыл әжем керексің,

Мен үшін сен ерексің.

Саялайтын бағыңды

Үлкен бәйтерексің.

Осылай деп шығармамды аяқтағым келеді.

Мені оқушыларымның шығармасында мағыналары жуық синоним сөздерді таңдап, талғап, үйлестіріп қолдануы ерекше қуантты.

Оқушының тілін дамытып, сөздік қорын молайту мақсатында мақал-мәтелдерді жиі қолданып, олардың ішінен синоним болатын сөзді табу тапсырмаларын жиі орындаттым. Оқушыларға шығармашылық тапсырма берілді. Төмендегідей кесте бойынша жұмыс жүргіздім.

Оқушы дәптерінен.

	Ойлаған мақал-мәтелім	Тақырыбы	Синоним бола алатын сөзді табуым
1.	Ашуға ақылды жеңгіз.	Адамгершілік	Ашу (реніш)
2.	Өлімнен ұят күшті.	Ізгілік, адамгершілік	Ар (ұят)
3.	Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей.	Еңбек	Ерінбеу (жалқауланбау)
4.	Жақсы адамға жау жоқ.	Адамның қасиеттері	Жау (дұшпан)

Самалдың дәптерінен.

	Ойлаған мақал-мәтелім	Мақалдың тақырыбы	Оның ішінде синоним бола алатын сөз
1.	Еліңді сүйсең ерлік істе.	Ерлік, батырлық туралы.	Ерлік, батырлық, жауынгерлік, қаһармандық.
2.	Ақылы көпті дау алмайды.	Ақылдылық.	Дау, керіс, жанжал, талас.

3.	Бала – адамның бауыр еті.	Бала тәрбиесі.	Бала, перзент, нәресте, сәби.
----	---------------------------	----------------	-------------------------------

Осындай жұмыстар оқушының өзіндік қорытынды жасауын, әр нәрсеге көзқарасын, тіл байлығын, ойлау өрісін қалыптастырады, байқағыштыққа, зеректілікке үйретеді.



Алтынай СӨРСЕНҒАЛИЕВА,
Қадыр Мырзалиев атындағы
орта мектептің мұғалімі.
Батыс Қазақстан облысы,
Сырым ауданы.

ҚОС НҮКТЕ

Сабақтың мақсаты: білімділік – оқушылардың қос нүктенің қойылу орындарын жетік меңгеріп, өз ойын сауатты жазып жеткізуіне ықпал ету; **дамытушылық** – қарапайым, өміршең мысалдар арқылы білім негіздерін жүйелі, нақты қабылдауға мүмкіндік туғызу; **тәрбиелік** – оқушының мәдениеттілік үлгілеріне мән беріп, жазба тіл мәдениетін меңгеруіне бағдар беру. **Әдіс-тәсілі:** әңгімелесу-сұхбат, ой тастау, шығармашылық ізденіс тапсырмаларымен жұмыс, СТО стратегиялары. **Түрі:** аралас сабақ.

Жұмыс формасы: ұжымдық, топтық, жекелей.
Көрнекілігі: сызба-кестелер, интерактивті тақта.

Сабақтың барысы.

Ұйымдастыру.

1. Оқушылардың сабаққа дайындығын, қатысын тексеру.
2. Сабақ ұранын таңдау.

Бар жақсылықтың басы – тіл.

3. Сабақ мақсатымен таныстыру.

Үй тапсырмасы. Тест тапсырмалары.

1. Сөйлем ішіне қойылатын тыныс белгілерін көрсетіндер:

А) Қос нүкте, үтір, жақша, нүктелі үтір, тырнақша;

Ә) Сұрау белгісі, үтір, сызықша, жақша, тырнақша;

Б) Қос нүкте, үтір, нүкте, жақша, тырнақша.

2. Жалғаулықтары түсіріліп айтылған қарсылықты салалас құрмалас сөйлемнің арасына қойылатын тыныс белгілері:

А) Қос нүкте, үтір;

Ә) Сызықша және жақша;

Б) Үтір мен сызықша.

3. Сызықшаның қойылу себебін белгілеңдер:

Жастар – біздің болашағымыз.

А) Бастауыш – есімдік, баяндауыш – сын есім;

Ә) Бастауыш та, баяндауыш та – сан есім;

Б) Бастауыш та, баяндауыш та – зат есім.

4. Көп нүктенің қойылатын жерін көрсетіндер.

А) Қысқартылған сөзден кейін;

Ә) Ой санамалап айтылса;

Б) Оқиға толық аяқталмай тоқталса.

5. Қыстырма сөзге қандай тыныс белгісі тән, табындар.

Менің ойымша бағытымыз дұрыс.

А) Үтір;

Ә) Сызықша;

Б) Жақша.

Жаңа сабақ. Кестені пайдаланып түсіндіремін.

Жалпы-лауыш сөздерден кейін, бірыңғай мүшелердің алдынан қойылады.	Түсіндірмелі салаластың (бірінші жай сөйлемнің мазмұны екіншісінде анықталып, ашылып берілсе) жай сөйлемдер арасына қойылады.	Жалғаулықсыз себеп-салдар мәнді сөйлемнен кейін қойылады.	Автор сөзі төл сөзден бұрын келсе, автор сөзінен кейін қойылады.
<i>Үйдегілердің бәрі: апам, Айна, інім, қонақтар да далаға жүгіріп шықты.</i>	<i>Үй артындағылар үшеу екен: інім, көршінің баласы және мен білмейтін бейтаныс бала.</i>	<i>Оны да түсіну керек: қолындағы бары осы ғана.</i>	<i>Ол ойланып барып былай деді: “Биыл асығыстау емес пе? Келесі жылы барайық”.</i>

Жаңа сабақты түсінгенін тексеру кезеңі.

184-жаттығу. Даналар сөзіндегі қос нүктенің мәнін ашыңдар.

Сөйлем мүшесіне талдаңдар.

1-топқа: *Бауырласың болмаса, жолдас ізде: жақсы жолдас – бауырлас.*

2-топқа: *Бір жұтым суды да бөлісіп іш: жалғыз отырып жеген жалғыз өледі.*

3-топқа: *Өзіңе қарай дос ізде: тең-теңімен жарасады.*

Тұлғатаным тапсырмалары:

1. Бақыт деген не? Бақытыңды баянды ету қолыңнан келе ме?

2. “Адамға тілене беру – ұят: наны көбейгенмен, абыройы азады” деген ғұлама сөзімен келісесің бе? Адамның абыройын асыратын не деп ойлайсыңдар?

Бекіту кезеңі.

Семантикалық кесте. “Кім жылдам?”

Түрлері Мысалдар	Жалпы-лауыш сөз бен бірыңғай мүше	Жалғаулықсыз себеп-салдар салалас құрмалас сөйлем	Түсіндірмелі салалас құрмалас сөйлем
<i>Дәрігердің екеуі де жоқ: бірі қалаға кетті, бірі ауырып жатыр.</i>			
<i>Абай жігіттері: Жиренше, Ербол, Базаралы, Мырзахандар да сол қонақ тосушылардың тобында жүр.</i>			
<i>Ақ болсаң, қараға жуыма: аққа қара тез жұғады.</i>			

Тірек сөздермен сөйлем құрандар.

1. Өнеркәсіпке керекті заттар мыналар:
2. Білмеген нәрсеңді сұрап алуды ар көрме:
3. Наданға үгіт айтудың керегі жоқ:

Фонетикалық талдау.

1. Өнеркәсіпке.
2. Нәрсеңді.
3. Наданға.

Тапсырма. Абайдың өлеңіндегі қойылмаған тыныс белгілерін тыныс белгілер жөніндегі біліміңе сүйене отырып қойып шық. Өз пікіріңді дәлелде!

*Өлең сөздің патшасы сөз сарасы
Қиыннан қиыстырар ер данасы*

Тілге жеңіл жүрекке жылы тиіп
Теп тегіс жұмыр келсін айналасы
Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы
Ол ақынның білімсіз бейшарасы
Өлеңге әркімнің ақ бар таласы
Сонда да солардың бар таңдамасы
Іші алтын сырты күміс сөз жақсысын
Қазақтың келістірер қай баласы

Еркін жазу. Адамды екі нәрсе қартайтпайды: бірі – жақсы мінез, екіншісі – жақсы сөз. Жүсіп Баласағұни.

Тапсырма: Ойыңа не оралады?

Үйге тапсырма. Мақал-мәтел, дөйексөздерді пайдалана отырып, “Жақсы дос – асыл қазына” тақырыбына шағын шығарма жаз. Өздерің қолданған тыныс белгілерін қою себептеріңді түсіндіріңдер.



Гүлжәмила ҚАЛМАҒАМБЕТОВА,
Ақтөбе қаласындағы
№1 орта мектептің
мұғалімі.

ЕСІМДІК. ӨЗДІК ЕСІМДІГІ

(6-сынып)

Мақсаты: 1) есімдік туралы жалпы түсінік, өздік есімдігінің анықтамасы, мағыналық, тұлғалық белгілері, қолдану ерекшелігі туралы түсінік беру; 2) оқушыларды өз ойларын жүйелі, сауатты, дәлелді жеткізе білуге үйрету; 3) адамгершілікке, жауапкершілікке, үлкенді сыйлауға тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілі: сұрақ-жауап, көрнекілік, талдау, ажырату, салыстыру, дәлелдеу. **Көрнекілігі:** тірек-сызба, интерактивті тақта, ойын түрлері.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру.

Сынып ұжымымен амандасу, оқушылардың назарын сабаққа аудару. Сабақтың мақсатымен таныстырып, күтілетін нәтижені анықтау.

II. Үй тапсырмасын тиянақтау.

Теориялық бөлімі (Сұрақ-жауап әдісі). Интерактивті тақтада өткен тақырыптар бойынша пысықтау сұрақтары беріледі:

- Балалар, сөз таптары дегеніміз не?
- Қазақ тілінде неше сөз табы бар? Оларды ата.
- Есімдік дегеніміз не? Есімдіктің неше түрі бар.
- Біз есімдіктің қандай түрлерімен таныстық?

Оқушылар қазақ тілінде тоғыз сөз табы бар екенін, зат, сын, сан есімдермен танысқандарын, осы үш есім сөздердің орынына қолданылатын сөздердің «есімдік» деп аталатынын, оның жеті түрі бар екенін айтып пысықтайды.

Практикалық бөлімі. Сілтеу есімдіктерін қолдана отырып, қалаған тақырыптарына жазған әңгімелерін оқып, сілтеу есімдігінің мағыналық, тұлғалық ерекшеліктеріне тоқталып өту.

(*Бұл, сол, ол* сияқты сілтеу есімдіктеріне көптік, септік жалғаулары жалғанғанда түбір соңындағы *л* дыбысы түсіп қалады. Ал осы есімдіктерге тәуелдік жалғау жалғанғанда түбір соңындағы *л* дыбысының орынына *н* дыбысы жазылады. *Бұл, сол, ол* есімдіктері ауызекі тілде *бұ, со, о* түрінде қолданылатыны да ескертіледі.)

III. Жаңа сабақ: Өздік есімдігі.

Есімдіктер өте ерте заманда пайда болған сөздер қатарына жатады. Есімдіктің жеті түрі бар. Олар: жіктеу, сұрау, сілтеу, өздік, жалпылау, белгісіздік, болымсыздық. Бүгінгі танысатынымыз – өздік есімдігі. Өздік есімдігі бір ғана сөз арқылы жасалады. Ол – «өз» сөзі, өздік есімдігі мағынасы жағынан адамның өзіне тән нәрсені білдіреді. Көбіне түбір мағынада қолданыла бермей, төмендегідей түрде, тәуелдеулі, септеулі, жіктеулі, көптеулі түрінде жүзеге асады:

Жақтары	Тәуелдеулі түрі	Тәуелдеулі түрінде жіктелуі
I жақ	Менің өз-ім	Мен өзім-мін
II жақ	Сенің өз-ің	Сен өзің-сің
II жақ (сыпайы түрі)	Сіздің өз-іңіз	Сіз өзіңіз-сіз
III жақ	Оның өз-і	Ол өз-і

Септіктер	Жекеше түрі	Көпше түрі
Атау септігі	Өзім	Өздерің
Ілік септігі	Өзім-нің	Өздерің-нің
Барыс септігі	Өзім-е	Өздерің-е
Табыс септігі	Өзім-ді	Өздерің-ді
Жатыс септігі	Өзім-де	Өздерің-де
Шығыс септігі	Өзім-нен	Өздерің-нен
Көмектес септігі	Өзім-мен	Өздерің-мен

Оқушылардың санасында жаңа тақырыпты бекіту үшін өздік есімдіктің тәуелдеу, жіктеу, септеу үлгілері интерактивті тақта арқылы көрсетілді. Оқушыларға тақырып толық түсіндірілген соң «Өздік есімдігі дегеніміз нені білдіреді, анықтамасы қалай айтылады, кім жауап береді?» деген сұрақтар қойылып, тақырып пысықталады.

«Өздік есімдігі деп белгілі бір нәрсені, қимылды, адамның өзіне тән екендігін білдіретін есімдік түрін айтамыз».

IV. Бекіту кезеңі.

1. «Кім жылдам?» ойыны. Берілген қазақ ақындарының өлең жолдарынан, ойларынан өздік есімдікті тауып, толық анықтама беру.

1. Ана тілің – арың бұл,
Ұятың боп тұр бетте.
Өзге тілдің бәрін біл,
Өз тіліңді құрметте! (Қадыр Мырза Әли).
2. Ана тілін білмеген – ақылы жоқ желікбас,
Ана тілін сүймеген – халқын сүйіп жарытпас.
(Ш.Смаханұлы).

3. Туған тілім – тірлігімнің айғағы,
Тілім барда айтылар сыр ойдағы.
Өссе тілім, мен де бірге өсемін,
Өшсе тілім, мен де бірге өшемін.

(Әбділдә Тәжібаев).

4. «... Өз ұлтына басқа жұртты қосамын дегендер әуелі сол жұрттың тілін аздыруға тырысады».

(Ахмет Байтұрсынұлы).

5. Жақсылардың сөзін сау
Жамандаған жаманның
Күндердің күні болғанда
Өз басына тілі – жау. (Шалкиіз жырау).

6. «Өз алдына ел болуға өзінің тілі, әдебиеті бар ел ғана жарай алатынын ұмытпауымыз керек».

(Ахмет Байтұрсынұлы).

2. **Тақтамен жұмыс.** Екі оқушы тақтаға «Өз кітабым» деген сөзді жекеше, көпше түрінде тәуелдеп жазып шығады.

Гүлнара ЕСЕНҒАЛИЕВА,
Батыс Қазақстан облысының
Теректі ауданындағы
«Ақжайық» орта
мектебінің мұғалімі.

«ҚАРАКӨЗДЕРІМ, ШУАҚТЫ МЫНАУ ӨМІРДЕ ШӨЛІРКЕП ЖҮРГЕН МЕЙІРГЕ...»

(7-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – Сайын Мұратбековтың «Жусан иісі», Оралхан Бөкейдің «Тортай мінген ақбоз ат», Марат Қабанбайдың «Бауыр» шығармаларының ой-түйінін жан-жақты аша отырып, идеясына көз жеткізу, жазушылардың қозғап отырған көкейкесті мәселесін талдау, үш шығармадағы тақырып үндестігі мен ұқсастығына үңілу арқылы мазмұнын ашу; **дамытушылық** – шығармадағы панасыз балалардың тағдырын бүгінгі қоғам проблемасына айналып отырған жетімдер өмірімен байланыстыра ой қозғау, шығармашылыққа баулу; **тәрбиелік** – адал достыққа, мейірімділікке, жанашырлыққа, адамгершілікке, патриотизмге тәрбиелеу.

Түрі: білімді жинақтау, қорыту. **Әдісі:** СТО жобасының стратегиялары арқылы сұрақ-жауап, талдау.

Сабақтың барысы:

1. Қызығушылықты ояту.

Еркін Рақышевтің «Жетімдер» атты көркем фильмінен үзінді. Ой қозғау. Ойларыңа не түсті?

1-топ – Аян. 2-топ – Тортай. 3-топ – Қали.

Тақтада үш топтың жоспары.

Менің өз кітабым – өзімнің кітабым.

Сенің өз кітабың – өзіңнің кітабың.

Сіздің өз кітабыңыз – өзіңіздің кітабыңыз.

Оның өз кітабы – өзінің кітабы.

Біздің өз кітаптарымыз – өздеріміздің кітаптарымыз.

Сендердің өз кітаптарың – өздеріңнің кітаптарың.

Сіздердің өз кітаптарыңыз – өздеріңіздің кітаптарыңыз.

Олардың өз кітаптары – өздерінің кітаптары.

3. Балама тест.

(Тест қорытындысын оқушылар өзара тексереді).

1. Өзім, өзі, өзің есімдіктері өздік есімдікке жата ма?

а/ иә;

ә/ жоқ.

2. Бұл, сол, ол есімдіктері сұрау есімдігіне жата ма?

а/ иә;

ә/ жоқ.

3. Есім сөздердің орынына есімдік қолданылады ма?

а/ иә;

ә/ жоқ.

4. Мен, сен, ол есімдіктері сілтеу есімдігіне жата ма?

а/ иә;

ә/ жоқ.

5. Кім, не, қай, қалай есімдіктері жіктеу есімдігіне жата ма?

а/ иә;

ә/ жоқ.

4. Кітаппен жұмыс.

V. Бағалау.

VI. Үй тапсырмасы. Өздік есімдікті қолдана отырып, өлең жолдарын жазу.

Аян – «Жусан иісі»:

1. Алыста қалған балалық шағым;
2. Кекілді бала Аян;
3. Әжесінің қазасы;
4. Аяның ертегісі;
5. Қателік аяқ астынан немесе тобығының шығуы;
6. Жусанды үміттің үзілуі;
7. Аяның балалар үйіне кетуі.

Тортай – «Тортай мінген ақ боз ат»:

1. Тортай және басқалары;
2. Үңгірдегі тас күрке;
3. Қол жетпес қиял;
4. Жылдар өткен соң;
5. Әркімнің өз ақбоз аты болады.

Қали – «Бауыр»:

1. Көптен күткен кездесу;
2. Өзіңнен туған жат бала;
3. Бір өкініш, бір үміт;
4. Есеңгіреген жүрек.

II. Мағынаны тану.

1-топ. Екі бөлімді күнделік (Үш әңгіме бойынша):

Не әсер етті?	Сіздің пікіріңіз?
Ертегіні ойдан шығаратындығы. Аяның Тұржаннан көрген зәбірі немесе кешкі қорегі. Кітапты көп оқитындығы. Тас күркені мекендеуі. Ағасын көргендегі немқұрайды мінез-құлқы. 14-15 жасар баланың 48-өлшемді аяқ киім киетіндігі.	Түбінде дарынды жазушы болады. Кісі есігі – темір. Бәріне кінәлі – соғыс. Көп оқығандықтан өте сезімтал. Өз үйім – кең сарайым, боз үйім. Жетім қозы – тасбауыр. Спорт денені шынықтырады.

2-топ. Талқылау кестесі (Үш әңгіме бойынша)

Шығарманың аты, авторы:	Сайын Мұратбеков. «Жусан иісі».	Оралхан Бөкей. «Тортай мінген ақбоз ат».	Марат Қабанбай. «Бауыр».
Тақырыбы:	Соғыс кезі.	Кезіндегі жетім.	Баланың балалық шағы.
Бас кейіпкер, мінез-құлқы:	Өте ақ көңіл, ақылды бала. Адамды іш тартып тұрады, ешкімді алаламайды. Қиялы биік.	Қой ауызынан шөп алмас жуас, құлағының сәл мүкісі бар, бала болып көп ойнамайтын жасқаншақ, арманшыл, қиялшыл.	Қаны қазақ, бірақ тілі де, мінез-құлқы да – орыс. Бойынан қайсарлық байқалады.
Кейіпкердің іс-әрекеті:	Ешкімді алаламайды. Ойдан ертегі ойлап шығарады.	Кітапты көп оқиды.	Спортпен шұғылданады, жан-жануарды жақсы көреді.
Кейіпкердің ұстанымы:	Жылауды әркім біледі. Мықты болсаң, нағыз еркектерше қиындыққа жыламай бақ.	Бұл дүниеде пір тұтар жалғыз-ақ нәрсем бар: ол – кітап.	Былтыр қалалық біріншілікте бокстан ұтылып қалғанмын, биыл қалайда бірінші болуым керек.
Автордың айтайын деген ойы:	Аяның бойындағы асыл қасиеттерді үлгі ету.	Соғыс кезіндегі балалардың шынайы, таза достығы.	Тәрбие тал бесіктен басталады.

Сенің түйінін:	Қаны да, жаны да таза Аян сияқты адамдар көп болсын. Алайда ата-анамыз болсын.	Арманның құр қиял болғаны қандай өкінішті!	Жетім қозы – тасбауыр.
----------------	--	--	------------------------

3-топ. РАФТ (Үш әңгіме бойынша):

Жұмағаным. Р – Жусандытөбе, А – Аянға, Ф – хат, Т – Сағыныш сазы.

- Ей, Аян, шынымен де, мені сағынбайсың ба? Менің жусанымның иісін құшырлана иіскеп, ағанды есіңе түсіретін едің ғой. Төбеме шығып, асыр салған кездеріңді ұмыттың ба? Ал мен сені қатты сағындым! Аман болсаң, бір соғатыныңа сенемін.

Мерлан. Р – кекіл, А – тақырбастарға, Ф – арнау, Т – достық әзіл.

- Тақырбастар, қалайсыңдар? Ту, өздерің неткен тентек едіңдер! Үстеріңе қараңдар, шаң-шаң. Жалтыр бастарың топырақтан көрінбейді, ортасында көздерің жалт-жұлт етеді. Жарар, бастарың аман болса, әлі кекіл емес, талай шаштар шығар. Тек аспанымыз ашық болсыншы!

Есбол. Р – Ақбоз ат А – Тортайға, Ф – монолог, Т – Тортаймен сырласу.

- Тортай, сен мені ес білгеннен иеленіп келіп, амалың жоқтықтан досыңа бердің-ау. Жо.. жоқ, мен сені досыңа қызғанышпен қарайтын адамға жатқызбаймын. Әркімнің өз ақбоз аты болады ғой. Сенің ақбоз атыңды тартып алған лағнет атқыр соғыс қой. Бірақ маған сенің тірі жүргенің де жетеді. Мүмкін, мен сенің ұрпағыңа бұйырармын. Сен тек

налыма.

Кубизм. 1. Салыстыру. Балалық шақтарыңыздың осы әңгімелермен ұқсастық жақтары бар ма?

2. Талдау. Әңгімелерде қандай проблема көтерілген?

3. Зерттеу. Бүгінгі бейбіт заманда өз отбасында тәрбиеленбей, шетелге асып жатқан балалар туралы не айтар едіңдер?

Бүгінде әлемдегі ең түсімі көп өндіріс мұнай мен қару-жарақ болса, бала сату бизнесі де қомақты қаржы көзіне айналып отыр.

Қазақстанда 1994 жылдан бері әлемнің 22 еліне жетім балалар таралып кеткен.

Балалар үйінің 80%-ы «таза жетім» емес. Сол сияқты олардың ата-ана құқығынан айырылуы мен араққа, нашақорлыққа салынуы, ата-аналарының аурушандығы, ал кейбірінің өз балаларынан бас тартуы себеп болып отыр. Қазақстанда 108 жетім балалар үйі бар. Шетелдіктер Қазақстаннан әр балаға 35-40 мың АҚШ долларын береді. 40-тан аса агенттік шетелге бала сатумен айналысады.

2008 жылғы дерек бойынша 2 000 000 бала шетел асып кеткен. АҚШ 1850 жылдан жетімдер үйін салудан бас тартып, «патронат» отбасылар тәжірибесін енгізген.

4. Ұсыныс. Жетім балалардың санын азайтудың қандай жолдары бар?

- 1) Ана мен баланың жағдайын жақсарту.
- 2) Ішімдік атаулыны сатуға тыйым салу.
- 3) Имандылық жолын мойындау.
- 4) Жұмыссыздықты жою.

5. Дискуссиялық карта. Бейбіт заманда жетім балалар үйі қажет пе, әлде қажет емес пе?

Иә	Жоқ
Иә, себебі ешқандай жақыны жоқтар қайда барады. Иә, Тұржан сияқты жауыз жақыныңның үйінде тұрғанша, балалар үйінде тұрған жақсы	Жоқ, сонда ақылсыз ата-аналар үкіметке сенбес еді. Жоқ, қажет емес, себебі тірі жетімдер, тастандылар азаяр еді.

6. Баға беру. Үш кейіпкердің қайсысы жаныңа жақын, неліктен?

III. Толғаныс. Бес минуттық эссе. «Баяғыда бір жетім бала болыпты» деген тақырыпта шығармаларды жалғастырыңдар.

Оралбек. Аян – бұл күнде танымал жазушы. Алматы қаласында тұрады. Екі қыз, бір ұл баланың әкесі. Ал, зайыбы – дәрігер. Сонымен қатар, қоғамның көкейкесті мәселелерін қозғап, еліміздің өркендеуіне үлкен үлес қосып жүрген қоғам қайраткері. «Бармысың бауырым» бағдарламасы.

Оқушыларды бағалау.

Үйге тапсырма. Автор орындығы (Авторға үш сұрақ әзірлеу).

Түйін. 1. Біз, қазақ, жесірін қаңғытпаған, жетімін жылатпаған елміз.

2. Жетім көрсең жебей жүр.

3. 1 жарым миллиард халқы бар қытай шетелге бала бермейді, ал небары 17 миллион халқы бар қазақтың жалпақшешейлік көрсеткені қалай?

Мұғалімнің қорытынды сөзі.

Р. Қуанышқалиева «Жетім балалар үйінде болғаннан кейінгі ой» өлеңін оқиды.

Қаракөздерім,

Туғаннан бағың жанбай-ақ, көзіңнен қайғың төгілер,

Сендерді көріп, еріксіз еңіреп жаным егілер.

Қатыгез қашқын әкең мен шешенді тауып берер ем,
Шарасыздығым қол байлап, жерім жоқ артқа шегінер.

Қаракөздерім,

Шуақты мынау күндерде шөліркеп жүрген мейірге,
Не болып кеткен, шынында, даламдай дархан пейілге?!
Ешқашан ембей өскендер киелі сүтін ананың,
Жұртым-ау, сұмдық қатыгез болады балғын кейінге.

Қаракөздерім,

Ғажайып сұлу өмірде «мүгедек» тілді мылқаулар,
Жандарың нәзік, көздерің ойлы, қияға тіп-тік шырқау бар.
Сыртыңнан қашып жүр-ау бұл шын өгей әке-шешелер,
Сорлайды түбі, өйткені бағынан бақыт бұлты аунар...



Айсұлу ӘЛИАСҚАРҚЫЗЫ,
«Құралай» жалпы орта
мектебінің мұғалімі.
Оңтүстік Қазақстан облысы,
Түлкібас ауданы,
Тұрар Рысқұлов ауылы.

«ҚЫЗ ЖІБЕК» ЖЫРЫ

*(9-сынып, сараптамалық технология сабағы,
бастапқы бөлігі өткен санда).*

Әдеби дәйектер

«Қыз Жібек» жырының көлемі 3000 жолдан тұрады. Қыз Жібектей арудың трагедиялық тағдыры туралы әр аймақтың әңгімелері алуан түрлі арнамен таласа ағытылып, бірін-бірі

толықтырып тұрады немесе жетілдіріп жатады, алайда өзінің түпкі жобасынан өзгермейді. Жырдың 16 нұсқасы жиналған. Бұларды жырлаушы – қазалылық Мұсабай жырау, оралдық Қазақбай Түгелбаев, жетісулық Жүсіпбек Шайқысламұлы, ақтөбелік Шапай Қалмағанбетов, т.б.

Енді сол нұсқалардың бірнешеуін назарларыңызға ұсынамыз.

1. Мұсабай жырау нұсқасы

Мұсабай жырау нұсқасы – «Қыз Жібек» эпосының байырғы үлгілерінің бірі. Сонымен қатар аталған вариант жырдың басқа нұсқаларынан сюжеттік тұрғыдан да ерекшеленеді. Біріншіден, мұнда, өзге нұсқалардағыдай, Жібектің руы шекті емес, Жайықтың арғы бетіндегі Шыбықсудың бойын жайлаған қыпшақ тайпасы. Екіншіден, алдымен жырдың экспозициясында алшын мен қыпшақ елдерінің арасында барымта дауы ушығып, Төлеген ауылдастарымен бірге орта жүзден жылқы қайыруға аттанады. Өлбетте, бұл арада «барымта» бұрынғы көшпелі қазақ тұрмысына тән көрініс қана емес, бір жағынан, Төлегеннің Жібекті іздеп сапарға шығуына түрткі болған басты себеп. Үшіншіден, Мұсабай нұсқасында жырдың Қазан (1894), Жүсіпбек (1900) варианттарында аса көркем суреттелген Жібек елінің көш салтанаты көрінбейді.

Төлеген қалың қыпшақтан барымта жылқыны қайтарып алған соң Жібекті өзі іздемейді.

Қорықса қызын берер деп,

Кедейлер жорға мінер деп,

Өзім барсам Жібекке

Басыма кемдік келер деп көш-жөнекей шатыр тігіп жатып алады. Сонда Төлегенді Жібектің туысқан ағасы Қаршыға өзі іздеп, әрең табады. Одан әрі Төлеген мен Жібектің арасында бір-біріне үстемдік танытатын «қағысу»

сәті әсерлі беріледі.

Мұсабай орындауындағы эпостың оқиғалары ширақ, шымыр, кейіпкерлер эмоциясы барынша шынайы жырлануымен бағалы.

2. Жүсіпбек қожа нұсқасы

«Қисса Қыз Жібектің хикаясы» деген атпен 1900 жылы Қазан қаласында басылған жырдың Жүсіпбек Шайхысламұлы жариялаған нұсқасы ел арасына кең тараған.

Жырдың баспа беттерінде көп жарияланып, ғалымдардың зерттеулеріне арқау болған – Қазанда жарияланған Жүсіпбек нұсқасы. Әр жылдары жарияланған эпос басылымдары түрлі мәтіндік өзгерістерге ұшырап отырған. Әсіресе, Кеңес дәуірінде жарық көрген жыр жинақтарында мәтіндер айтарлықтай өзгеріске ұшыраған. Мысалы, 1939 жылы Сәбит Мұқанов жариялаған «Батырлар жырында» «Қыз Жібек» 1900 жылы Қазанда жарияланған кітап бойынша берілген. Онда тек кейбір жыр тармақтары мен сөздердің ауыстырылғаны байқалады.

«Қыз Жібек» (Қазан, 1900)

Он алты жасқа шейін

қыз жаратпай,

Ат жетер жерді арылтып
тамам қылды.

Көзінің ағы менен

қарасындай

Артында жанға мирас,

малға тіреуі не?

«Қыз Жібек» (1939)

Он алты жасқа шейін

қыз жаратпай,

Ат жетер жерді аралатып
тамам елді.

Көзінің ағы менен

қарасындай

Артында мирас,

малға иесі не?

1939 жылғы жарияланымда мәтіндегі барлық қара-сөздер ықшамдалып берілген.

«Қыз Жібек» (Қазан, 1900). Әлқисса, енді Төлеген ойлады «Жаһанда бұ сипатты ұрғашы көргенім жоқ еді. Енді мұны алайын» дейді. «Оған шейін бір-екі ауыз сөз

сөйлесіп кетейін, бекер кеткенім жарамас» деп жамандауға тал бойынан тарыдай мін таба алмай, енді байлығынан хәм кемдік таба алмай, «Кесірлі екенсің деп айтайын» деп Төлегеннің айтқан жауабы-дүр.

«Қыз Жібек» (1939). Төлеген сол жерден Жібекке ғашық болды. Айналасынан кете алмай, бір-екі ауыз өлең айтып Жібекті сөйлетпекші болды. Сұлулығынан, байлығынан, нәсілінен мін таба алмай, «Кесірлі екенсің» деп Жібекке тиісіп айтқаны.

«Қыз Жібек» (Қазан, 1900). Әлқисса, сол халде Төлеген есін алып, көзін ашып қарады. Көрді, өзі шалқасынан жатыр екен. Барша киімдерін тонап алып қойыпты. Сонда «Тым болмаса көміп кетсеңші» деп Бекежанға қарады, «Замандас емеспісің» деп жалынғандай болды.

«Қыз Жібек» (1939). Бір уақытта Төлеген есін жиып, көзін ашты. Қараса, шалқасынан жатыр екен, барлық киімін алпысы тонап алды. Сонда Төлегеннің Бекежанға қарап «Замандас едің ғой, ит пен құсқа жем қылмай, тым болмаса көміп кетсеңші» деп зарлағаны.

3. Шеге ақын нұсқасы

«Қыз Жібек» жырының «Шеге ақыннан тараған» дейтін нұсқасын ақтөбелік жыршы Шапай Қалмағанбетов 1955 жылы Тіл және әдебиет институтының қолжазбалар қорына өткізеді. Жыр Шапай ақынның өз қолтанбасымен, араб әрпінде дәптерге жазылған. Жыр көлемі – 4410 жол.

Әдебиеттанушы Сұлтанғали Садырбаев өзінің еңбегінде Шапайдың нұсқасында біраз өзгешеліктер барын айтқан. Осы уақытқа дейін ел арасында кең тараған Қазан басылымымен салыстырғанда, бұл нұсқада тың сюжеттер мен эпизодтар, жаңа кейіпкерлер мен жер-су аттарымен толықтырылған.

Жыр экспозициясында Төлегеннің әкесі Базарбай

жайлы сөз болады. Мұндағы өзгешелік: Базарбай – басқа нұсқалардағыдай бай емес, кедей. Соған қарамастан абыройлы ақсақал бейнесінде көрсетеді. Базарбаймен қатар суреттелетін Қарамен бай образы батырлық жырлардағы («Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр») Қараманды еске түсіреді. Қарамен бай бола тұра ел ішіндегі атағы Базарбайдан артық емес. Алпыс беске келген Базарбайдың баласы жоқтығын келеке етіп, өзіне тең көрмейді. Бір баланың зарынан қапа болған Базарбайдың екінші әйелінен туған Төлеген сері, ер көңілді жігіт болады. Оның елден ерек жаратылысын көріп іші күйген Қарамен бай Базарбайды іш тартып, өзінің ынжық баласы Егізді Төлегенге дос қылады. Байдың ұлы Егіз қалыңдығын алып қайту үшін жолға шыққанда Төлеген сонымен бірге ереді. Қалыңдық Егізді менсінбей, оған барудан бас тартады. Екі елдің арасы ушығып шиеленіседі. Сол кезде Төлеген қызды өз райынан бас тартуға көндіреді. Төлегеннің ел алдындағы абыройы артады.

Шекті еліндегі сұлу Жібек жайлы естіген Төлеген қызды көруге асыққанмен, қолының қысқалығы кедергі болады. Сол уақытта Шегенің ақылымен Төлеген Егізді шен алу үшін патшаға баруға көндіреді. Қараменнің баласына берген көп малының арқасында Төлеген Қыз Жібектің еліне келіп, қызға құда түседі. Баласының алданғанына ыза болған Қарамен Төлегеннен бата алмай іштен тынады.

Бұдан кейінгі жыр оқиғасы басқа нұсқалармен бірдей. Жібектің көрген түсі Қазан нұсқасынан өзгешелеу.

Жібек Төлегенге түсін айтып зар еңірейді.

Астыңдағы көк жорға ат

Құйрық-жалы шұбалып

Жабығулы көрінді.

Үстіңдегі ақ сауыт

*Шығыршығы созылып
Сөгілулі көрінді.
Беліңдегі ақ берен
Құндағынан бөлініп
Үзілулі көрінді.
Қолыңдағы ақ сүңгі
Сағасынан майысып
Бүгілулі көрінді.*

Басқа нұсқаларда Бекежанды Жібектің алты ағасы өлтірсе, мұнда ол Сансызбайдың қолынан қаза табады. Жыр Сансызбайдың Жібекті еліне алып келіп, ұлан-асыр той жасауымен аяқталады.

4. Қаршыға нұсқасы

Эпостың бұл нұсқасын ақтөбелік жыршы Шапай Қалмағанбетов (1890-1959) өзінше өндеп, жаңғыртып қағазға түсіріп, 1955 жылы ӘӨИ Қолжазба қорына тапсырған. Жыршының айтуынша: жырдың көлемі 4020 жолдан құралған. Бірінші түрі: Сырлыбай ханның бүкіл шекті елін жинап той жасауы; Қаршығаның қалмақтарды алдап, Қореннің өлігін көрсетпей адастырып, Сансызбайдың ауылына алып келуі.

Қаршыға ақын нұсқасы толық жеті-сегіз буынды жыр үлгісіне құрылған. Арасында қарасөз, қара өлең жолдары да ұшырайды.

Жырда оқиғаны айтып берудің үш түрлі әдісі аралас жүреді: хикаялау, сипаттау, сөйлету. Жырда өлең жағында хикаялау аз кездеседі. Жырда сипаттау әдістері де бірсыпыра орын алады. Көштің сәулеті, Жібектің сұлулығы, оның отауға барғандағы келбеті, көк жорға аттың шабысы. Қореннің «Жөнелді қалмақ, жөнелді» деген жердегі кейіпі, Жібек астындағы Сандалкөктің шабысы, міне, бұлар әрі оқиғаны айту, әрі сипаттау болады. Мұндай сипаттау әдісі

оқиғаны әсерлі, жанды етіп отырады. Енді осыған біраз мысал келтірейік.

Жау қолынан мерт болған Төлегеннің қазасынан соң Жібектің басына ауыртпалықтар қаптайды. Басынан өткен қиындықтарын Төлегенді жоқтаған жырына қосып зар төгеді.

Тағы да бас қосқаным Жағалбайлы, Жылқысын көптігінен баға алмайды. Сол елде, сірә, жігіт жоқ па, тәңірі-ай, Жесірін іздеп келіп неге алмайды?!

Жібек ару Төлегенге адалдығын осылай білдіреді. Атадан мирас әменгерлік салтқа бас иеді. Сансызбайдың іздеп келуін, оған әменгері болып баруын арман етеді.

Сансызбай өзінің ерлігін Қорен ханмен жекпе-жекте көрсетеді. Сансызбайдың атқан оғынан оның ерен күш иесі екені танылады.

Зырлауменен өтеді,

Бір төбеге жетеді.

Үй орынындай бір жерді

Төңкере тастап кетеді.

Оқ тоқтаған кезінде

Қорен аттан құлады.

Жырдың кейінгі оқиғаларында Сырлыбайдың еліне қайта келіп, жауды жеңіп, қайын жұртын қыспақтан құтқарады.

Табан жолмен тартысып,

Ауыздықпен алысып,

Екі қолы қарысып,

Ұшқан құспен жарысып

Маядай мойынын созады.

Тарта-тарта Жібектің

Алақаны тозады.

Тамаша жерден сырғытып,

Гүлжан СӘДУАҚАСОВА,
Сәрсен Аманжолов атындағы
орта мектептің мұғалімі.
Шығыс Қазақстан облысы,
Ұлан ауданы,
«Ұлан» ауылы.

МАХАМБЕТ. «ҚЫЗҒЫШ ҚҰС»

(5-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – ақын өлеңінің мазмұнын түсінеді, пікір алысады, талдайды, салыстырады, ақын тұлғасын ашады, қорытынды жасайды; **дамытушылық** – мәтінмен жұмыс жүргізу арқылы ақынның ішкі жан дүниесін түсіну, мысалдар келтіру, қосымша мәліметтер іздестіру, танымдық қабілеттерін дамыту, ойлану нәтижесінде өз ойын тиянақтайды, оны дәлелді түрде жеткізеді, бірнеше ойды салыстырады, қарама-қарсы қояды; **тәрбиелік** – топпен жұмыс істеуге, бір-бірін сыйлауға, тыңдай білуге баулу.

Түрі: ізденіс, зерттеу. **Типі:** жаңа білімді меңгерту. **Көрнекілігі:** слайд. **Пәнаралық байланыс:** биология, тарих. **Құрал-жабдығы:** парақшалар, кубик, маркер.

Сабақтың барысы.

Сынып оқушылары екі топқа бөлінеді. Әр топ өз топ басшыларын сайлап алады, топ атын қояды.

1. Қызығушылықты ояту.

Ой қозғау стратегиясы.

Дабыл қаққан дауылпаздай дауысы,
Алдаспанға айналып ар-намысы,
Исатайдың үні болған,
Бар қазақтың ұлы болған,
Ұрпағының жыры болған, Арысым!

Еркін жауап стратегиясы. Сұрақтар қойылады.

*Ойпаң жерден орғытып,
Ұйтқып заулап келеді.*

Бұл жерде Сандалкөктің шабысы ғана емес, Жібектің қуанышы да қоса өрілген.

Қорен мінген қаз мойын қара тұлпардың шабысы, намыс пен ашуға булығып келе жатқан Қореннің көңіл күйін шебер жеткізеді.

*Жөнелді қалмақ, жөнелді,
Шеңбер ұрып келеді.
Көк қабыландай арсылдап,
Төбінгісі тарсылдап,
Құйысқаны сартылдап,
Сауырынан аққан ақ көбік
Омырауында былшылдап,
Қаз мойын қара тұлпарды
Сауырға сипай қамшылап...
«Шу» десе қалмақ дауысы
Түлек құстай шаңқылдап,
Кәтір қалмақ жөнелді,
Қаһарманың келеді.*

Жырдың әдеби маңызы

Жырдың өн бойында қазақ халқының өмірінде ертеден орын алған қыз көру, құдаласу, неке кию, отқа май құю, құрбандық шалу, жоқтау, қарғыс, бата, түс жору, т.б. ырым-жоралғылар, салттар көрініс табады.

Сондай-ақ неше түрлі әсірелеу, көріктеу, кейіптеулер, әдемі теңеулер мен сөз айшықтары молынан қолданылады.

«Қыз Жібек» жыры – ұлттық сөз өнеріміздің барлық көркемдік-эстетикалық қуатын танытатын аса құнды рухани мұрамыз.

Екі топтың басшысы сабақ барысында оқушыларды жауаптарына қарай бағалап отырады.

1. Осы өлең жолдарындағы дауылпаздай дауысы бар, Исатайдың үні болған, бар қазақтың ұлы болған Арыс кім?

2. Махамбет туралы не білесіңдер? (Оқушылар жауабы тыңдалады).

Топтастыру стратегиясы.



II. Мағынаны ажырату.

Кіріспе сөз. «Қызғыш құс» өлеңінің шығу тарихы.

Исатай қазасынан кейін Махамбет түңілушілікке, жалғыздыққа бой алдырады. Қарулы жасақтың көбі тарап кетеді. Бытырап кеткен қолдың енді басын қосу қиынға түседі. Ол ел ішінде бой тасалап жүреді. Халық ханға адал ұлын саппайды. Ақын өмірінің соңғы айларында өз отбасымен Қарой деген ойпаңды мекен еткен. Осы кездері ақынның «Қызғыш құс» өлеңі дүниеге келеді.

Сабақтың мақсатын айтып өту.

Электронды оқулықтан «Қызғыш құс» өлеңін тыңдатқызу.

Екі жақты күнделік стратегиясы.

Өлең жолдары. Мен қалай түсінемін?

Ау, қызғыш құс, қызғыш құс,

Қанатың қатты, мойының бос.

Исатайдан айырылып

Жалғыздықпен болдым дос.

Ау, қызғыш құс, қызғыш құс,

Көл қорыған сен едің,

Сен де айырылдың көліңнен.

Ел қорыған мен едім,

Мен де айырылдым елімнен.

Аспандап ұшқан қызғыш құс!

Сені көлден айырған –

Лашын құстың тепкіні.

Мені елден айырған –

Хан Жәңгірдің екпіні.

Айтып-айтпай не керек,

Құсалықпен өтті ғой

Махамбеттің көп күні!

Түсініктеме күнделігі.

Сөздік жұмысы. *Құсалық* –

Еркін жауап стратегиясы.

Сұрақ. Махамбет өз тағдырын қалай берген? Ненің тағдырымен ұқсас?

Әдебиет теориясы. Махамбет өзінің ауыр тағдырын қызғыш құстың тағдырымен салыстыра отырып суреттеген. Адам көңіл күйінің табиғат құбылыстарымен осылайша салыстырыла суреттелуін *психологиялық параллелизм* дейміз.

Еркін жауап стратегиясы.

Өлеңнің тақырыбы не? Исатайдан айырылып, жалғыз қалған батырдың мұңы.

Өлеңнің идеясы. Елім деп еңіреген ерді осындай күйге түсірген – Жәңгір хан.

Лирикалық кейіпкер – ақынның өзі. **Кубизм стратегиясы** қолданылады. Жұмыс жолын ескерту (тақырыпты жан-жақты қамтуға мүмкіндік туғызатын оқыту стратегиясы).

Тапсырмалар.

1. Зерттеңіз. Лашын, қызғыш құс туралы не білесіңдер? Жәңгір хан кім? Ол туралы қандай дерек таптыңдар?

2. Суреттеңіз. Ақынның, қызғыш құстың жай күйін суреттеуде қандай түс қолданар едің? Лашын мен Жәңгір хан бейнелерін суреттесеңдер қандай түс қолданар едіңдер, неліктен?

3. Салыстырыңыз. 1-топ. Махамбет пен Жәңгір хан. 2-топ. Қызғыш құс пен лашын құс.

4. Қолданыңыз. Өлең құрылысына талдау жасаңыз.

5. Пікірді қолдаңыз немесе қарсы шығыңыз.

Өлеңде Махамбет – өмірден түнілген адам. Махамбет – болашаққа сенімі мол адам.

6. Толғаныс. 1-топ. Махамбет атынан сөйлеңіз. 2-топ. Қызғыш құс атынан сөйлеңіз.

Ой қорыту стратегиясы.

Осы өлең арқылы ақынның айтпақ ойы. Махамбет пен қызғыш құстың тағдырында ұқсастық бар ма?

III. Ойтолғаныс.

Мұхтар Шахановтың «Жайықпен жүздескенде» өлеңінен үзінді оқу.

Байқаймысың? Байқаймысың?

Бір адамға байланысты бір адамның болашағы.

Байыппенен көз жіберсең асау жылдар өрісіне,

Бір адамға байланысты бір адамның жеңісі де.

Бұл замани қағиданың мүмкін бе екен көнермегі?

Қозы Көрпеш аман тұрса, Баян сұлу өлер ме еді?

Исатайды жеңбесе жау, Махамбетті жеңер ме еді?

Қайран ақын тағдырының соққысына көнер ме еді?

Қайран ақын – сұңқар қиял, наркескен ой, батыл арман,

Исатайдан айырылғанда жер бауырлап жатып алған.

Бұдан асқан қайғылы түн қонған емес басына оның,

Досы барда алшысынан тұрушы еді асығы оның.

О, сұмдық-ай,

Жаулық сезім парасатты паналапты,

Исатайдың өлімімен Махамбетті жаралапты...

- Дос, достық туралы не айтар едіңдер?

Ойтолғау. «Дос – көңілдің ажары» деген тақырыпта ойтолғау жазу.

Автор орындығы стратегиясы. Орындыққа келіп жазғандарын оқиды.

Сұхбаттасу стратегиясы. Бүгінгі сабақтан қандай әсер алдыңдар?



Баян АБЫЛХАПОВА,

Алматы облысының

Балқаш ауданындағы

Н.Бозжанов атындағы орта

мектептің мұғалімі.

ЖАМБЫЛ – АЙТЫС ШЕБЕРІ

(9-сынып)

Жалпы мақсаттар: айтыскер ақын Жамбылдың өмір жолы, айтыс ақыны ретінде танылуы, айтыстарындағы сол кездегі әлеуметтік мәселенің көтерілуі, Жамбылдың айтыстағы ақындық шеберлігі туралы мағлұмат беру; оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін арттыру, топпен жұмыс істеу арқылы өзіндік пікір айту дағдыларын дамыту.

Оқыту нәтижелері: Жамбыл өмірі, шығармашылығы, ақындығы туралы жан-жақты біледі; өлеңді құрылысына қарай талдауға машықтанады; өз беттерімен жұмысқа дағдыланады; Жамбылдың айтыстағы ақындық шеберлігін

таниды.

Негізгі идеялар: заман талабына сай өз білімін өмірде қолдана білетін, көпшілікпен араласа алатын, ішкі мәдениеті, ойлау және сезіну қабілеті бар адам дайындау.

Сабақтың барысы.

Ұйымдастыру. Сәлемдесу, түгелдеу, сыныптағы психологиялық ахуалды бақылау.

«Жүректен жүрекке».

Осы ізгі тілектердің ішінде ең бастысы не деп ойлайсындар?

«Мозаика» әдісі бойынша **топқа бөлу**. Мозаиканың әр бөлігін тарату. Бәрін қосқанда «*Бақыт*» сөзі шығады.

1.Отан. 2.Бейбітшілік. 3.Тәуелсіздік. 4.Білім.

Сабақтың ережесімен таныстыру.

Белсенді қатысу. Тыныштық сақтау. Бірін-бірі тыңдау. Ойын ашық айту. Ынтымақтастық.

Бағалау парағы таратылады. Бағалау өлшемдерімен таныстыру.

Постер құрастырады. «Домбыра». Әр топ өз постерлерін қорғайды.

I. Білім. «Миға шабуыл». Бір-біріне сұрақтар қояды.

Жамбыл кім? Қай қырынан таныдыңдар? Қашан, қай жерде дүниеге келген? Қандай шығармаларын білесіңдер?

II. Түсіну. «Кубизм» стратегиясы бойынша суреттеу, салыстыру,саралау, қолдану (Постер құру).

1-топ. *Суреттеңіз.* Ақын мұрасының өрнек кестесін құрастырыңыз. Ақын мұрасының өміршеңдігі неде деп ойлайсыз? Жыршы деп қандай өнерпазды айтады?

2-топ. *Саралаңыз.* Жамбылдың сатиралық өлеңдерінің ерекшелігін, «Кәдірбайдың төбеті» өлеңінің сатиралық сипатын айтыңдар. «Күлкі – қазақ халқы ұғымындағы ең үлкен жаза» деген пікірдің мәнін қалай түсінесіңдер?

3-топ. *Салыстырыңыз.* 1913 жылы Романовтар әулетінің үш жүз жылдық мерейтойына арнап айтқан «Өстепкеде» өлеңінен үзінді оқып,мағынасын ашу. Абайдың «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» өлеңінің мазмұнымен салыстыру. Екі өлеңнің мазмұны несімен үйлесімді?

*Үйсін,Найман саңлағы, Желді күнгі қамыстай
Өстепкеде жиылдың. Жапырылып иілдің.
Елде жүрген егейлер, Келтірдіңдер намысты,
Ұлық көрсең ұйлығып, Бек қорланып күйіндім.*

Бай-болыстардың жағымпаздық мінезін сынау мақсатында айтылған.

4-топ. *Қолданыңыз.* Сүйінбай мен Жамбылдың қарым-қатынасын қалай бағалауға болады? Ұстаз бен шәкірт арасындағы сыйластық неден байқалады?

Сергіту сәті. *Таңғы гимнастика.*

III. Қолдану. Оқулықты қолданып, Жамбылдың айтыскерлігіне зерттеу жүргізу.

1-топ: *Жамбыл – айтыс шебері.*

2-топ: *Жамбыл мен Құлмамбеттің айтысы.*

3-топ: *Айтыстағы Жамбылдың артықшылығы.*

4-топ: *Жамбыл шығармаларындағы фольклорлық сарын.*

1. Материалмен танысады. Талқылайды, мазмұнына талдау жасайды. Материалдың ұсыну формасын анықтайды. Сызба, кесте түрінде береді.

2. Ақпаратпен алмасу үшін топ басқарушы басқа топтарға ауысады, ойларын ортаға салады. Өз материалын баяндап, өзге жұмыстардан хабардар болады.

3. Басқарушы өз тобына келіп, жаңа материалмен таныстырады.

Дайындаған постерлері бойынша баяндайды. Бірін-бірі толықтырады

Сергіту сәті. *«Қара жорға» биі.*

IV. Талдау. 1-топ: Құлмамбетпен айтысынан үзіндіні оқып, ондағы ақынның көңіл-күйін, арман-тілегін анықтап, өз ойын кестеге түсіру.

Адамдықты айт, ерлікті айт, батырлықты айт,
Ел бірлігін сақтаған татулықты айт.
Қарынбайдай сараңдар толып жатыр,
Оны мақтап әуре болмай жөніңе қайт.

2-топ: «Кәдірбайдың төбеті».

3-топ: «Балаларға».

4-топ: Жамбылдың айтыстарын қазіргі кездегі айтыстармен салыстыра сипаттау.

Ақынның көңіл-күйі	Арман-тілегі	Өз ойым
1. Құлмамбеттің көлгірсіп мақтанғанына ашынады. 2. Шындықты бетіне басады.	1. Жаңа өмірді орнатуға асық. 2. Жүрегі елім деп соғады. 3. Әділеттілікті орнатқысы келеді.	1. 2. 3. Елін сүйген ер ғана осылай етпек.

Сергіту сәті. Айтылған сөздерді бір сөзбен атау (Түстер, оқу құралдары, мамандықтар, отбасы мүшелері).


V. Синтез. Сызба түрінде көрсету.

1-топ:




Жамбыл облысы, 1846-1945 Менің пірім – Сүйінбай.
Мойынқұм ауданы. жылдары

2-топ:



Өлеңдері Дастандары
Сатиралық өлеңдері Отаншыл өлеңдері

3-топ:



4-топ: Жамбыл аталарыңа арнап төрт жол өлең шығарыңдар.

Сергіту сәті. Бала Жамбыл туралы бейнежазбаны көрсету.

Бағалау. Өздеріне тест құрастырту (Әр топ екі тестіден құрастырып, өзара сұрақтарға жауап береді).

Рефлексия: Не білдім? Нені білгім келеді? (смайлик).

Топ басшылары «Бағалау парағын» өткізеді. Жиынтық бағалау.



Асылгас ТҰҢҒАТАРОВА,
Есір Айшуақұлы атындағы
орта мектептің мұғалімі.
Маңғыстау облысы,
Маңғыстау ауданы,
«Жыңғылды» ауылы.

ӘБІШТІҢ «АВТОМОБИЛЬ» ПОВЕСІ

Сабақтың мақсаты: білімділік – «Автомобиль» повесіндегі бала Жақанның санасын оятқан өмір сабақтарын жете түсінуі; Жақан арманы, оның орындалған мұраты екенін

дәлелдеу; **дамытушылық** – оқушының сөз байлығын, сөздік қорын байыту, өз ойын ауызша да, жазбаша да жүйелі жеткізуге баулу; **тәрбиелік** – еңбексүйгіштікке, мамандық тандай білуге, адамгершілікке үйрету.

Түрі: қорыту және білімдерін жинақтау. **Әдісі:** сұрақ-жауап, іздендіру, қайталау.

Сабақтың барысы.


I. Ұйымдастыру. Амандасу, сынып тазалығын қадағалау, оқушыларды түгелдеп, назарларын сабаққа аудару.

II. Повестің шығу тарихы.

“Автомобиль” повесі аңыздық желіге құрылғанымен, арғы түбі өмірде болған оқиға, ақиқатқа негізделген. Бұл повесть Қобылан Зоранұлының рухына бағышталған. Оны біз повестің басындағы арнау сөздерінен аңғарамыз.

Қобылан Зоранұлы кім? (Оқушылардан сұралады).

III. Ауызша жұмыс. Повесть кейіпкерлері.



(Әр оқушы кейіпкерлерге тоқталады).

IV. Топпен жұмыс.

«Асыл сөзді іздесең»...

Сұпы – иманды адам. *Китель* – әскери киім. *Паң* – кербез. *Тәкаппар* – өркөкірек. *Қыңушы* – қорқушы. *Әңгүдік* – дөрекі.


V. Деңгейлік тапсырмалар:

I деңгейлік тапсырма.

1. Повесть дегеніміз не?

2. Повесте кездесетін тұлпардың атын ата.

3. Жақанның бойында қандай жақсы қасиеттер бар?



II деңгейлік тапсырма.

1. Жақанның оқу бітіріп қоштасар сәтіндегі мұғалімнің айтқан сөзін кітаптан тап. (Оны қалай түсінесің?)

2. Жақанға ақылшы болған үш кісіні ата.

3. Көксұр Елемес Жақанға




III деңгейлік тапсырма.

1. Тақымы атқа тисе қай қазақтың баласының делебесі қозбайды?! Сөйткен Теңбілкөкті Жақан дәл қазіргі өмірде темір тұлпармен қалай алмастырды?

2. Повестегі Естемесов образы өте сәтті сомдалған. Сырттай қатты көрінгенімен, ол – көл-көсір мейірім иесі. Намыс қысқанда Жақан жоғалып кетіп, оны өлгелі жатқан жерінен тауып алған – осы ағасы. Оның маңдайынан алғаш рет сипаған алақан да – сонікі. Осындай кейіпкерді Әбіш Кекілбаевтың қай әңгімесінен кездестірдің?

3. Салыстыр



VI. Инсерт әдісі

Не білеміз?	Не білдік?	Жаңа сөздер

VII. Топтастыру стратегиясы бойынша повестің тәрбиелік мәнін ашып қорыту.



(Оқушылар осылайша толтырады).

VIII. Бағалау. Сабаққа белсене араласқан оқушыларды бағалаймын.

IX. Үйге тапсырма. «Кім болам?» тақырыбына шығарма жазу.



Мәншүк САРБАСОВА,
Атырау облысының
Қызылқоға ауданындағы
«Қаракөл» орта
мектебінің мұғалімі.

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ. «ҚАЗАҚ ТІЛІ»

Сабақтың мақсаты: білімділік – Мағжан ақынның өмірі мен шығармашылығы туралы жалпы мәлімет бере отырып,

өлеңнің тақырыбын, идеясын ашу, тіл тазалығы, тіл байлығы жайлы түсіндіру; **дамытушылық** – ойлау дағдыларын дамыту, өзіндік пікір қалыптастыру, көркем әңгімелей білуге баулу, ізденімпаздық қасиеттерін дамыту; **тәрбиелік** – дара, дана тұлға қалыптастыру, Отанын, елін сүйе білуге, тілді құрметтеп бағалауға, ұлыдан үлгі алуға шақыру, елінің патриоты болуға тәрбиелеу. **Әдіс-тәсілі:** сұрақ-жауап, ізденіс, талдау, баяндау. **Түрі:** аралас. **Көрнекілігі:** суреттер, тірек-сызбалар, слайд түрлері, интерактивті тақта, «Жалынмын мен, келме жақын, жанарсың...» бұрыш көрмесі. **Пәнаралық байланыс:** тарих, география, сурет, қазақ тілі.

Сабақтың жүру барысы.

Ұйымдастыру. Оқушылардың сабаққа қатысы.

Үй тапсырмасын тексеру (Сұлтанмахмұт Торайғыров. «Шығамын тірі болсам адам болып»).

- Ақын өлеңді кімге арнаған?

- Өлең не туралы айтылған?

Жаңа сабақ.

I. Оқушы деңгейі. Ой шақыру.

а) Жаңа сабақты меңгерту.

Мағжанның өмірі мен шығармашылығы.

1-слайд.

1893-1938ж. Солтүстік Қазақстан облысы, Булаев ауданында туған.

Ақын, аудармашы, ұстаз, ғалым, қоғам қайраткері.

Өлеңдері: «Мен кім?», «Сүйемін», «Қазақ тілі», т.б.

Поэмалары: «Жүсіпхан», «Қорқыт», «Батыр Баян»,

«Тоқсанның тобы».

Ақын бұл «Қазақ тілі» өлеңін 1913 жылы 20 жасында жазды.

Өлеңді толық мәнерлеп жатқа оқу. Мазмұнын түсіндіру.

II. Алгоритмдік саты.


ә) Оқулықпен жұмыс:

1. Өлеңді мәнерлеп оқуға кезек берейік;

2. «Еркін ой».

Жаңа сабақ бойынша төмендегі топтастыру кестесін пайдалана отырып ойтолғау.

2-слайд.



3. Түсініктеме күнделігі. Сөздікпен жұмыс.

3-слайд.

Ерікке ұмтылған – тәуелсіздікке. *Ұшқыр жаны кісенде* – қазақ тілі тәуелді. *Қос қанат* – көне, баба тіл. *Нұрлы жұлдыз* – жарық сәуле. *Кен* – жер асты байлығы. *Кен тілім* – бай тілім.

4. «Кім көп біледі?» Қазақ тілі – бабам тілі, ғажап тіл.

Тіл туралы мақал-мәтелдер мен дәйексөздер айту, көркемсөздер оқу.

5. Талдау – табыс кілті. Сатылай кешенді талдау.

Тақырыбы: ... Идеясы: ... Жанр түрі: ... Шумақ: ... Тармақ: ... Бунақ: ... Буын: ... Ұйқас: ... Әдеби-теориялық ұғым: ... Өлеңнің негізгі түйіні: ...

III. Эвристикалық саты.

1. Сурет арқылы ой қозғау.

Тақтаға «Кеше. Бүгін. Ертең.» атты сөздерге қатысты түрлі көлемдегі теректің суреті ілінеді.

КЕШЕ – кешегі тіл тағдыры, тарих туралы.

БҮГІН – бүгінгі тіл жайы, тіл мәселесі.

ЕРТЕҢ – ертеңгі болашақ көзімен.

Әр оқушы осы суретке қарап отырып, үш бөлімде өз ойларын ортаға салады.

2. «Сұрақ – бізден, жауап – сізден». Интерактивті тақтамен жұмыс.


4-слайд. Төмендегі сұрақтарға жауап іздеп, сөйлем құрайық.

Бүгінгі сабақтың басты сөйлемін анықтайық.

- | | | |
|----------------|--------------------|------------|
| 1. Кім? | <u>АҚЫН.</u> | Бастауыш |
| 2. Қандай? | <u>ӨР ДАРЫНДЫ.</u> | Анықтауыш |
| 3. Не туралы? | <u>ТІЛ ТУРАЛЫ.</u> | Пысықтауыш |
| 4. Не істейді? | <u>ТОЛҒАНАДЫ.</u> | Баяндауыш |
| | <u>ТЕБІРЕНЕДІ.</u> | |
| | <u>ЖЫРЛАЙДЫ.</u> | |

IV. Шығармашылық саты.

1. Шығармашылық жұмыс. Ана тіліне деген ойларыңызды өздеріңізге ұнайтын суреттер мен сөздер арқылы жеткізіндер.



1. Ана тілі, аспандағы жұлдыздай әрқашан мәртебең биік болсын!

2. Аяулы тілім, көктегі Күндей жарқыра!

3. Ана тілім – жүрек үні!

Әр оқушы осылай өз пікірлерін суреттеп беруі қажет.

2. «Кім жылдам?» Жұмбақтармен жұмыс.

1. От емес, өртейді; Мұз емес, тоңдырады (Сөз).

2. Көзге көрінбейді, бірақ сезінесің.

Жақсы айтса – майдай еріп,

Жаман айтса – безінесің. (Тіл).

3. Жұбататын да, жылататын да не? (Сөз).

4. Бірінші сөз – құс аты,

Екіншісі – бояу түсі.

Екеуін біріктіріп оқысаңыз,


Оңынан да, солынан да

Ұлт болып шығады. (Қаз – ақ).

3. «Кім тапқыр?»

Төмендегі сұрақтарға жауап беру арқылы жасырынған сөздерді табу керек.

Жасырынған сөз: *Мағжан – қазақ халқының ұлы ақыны.*



1. Мағжанның туған жері мен туған жылын айтыңыз.

2. Ақынның ата-анасының есімі мен сүйікті жары кім?

3. Ақын поэмалары, өлеңдері қалай аталады?

4. Мағжан «Қазақ тілі» өлеңін неше жасында, қай жылы жазды?

5. Мағжан кім?

Үйге тапсырма. Өлеңді мәнерлеп жатқа оқу. Мағжан туралы деректер жинақтау.



Жанар ӘЗІМХАНҚЫЗЫ,
Абай атындағы мектеп-
лицейінің мұғалімі.
 Оңтүстік Қазақстан облысы,
 Түлкібас ауданы,
 Тұрар Рысқұлов ауылы.

«МЕНИҢ АТЫМ – ҚОЖА»

(6-сынып, 2-сағаты)

Сабақтың мақсаты: **білімділік** – Бердібек Соқпақбаевтың өмірі мен шығармашылығына байланысты оқушының білімін арттыру, повесть бойынша өз ойларын ортаға салуға жұмылдыру, қорытындылау; **дамытушылық** – оқыта-үйрете отырып оқушының танымдылығын, білім дағдыларын арттыру; **тәрбиелік** – таза жүректікке, адалдыққа, балалықтың бал дәуренін түсіне білуіне тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілі: оқыта үйретеу, ойтолғау, сұрақ-жауап.
Пәнаралық байланыс: тарих, география. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта, электронды оқулық, үлестірмелі тапсырмалар.

Сабақтың барысы.

Ұйымдастыру. Оқушылармен сәлемдесу, түгелдеу, зейін аударту.

Интерактивті тақтада Бердібек Соқпақбаевтың суреті.

Үй тапсырмасын сұрау

1. Бердібек Соқпақбаев қай жылы, қай жерде дүниеге келді? 2. Жастайынан кім болсам деп армандады? 3. Қандай қызметте жұмыс істеген? 4. Қандай шығармаларын білесіңдер? 5. Жетістіктерін ата.

Жаңа сабақ.

Қожаның суреті.

- Өздеріңе қандай есімдер ұнайды?

Балалардан атын сұрау.

- Балалар, Қожа өз атына риза емес екен. Балдырлап қоя салған дейді. Ат қою дәстүріне тоқталайықшы.

- Қожа қандай бала?

- «Әкең өлсе де, әкеңнің көзін көрген адам өлмесін» дейді.

- Сәйбек қарт кім?

Фильмнен үзінді көрсетіледі: Майқанованың сөмкесіне салған жері.

Балалар интерактивті тақтадағы сұрақтар мен суреттерге қарап жауап береді.


Кешенді талдау:

- Оқиғаның басталуы.
- Оқиғаның дамуы.
- Оқиғаның шиеленісуі.
- Оқиғаның шарықтау шегі.
- Оқиғаның аяқталуы.
- Оқулықпен жұмыс.

Кітаптан балаларға диалог сөздерді теріп оқыту.


Дәптермен жұмыс: теңеу сөздерді табу.

Топтау стратегиясы.



Сергіту сәтін орындату (1-2 минут).

Венн диаграммасы.



- Қожаның қандай екенін білдік, енді біз өзіміздің қандай бала екеніміз туралы «Мен қандаймын?» деген сұраққа жауап берсек.

- Сынып жетекшісі Майқанова Қожаға қалай әсер етті?

- Қожаның құпия кеңес өткізуі, әжесі оны неге жорыды?

- «Түбінде адам болатын бала» деп Майқанова неге айтты?

Фильмнен Қожаның жабық кеңес өткізіп жатқанынан үзінді көрсетіп, қорытынды жасадым.

Лекция кезеңі: «Повестен алған әсерім».

Қорытынды. Бағалау.

Үйге тапсырма. Авторға байланысты қосымша материалдар іздеу. Шығарманың мазмұнын айту.



Зәуреш СИПИТАНОВА,
№2 жалпы орта білім
беретін мектептің мұғалімі.

Атырау облысы,
 Жылыой ауданы,
 «Қосшағыл» ауылы.

ШЕРХАН МҰРТАЗА. **«БЕСЕУДІҢ ХАТЫ»**

(8-сынып, 1-сағаты)

Сабақтың мақсаты: білімділік – Шерхан Мұртазаның өмірімен, шығармашылығымен тереңірек таныстыру,

«Бесеудің хаты» драмасының мазмұнын, идеясын ұғындыру; **дамытушылық** – қазақ халқының ашаршылық жылдарындағы қайғылы кезеңдері мен тарихи бастан кешкен қасіретін таныту, оқушылардың өз бетімен ізденіп оқу, шығармашылық дағдыларын қалыптастыру; **тәрбиелік** – ел тарихымен таныстыра отырып, оқушыларды елін, жерін, халқын сүюге тәрбиелеу, отаншылдық, ұлтжандылық қасиеттерін қалыптастыру.

Әдісі: түсіндіру, сұрақ-жауап, шығармашылық жұмыс, топтастыру, Венн диаграммасы.

Түрі: аралас, мультимедиалық сабақ.

Пәнаралық байланыс: тарих, ән-саз.

Көрнекілігі: Шерхан Мұртазаның, Тұрар Рысқұловтың, И.В.Сталиннің, Голощекиннің фотосуреттері, хаттары, фотомонтаж, слайдтар, проектор.

Сабақтың жүрісі.

I. Ұйымдастыру:

1. Оқушылардың сабаққа қатысын тексеру;

2. Үйге не берілгенін сұрау:

а) Мұхтар Әуезовтің «Қараш-Қараш оқиғасын» қайталап оқып келу;

ә) Шерхан Мұртазаның «Бесеудің хаты» драмасымен алдын ала танысып келу;

б) Ізденушілік жұмыс: «Бесеудің хатын» тарихи кітаптардан іздеп, дәптерлеріне тауып жазып келу.

II. Үй тапсырмасын сұрау.

1. «Бетпе-бет» студиясы (Сұрақ қою арқылы оқушы жауаптарын тыңдау);

2. «Топтастыру» стратегиясы.




III. Жаңа сабақты түсіндіру, сол бойынша жұмыстар:

1. Шерхан Мұртазаның өмірі, шығармашылығы туралы (Хронологиялық таблица бойынша түсіндіру).



2. Әдебиет теориясынан мәлімет беру (Драма, комедия, трагедия, диалог, монолог, ремарка).



3. Үйге оқып келуге тапсырылған «Бесеудің хаты» пьесасының қысқаша мазмұны сұралады.

4. Шығарма мазмұны бойынша бірнеше сұрақтар қойылды:

- а) Шығарма қандай тарихи оқиғаға негізделіп жазылған?
- ә) Драмадағы басты кейіпкерлер кім?
- б) Шығармада Ғабит Мүсірепов бейнесі қалай суреттелген?
- в) 1916 ж. Ұлт-азаттық көтеріліс батыры – Амангелді Имановтың жары туралы айтылады, ол кім?

5. «Топтастыру» стратегиясы.



6. **Ізденушілік жұмыс.**

«Бесеудің хатын» дәптерлерінен оқыту.

7. Ол хатты Тұрар Рысқұловтың Сталинге жазған хатымен байланыстыру.

Зұлмат ауқымының зор болғаны сонша 1930-32 ж. аштық тарихқа «Ұлы жұт», қазақ халқының аса зор қасіретті жылдары болып енді.


8. «Ой шақыру» стратегиясы. Тұрар Рысқұлов туралы қандай шығармалармен таныстық? (V сыныпта Шерхан Мұртазаның «Тұтқын бала», Мұхтар Әуезовтің «Қараш-Қараш оқиғасы» повесімен).

9. Ендеше, осы шығармалардағы Сейіт пен Тұрарды салыстырайық.

Венн диаграммасы.

«Қараш-Қараш оқиғасы».

«Тұтқын бала».



10. Мәтінмен жұмыс.

I бөлім III суретті рөлге бөліп оқыту. Ішінен диалог, монолог, ремарканы таптыру.

Сөздік жұмыс.

Иуда – Иса пайғамбарды сатып кетуші. *Голгоф* – Иса пайғамбарды крешке шегелеп тастаған жерді айтады. *Авантюра* – арандатушылық әрекет, тәуекелге салып, оңай олжа іздеушілік. *Френч* – сыртынан бастырыла тігілген төрт қалтасы бар әскери үлгідегі кеудеше. *Инквизиция* – 1) шіркеуге қарсылармен күресу үшін XIII ғ. басында католик шіркеуі ұйымдастырған полицейлік сот ұйымы; 2) азап көрсетушілік, азаптаушылық, қатаңдық.

IV. Сабақты бекіту. «Қазақстандағы ашаршылық» деген тақырыпта деректі фильм көрсету, сабақты қорыту.

V. Үйге тапсырма беру. 1. Шерхан Мұртазаның өмірі, шығармашылығы. 2. «Бесеудің хаты» драмасын оқу. 3. Деректі фильм бойынша ой-толғау жазу.

Ғалия ШӘРІПЖАНОВА,
Алматы энергетика
және байланыс
университетінің доценті, ф.ғ.к.

ЫБЫРАЙЫМ МАМАНОВ ҚОС ҚЫЗМЕТТІ -ДАЙ, -ДЕЙ АФФИКСІ ТУРАЛЫ

Ыбырайым Маманов – қазақ тіл білімінің әр саласына қалам тартқан ғалым. Ең алдымен қазақ тіліндегі етістік мәселесіне көп көңіл аударып, категориялық ерекшеліктерін зерттеп, грамматикалық сипаттарын айқындайды. Қазақ тілінің табиғатына жіті көңіл аудара отырып, салыстырмалы түрде орыс грамматикасымен байланыста қарастырады. Ғалым жалпы тіл білімінің жетістіктерін кеңінен пайдаланған. Тіл дамуына әсер ететін заңдылықтарды, ішкі және сыртқы факторлар мен себептерді ашып көрсетеді. Әр түрлі әдістер арқылы материалдарды жинап, өңдеп, топтап және соның негізінде теориялық қорытындылар жасайды.

Типология тілдік жүйенің әр түрлі деңгейде бірігу белгілерінің белгілі типтері мен типтік құбылыстар дамуының анықталуымен шұғылданады. Әр түрлі тілдердегі тілдік белгілердің тоғысуы барлық немесе көптеген тілдерге сәйкес келетін кейбір жалпы заңдылықтардың (құрылымдық белгі, заң, ерекшелік, тенденция) дамуына әкеледі. Бұл заңдылықтарды тілдік универсалдар деп атау қабылданған.

Тілдік универсалдарды анықтауға едәуір үлес қосқан ғалым қазақ тілі материалдарын моңғол, армян тілдерімен, грек, грузин тілдерімен салыстырады. Көп тілді меңгерген ғалым қазақ тіл білімінің ғылыми негізін қалауға ат салысты. Ы.Маманов тілдерді салыстыруда, салғастыруда жүйесі бір тілдер мен жүйесі басқа тілдердің материалдарын өзінің ретімен, орынды пайдаланғанды ұсынады. Ғалым бұл жайлы «*Жүйесі басқа тілдердің грамматикалық құбылыстарының жүйелі тәртібін, заңдарын басшылыққа алып, сол заңдарды екінші бір тілге күштеп ендіру тіл біліміне үлкен қиынат*» деп жазады / Қазіргі қазақ тілі (Етістік). А., «Мектеп», 1966, 156-б./.

Ы.Мамановтың тіл білімінің морфология саласына қосқан үлесін саралай зерттеу оның ғалымдық тұлғасын танытып, ғылыми танымын тереңірек ашып көрсетуге мүмкіндік береді. Соның ішінде қазақ тіліндегі қосымшаларды тілдік материалға сәйкес бөліп қарауы, әлі де әр түрлі пікір қалыптастыруға негіз болып жүрген аффикстерге берген тұжырымды ойлары, етістіктің грамматикалық топтарына байланысты құнды пікірлері қазіргі қазақ тілінің грамматикасын қалыптастыруға қосқан құнды көзқарас, тұжырымдары деп санаймыз.

Қазақ тілінде күрделі мәселелердің бірі болып табылатын қосымшалардың табиғатын анықтау ХХ ғасырдың екінші жартысына дейін жалғасып келді. Қазақ тілінде жазылған грамматикаларда қосымшалар *сөз тудырушы, форма тудырушы, сөз түрлендіруші* болып бірде үш топқа бөлінсе, кейбір еңбектерде *сөз тудырушы* және *форма тудырушы* болып екіге жіктеледі. Бұл соңғы классификация Ы.Маманов еңбегінде нақты шешімін тапқан. Ғалымның ғылыми тұжырымдамасы бойынша, қазақ тіліндегі сөз

тудырушы қосымшалар мен форма тудырушы қосымшаларға қойылатын өлшемдер айқындалып көрсетіледі.

-*дай, -дей* қосымшасы мектеп оқулықтарынан бастап, жоғары оқу орындарына дейінгі қазақ тілі оқулықтарында сын есім тудырушы жұрнақ болып анықталған. Сөзжасам қосымшасы деп танылғандықтан, түсіндірме сөздіктерде зат есімдерге жалғанған *-дай, -дей* формалы сөздер сын есім деп көрсетіледі. Бірақ *-дай, -дей* формалы сөздердің түсіндірмесі бірізді емес. Ол бір жерде «сияқты», «тәрізді» мағыналарында берілсе, кейбір тұста ауыс мағыналары нақтыланып отырады. Мысалы, **ақбөкендей** сын. 1. *Ақбөкен сияқты, ақбөкен тәрізді. Ақбөкендей* болашақты болжамай, Жол сауданы олжалай, Ақбөкендей алданып, Жылқыдай делбе сандалып, Аңдамай келіп түскенсің (Дулат Бабатайұлы, Замана). 2. Ауыс. *Ақбөкен сияқты ірі, үлкен.* Сыртын сырмен сырлатқан, Қарағай найза орнатқан, *Ақбөкендей* қойы бар, Ақ күмбездей бойы бар, Қандай байдың үйі екен? (І.Жансүгіров. Шығ.). (Қазақ әдеби тілінің сөздігі, 2006). Бірінші мысалда ақбөкенге теңеу жағы басым болып, «тәрізді», «сияқты» мағыналарында қолданылып тұрса, екінші мысалда теңеу жалпыланып, ақбөкеннің қасиетіне байланысты «ірі», «үлкен» деген ауыс мағынаға көше бастаған. Бұған қарап, *-дай, -дей* тұлғалы зат есімдердің мағыналық ала-құлалықтарына қарап, оларды сөзжасамдық бірлік не сөзжасамдық емес бірлік деп тануда әлі де шешімін таппаған мәселелер бар екендігіне көз жеткіземіз. Түркологияда бұл қосымша туралы әр түрлі пікір айтылған. Ғалымдардың бір тобы *септік жалғауы* деп анықтаса, енді бір топ ғалымдар *шылау*, келесі тобы *үстеу тудырушы*, енді біреулері *сын есім тудырушы қосымша* деп көрсетеді.

П.М.Мелиоранский *-дай, -дей* аффиксін *салыстырмалы*

септік деп атаса / Краткая грамматика казак-киргизского языка. СПб, 1897, 92-б./, бұған үндес Құдайберген Жұбанов *теңдес септік жалғауы* деп анықтайды / Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. А., «Ғылым», 1966, 362-б./ Татар ғалымдары М.Закиев / Синтаксический строй татарского языка. Казан, 1964, 464-б./ пен Ф.Ганиев бұл аффиксті септік парадигмасына қосады / О синтетических и аналитических падежах в татарском языке // Сб. Вопросы тюркологии. Казан, 1970/. Сөзіміз дәлелді болу үшін Ф.Ганиевтің мына тұжырымына назар аударғымыз келеді: «Следует отметить, что во многих трудах по татарскому языкознанию суффиксы *-дай, -дей* рассматриваются как словообразовательные. Однако это утверждение не согласуется с фактами языка. Ибо указанные суффиксы присоединяются ко всем конкретным существительным. По своим функциям и значениям они ничем не отличаются от грамматических, в данном случае от падежных показателей. Эти суффиксы служат для выражения отношения одного слова к другому, и формы, образованные при помощи данных суффиксов относятся к грамматическим показателям и не имеют никакого отношения к словообразованию» / Суффиксальное словообразование в современном татарском литературном языке. Казан, филиал АН СССР, 1974, 231-б./ Бұл аталғандардан басқа Н.П.Дыренкова, Л.Н.Харитонов, Г.Алпаров, Э.В.Тенишев сияқты ғалымдар бұл тұлғаны *септік жалғауларына* жатқызған. Қазақ тіл білімінде Қ.Жұбановтан кейін бұл қосымшаның *септік жалғауы қызметі* барын көрсеткен Ғ.Мұсабаев болды. Бұл орайда ғалым *-дай, -дей* тұлғасын, біріншіден, «сияқты», «секілді» сөздерімен мәндес; екіншіден, сөз бен сөзді байланыстырады; үшіншіден, жалғанған сөзінің лексикалық мағынасын өзгертпейді;

төртіншіден, барлық сөз табына дерлік жалғана алады деген өлшемдерді ұстанады. Алайда мақала соңында *-дай, -дей* қосымшасын *сын есім тудырушы аффикс* деп көрсетіп, екі жақты пікірге келеді. Ғалым өзінің мақаласында *-дай, -дей* аффиксін жұрнақтан бүтіндей қол үзбеген, жалғауға айналып бара жатқан аралық категория ретінде қарайды / Қосымша *-дай, -дей* туралы // Қазақ ССР Ғылым Академиясының Хабарлары. 3-4 шығуы. А., 1955/.

Бұл қосымшаны *форма тудырушы қосымша* деп анықтаған ғалымдар – Н.А.Баскаков, М.Хабичев, қазақ тіл білімінде – Ыбырайым Маманов.

Осы қосымшалардың сөзжасамдық және форма жасаушылық қызметін анықтау мақсатында жазылған А.Жаңабекованың «Сөз формаларын жасаудағы қосымшалардың функциялық ерекшеліктері» деп аталатын кандидаттық диссертациясында *-дай, -дей* қосымшасы, жоғарыда көрсетілгендей, анықталу сипатына қарай топтастырып, осы қосымша туралы айтылған ғалымдар пікірлері мен көзқарастарын жүйелі түрде сөз етеді. Автор *-дай, -дей* қосымшасын *ұқсату мағынасын беретін форма тудырушы қосымша* деп анықтайды. Мұндай тұжырым жасауда Ы.Мамановтың *-дай, -дей* қосымшасы туралы айтқан пікірлерін басшылыққа алған деуге болады /А., 2011/. Қ.Шаяхметов сын есім тудырушы *-дай, -дей* қосымшасын *екі функциялы қосымша* деп анықтайды. Оның пікірінше: *-дай, -дей* қосымшасы жекеше, атау тұлғалы зат есім түбірлеріне жалғанғанда сын есім тудырып, сөзжасамдық қызмет атқарады. Ал есімше, көптік, тәуелдік, *-нікі, -дағы, -дегі* формаларынан кейін, жалқы есімдерге, модаль сөздерге жалғанып форма ғана тудыратынын айта келе, бұл қосымшаны *екі функциялы аффикс* деп көрсетеді / Қазақ

тіліндегі қосымшалардың екі жақты қызмет атқаруы // Қазақ тілі мен әдебиеті. А., 1968. 5-шығы. 185-195-б./.

-*дай*, -*дей* қосымшасының тілдік табиғаты өте күрделі екендігін жоғарыда айтылған әр алуан көзқарастардан байқауға болады. Бұл қосымша жалғанып жасалған сөз формаларының білдіретін мағыналарын салыстырғанда оның жалғанған сөзіне тек салыстыру мағынасын үстеумен қатар әр түрлі ауыс мағыналарды да білдіре алатындығына көз жеткіземіз. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде берілген -*дай*, -*дей* тұлғалы сөздердің мағыналық сипаттарына назар аударалық. Мысалы, «Арландай» сөзіне мынадай мағына беріледі: Арлан тәрізді, арлан сияқты. *Алты ұлы бар арландай, Жалғыз қызы ардақты* («Қамбар батыр»). *Қасқырдың арланындай екі төбет құйрық бұлғап, басқа секіріп, Ғалибекке еркелеп жатыр* (Ж.Тілеков. Жоңғар). Берілген екі мысалдағы -*дай*, -*дей* тұлғалы «арлан» сөзінің мағыналарын салыстырсақ, оларды екі мағынаға ажыратып көрсетуге болатынын байқаймыз. Екінші мысалдағы «арландай» сөзінің мағынасы «қасқырдың арланы сияқты, қасқырдың арланына ұқсайтын екі төбет» деген мағынада қолданылған. Мұнда таза қасқырдың арланына ұқсату, салыстыру мағынасы бар. Бұл -*дай*, -*дей* аффиксінің тура мағынасы. Бұл аффикстің бірінші мысалдағы мағынасы (арландай ұлы бар) ұқсату, салыстыру мәнінен гөрі арланға тән мінез-құлық, сыр-сипаттан шыққан «дырдай, арыстай, ортан қолдай» деген мағыналарды білдіреді. Бұл «арландай» сөзінің ауыс мағынасы болып табылады. Олай болса, түсіндірме сөздікте екі мағынасы көрсетілуі тиіс. Алайда бұл сөздің бірінші салыстыру мағынасын білдіретін қолданысы таза сөзжасамдық емес. Өйткені мысалдағы, біріншіден, -*дай*, -*дей* қосымшасы *арлан* сөзіне тәуелдік формадан

кейін жалғанып тұр, яғни мұндайда ол грамматикалық формалардан кейін жалғана береді де, жалғанған сөзіне салыстыру мағынасын үстейді. Мұндай салыстыру кез келген екі затты не құбылысты, не қимылды, т.б. салыстыру кезінде бола беретін жағдай. Ол жалқы есімдерге жалғанғанда да, есімдіктерге жалғанғанда, сан есімдерге жалғанып та салыстыру мағынасын үстейді. Бұл жағынан ол, Ы.Маманов көрсеткендей, грамматикалық абстракция жасап, сөзжасам қосымшаларына тән талғап жалғану шартына сәйкес келмейді. Ал ауыс мағынада қолданылғанда бұл қосымша жалғанған сөзді сөзжасамдық бірлік ретінде қарауға болады. «Арлан» сөзінің екінші ауыс мағынасы болғанмен, оның қолданыста тура мағынасы (арлан сияқты) да сақталған. Ал кейбір осы қосымша жалғанған сөздерде тура мағыналары сақталмаған жағдайлар да кездеседі. Олардың түбіріне -*дай*, -*дей* қосымшасы кірігіп кеткен. Мысалы, Ы. Мамановтың сөзжасамдық бірліктерге жатқызған «титтей, дардай, алпамсадай» сөздерін бөліп-жарып қолдануға келмейді. Ал кейбірі сөйлеу кезінде тура мағыналарында қолданыла береді. «Түймедей» сөзін алайық. Сындық мағынасы – кішкентай, сонымен қатар «Үлкендігі түймедей ғана затты көрсетті» (Ауызекі) деген сөйлемде «үлкендігі түйме сияқты, түйменің үлкендігіндей» деген мағынаны білдіреді.

Қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігінде -*дай*, -*дей* тұлғалы сын есімдер негізінен беріліп отырады. Бұл қосымша сын есім тудырушы жұрнақ саналғандықтан, осы формамен келген сөздердің біразы сөздікке енгізілген. Бірақ оның берілуі мен мағыналық сипатында бірізділік жоқ. Айталық, кейбір зат есімдермен қолданысы берілген де, қайсыбірінде бұл тұлғамен түрленісі берілмеген, яғни, -*дай*, -*дей* тұлғалы зат есімдер жаппай берілген дей алмаймыз. Бұл

айтылғандардан *-дай, -дей* қосымшасының тілдік табиғаты аса күрделі екендігін байқаймыз. Қазақ тіл білімінде бұл аффикс туралы әр түрлі пікірлер болғанмен, оның барлық қолданысына таратылып талдау жасалмаған. Сол себепті бұл қосымшаның тілдік табиғатын мысалдар мен сөздіктегі мағыналарын салыстыра отырып, мол тілдік фактілер жинақтап әлі де зерттеу қажет.

Ы.Маманов *-дай, -дей* қосымшасы сияқты әр жақты, әр бағытта зерттеліп жүрген тілдік тұлғалардың табиғатын ашуға ұмтылған. *-дай, -дей* қосымшасын форма тудырушы деп тануына бұл тұлғаның мынадай тілдік сипаты негіз болған. Біріншіден, *-дай, -дей* жұрнағы өзі жалғанған түбір сөздің лексикалық мағынасын өзгертпейді, оған салыстыру мағынасын үстейді. Екіншіден, бұл тұлға сөзжасам қосымшаларының талғап жалғану шартына толық сәйкес келе бермейді. Ол сөзді талғамай жалғанады. Бұл өлшемді Ы.Маманов «Форма тудырушы қосымшаларға тән екінші сипат, яғни, форма тудырушы қосымшалар грамматикалық абстракция жасайды» деп көрсетеді. *-дай, -дей* қосымшасының мұндай ерекшеліктері кейін Қ.Шаяхметов, С.Исаев, А.Жаңабекова зерттеулерінде жалғасын табады. Алайда С.Исаев бұл аффиксті функциялық қосымшалар деген атаумен қосымшалар классификациясында көрсеткенмен, терең тоқталмаған. Екі функциялы аффикстердің тілдік табиғатын зерттеген Қ.Шаяхметов *-дай, -дей*-дің форма тудырушы қызметін көрсетумен қатар оның зат есім түбірлеріне жалғануы кезіндегі қызметін *сөзжасамдық* деп көрсетеді. Бұл теория бойынша, *-дай, -дей* қосымшасы барлық зат есімдерге жалғанғанда сөзжасаушы қызмет атқарады деген сөз. Алайда бұл тұжырымның дұрыс-бұрыстығына көз жеткізу үшін бірнеше зат есім түбір-

леріне *-дай, -дей* тұлғасын жалғап көрейік. Мысалы: *баладай, түймедей, таудай, аюдай, кітаптай, қаламдай, үстелдей, кілемдей, т.б.* Осы мысалдардағы *-дай, -дей* қосымшасының қызметі бірдей емес, бірінде сөзжасамдық бірлік жасаса, енді бірінде сөйлеу бірлігі болып салыстыру формасындағы зат есім болып тұр. *Үстелдей, кілемдей, қаламдай, баладай* сияқты сөздерде тек салыстыру мағынасы ғана бар да, ал *түймедей* сөзі кішкентай, *таудай* үлкен, *аюдай* ірі, дәу деген мағыналарды білдіреді. Бірақ бұл соңғы мысалдарда салыстыру мағынасы мүлдем жоқ деуге болмайды. Сөйлеу жағдаятына қарай ол сөздер таза салыстыру мағынасында да қолданылуы мүмкін. Мысалы: *Үлкендігі осы түймедей бар-ау* (Ауызекі). *Бағанағы аюдай үлкен емес екен* (Ауызекі). Осындағы *түймедей, аюдай* сөздері зат есімнің салыстыру формасында тұр. Бұл *-дай, -дей* қосымшасының негізгі қызметі, яғни, форма тудырушы қызметі. Ал олардың кішкентай, ірі, дәу мағыналары – екіншілік сөзжасамдық мағыналар.

Ы.Маманов *-дай, -дей* қосымшасының осындай тілдік сипатын анық аңғара білген. Сондықтан біз Қ. Шаяхметовтің *-дай, -дей қосымшасы зат есім түбірлеріне жалғанғанда сөз тудырады* деген пікірін біршама шартты түрде алынған тұжырым деп санаймыз. Ы.Мамановтың «*-дай, -дей* қосымшасының негізгі қызметі – форма тудыру, ал осы тұлға жалғанып жасалған сөздер бұл қосымшаның сөзжасамдық қызметінен емес, яғни, сөзжасамның синтетикалық тәсілі арқылы жасалмаған, олар үнемі қолданыла келе тұрақталып, лексикаланып, яғни, сөзжасамның лексика-семантикалық тәсілі арқылы, конверсия (грамматикалық сипатын өзгерту) жолымен жасалған» деген пікірін дұрыс деп санаймыз.

Гүлсім ДӨРКЕНБАЕВА,
Тұрар Рысқұлов атындағы
ҚазақӘУ-дің доценті.

РУХАНИ ҚАЗЫНАМЫЗДЫ ЖАС ҰРПАҚҚА ЖЕТКІЗУ

Біржан сал, Ақан сері, Жаяу Мұса, Үкілі Ыбырай, Мұхит, Балуан Шолақ, т.б. әнші, ақын, сал-серілердің шығармашылық мұрасы белгілі бір дәрежеде айқын, анық зерттелді.

XIX ғасырдағы қазақтың әйгілі серісі, әнші, ақын, композитор Сегіз Сері Мұхаммедханафия Баһрамұлы Шақшақов туралы соңғы 20 жылдай уақыт көлемінде аз айтылған жоқ. Сегіз Сері жайлы біршама деректер мен бірнеше шығармасының толық мәтінін Мәди Болатовтың ҰҒА Әдебиет және өнер институтының қолжазба бөліміне өткізген (08.V.78) №863 папкадан (1-10 дәптер) табуға болады.

XX ғасырдың сексенінші жылдары Шоқан Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты мен Мұхтар Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының дайындауымен «Жас шама», «XIX ғасырдағы қазақ поэзиясы», «Ел аузынан», «XIX ғасырдағы қазақ ақындары», «Айтыс» атты жинақтар жарық көрді. Осы аталған кітаптарда Сегіз серінің шығармаларынан көптеген үзінділер берілген. Аталған институттарға Сегіз сері туралы деректер әкеліп тапсырған фольклоршылар – Қаратай Биғожин мен Мәди Болатов. Мәселен, ”Ғылым” баспасынан жарық көрген «XIX ғасырдағы қазақ поэзиясы» атты кітапта (А., «Ғылым», 1981) «Гауһармын таразыға салынбаған» деген Сегіздің өлеңінен үзінді бар.

*Гауһармын таразыға салынбаған,
Қылыштын қынабынан алынбаған.
Керейдің Сегіз атты саңлағымын,
Секілді жанған оттай жалындаған. [103-б.].*

Сегіз серідей өнер иесінің мәдени мұрасы ұшан-теңіз, батырлығы – бас иерлік. Осындай тарихи тұлғаның мәдени мұрасынан мектеп оқушылары, студенттер, жалпы оқырман қауым мақұрым қалып келеді.

Сегіз серіні қалың оқырманға алғаш таныстырған атақты жазушы Ғабит Мүсірепов болды. Ол өзінің «Ұлпан» атты шығармасында «Бұл келген Керей аталатын көп рулы елдердің атышулы ақын әншілер, жыраулары еді. Ақын Шәрке сал, Тоғжан ақын, Нияз сері, Сапарғали ақын... Бәрі де атақтының атақтысы – Сегіз сері ақынның мұрагерлері» деген [Б.Қарымсақова. «Қазақ әдебиетіндегі әнші-ақындар мен күйшілер бейнесі» (диссертация). 2009, 516-б.].

Сегіз сері ақынның тағдыры мен шығармалары бірқатар ғалымдардың да назарына іліккен. Белгілі ғалым Әлкей Марғұлан «Күйді суреттеп, әнді меңгерген қаламгер» атты мақаласында «Тәттімбетпен қатар сахарада аты кеңінен тараған, қазақтың аяулы ұлы – Сегіз сері. Көкшетау мен Обаған өлкесінде бірінші жарқырап шыққан өнер иесі – Сегіз сері» деген [«Жұлдыз» журналы, №9, 1983, 182-183-б.].

1991 жылы филология ғылымының кандидаты Т.Сүлейменовтың «Сегіз сері» атты кітабы жарық көрді. Онда автор «Сегіз сері» шығармаларынан үзінді келтіре отырып, өмірбаянын толық баяндауға тырысқан. Десек те, Сегіз сері шығармашылығы жан-жақты зерттелді деп айта алмаймыз.

1991 жылы шыққан Нәбиден Әбуталиевтің «Сегіз сері» атты кітабында Баһрамұлының өмірбаянына көлемді орын берілген. Көп жылғы ізденіс еңбектің тоқетер түйіні «Сегіз

серіні сөз еткенде айтайын дегеніміз: ол ХІХ ғасырдың қазақ әдебиеті әлемінен және қазақтың ән тарихынан өзінің тиісті орынын алуға тиіс».

Бүгінгі қазақ әдебиетінің алдыңғы буын өкілі ақын Қадыр Мырзалиевтің «Сегіз сері Баһрамұлы» атты өлеңі де бар.

Неге сегіз?

Сегіз қырлы болмысы,

Қалай сыймақ тар қалыпқа ол кісі.

Алдыңғысы болса болар тұлпардың,

Емес бірақ сәйгүлектің соңғысы.

Шырқағанда гашықтардың атынан,

Көкірекке ұялаған жатық ән.

Иықтағы жалғыз бас,

Бір ғана бас сегіз басқа татыған.

Осы бір өлең шумақтары арқылы «Неге сегіз?» деген сауал төңірегінде Қадыр ақын да біраз ой толғаған. [Б.Қарымсақова диссертациясында. 56-б.].

Қазақ ауыз әдебиетін, ән өнерін қайсыбір елдің туындыларымен салыстырар болсақ, оның барлық жағынан да ешкімнен кем түспесіне шүбә жоқ. «Сүйер ұлың болса, сен сүй, сүйінерге жарар ол» деп ұлы Абай айтқандай, халқымыздың асыл мұраларының, соның ішінде ән өнерінің осылай өзгеше сипат алуына бірден-бір үлес қосушы алаш ұлдарының да саны аз емес. Әйтсе де, туған даласын әнмен тербетіп, қысқа ғұмырында жүзден астам ән, жыр-дастан жазып қалдырған ірі тұлғалардың, сазгерлердің есімін кейде уақыт құрбанына айналдырып жіберетініміз жасырын емес...

Сегіз серінің әндері: «Гауһартас», «Ақбақай», «Алқоңыр», «Назқоңыр». Әншілердің орындауларында авторы анықталған болса да, бізге ескі әдетше «халық әні» деп жеткізеді. Бұның себебі неде? Себебі халқымыздың ұлы

тұлғалары әлі де болса қазақ қоғамында, қазақ мәдениетінде тиісті орын алған жоқ. Неге алған жоқ? Себебі Сегіз сері Омбы қаласында білім алғанымен, отаршыларға еріп, өз халқына қарсы жұмыс істеуден бас тартқан да, қашқын жолына түсіп, қазақ халқының мәдениетіне баға жетпес рухани қазына қалдырды.

Сегіз сері он төрт жасында шығарған «Арман» атты өлеңінде ержеткенде өмірінің жақсы болуын аңсайды, болашақ жарының тұлғасын, жүріс-тұрыс, мінез-құлқын көз алдына елестете бейнелейді.

Ер Сегіздің жастық шағының бір көрінісін алға тартатын, әлі күнге дейін баспа жүзін көрмеген тарихи, көркем туындылардың бірі – «Қыз сипаты». Ауыз әдебиетін зерттеуші Әскер Кенжеғозұлының «Қазақ батырлары» газетінің 1999ж. №10 санында жариялаған мақаласына көз жүгіртейік. Бұл дастан Байұлы, Ысық руының өкілі Ғайнижамал Қолдыбайқызына арналған.

Жүйрік ат, лашын, бүркіт, тазы баптап,

Шығардым гөзелдерге ән-күй арнап.

Ішінен көп сұлудың ұнатқаным –

Ысықта Ғайнижамал құрбым болмақ...

Көргенде жігітке ой қалдырған қыз,

Мас етіп ерді есінен тандырған қыз.

Қолына домбыра алып ән шырқаса,

Тәтті үні құлақ құрышын қандырған қыз.

Сегіз сері Ғайнижамалға ән шығарған. Ол «Ғайни» деген атпен ұрпаққа жетіп, бүгінде Ермек Серкебаевтың орындауында бізге де жетті.

Сегіз серінің ақындығын, композитор, әншілігі туралы Жаяу Мұса өзінің “Ер Сегіз” толғауында айтып кеткен. Бұл толғауды ауыз әдебиетін жинаушы, шежіреші Сейітқали

Қараменде “Алматы ақшамы” газетінде 8.01.1991.ж. жариялаған. Сегіз серінің шәкірті болған ақын, композитор, әншінің осы толғауынан үзінділер келтірейік.

*Жігіттер, өнер құрсаң – Сегізге ұқса,
Шәкірті Сегіз серінің атым – Мұса.
Қазақтың ел қорғаны мақтаныш қой,
Үш жүзде Сегіз серідей көп ұл туса.*

Жаяу Мұса өз толғауында Сегіз серінің өлең, әндерін кімге, қандай жағдайда шығарғанын тамаша ақындық өнермен суреттеп берген.

*Тараған қолтаңбамен Кіші жүзде –
Сегіздің “Айман-Шолпан”, “Қыз Жібегі”.
Сегізде толып жатыр тамаша әндер,
“Әйкен-ай”, “Жылой”, “Қарғаш”, “Бес Қарагер”,
“Шолпан қыз”, “Дайдидау” мен “Бозқараған”.*

*Бөлеген күйге Сегіз ой мен қырды,
Төгетін жиындарда асқақ жырды.
Омбыда Мукәрима сұлуға арнап
Шығарған алғашқы әні – “Назқоңырды”.*

Сегіз серінің “Назқоңыры” – осы кезде кең таралған ән. КСРО халық әртісі Әлібек Дінішев орындаған. Қазіргі эстрадалық жас әншілер тобы да концерттерде жиі орындап жүр.

Сегіз сері Омбыда Азиялық мектептің соңғы курсында оқып жүргенінде Ахметқали деген ауқатты кісінің Мукәрима атты қызына кездеседі. Бірақ Ахметқали патша офицеріне қызын бергісі келмей, екеуін кездестірмеудің жолын қарастырады. Осы себептен ол қызы Мукәриманы туыстарының үйіне жібереді. Мукәрима Сегізді шын сүйгендіктен, оған барған жерін білдіріп, келіп кетуін өтінеді. Жас Сегіз Мукәримаға бара жатып «Назқоңыр» атты

төрт шумақтан тұратын әнін шығарады. Қазір әншілер тек алғашқы екі шумағын ғана айтады:

*Ай қабақ, алтын кірпік, қызыл ерін,
«Кел» десең неге аяйын аттың терін.
Сары ағаш сазға біткен секілденіп
Қай жерде отыр екен бұраң белім?!*

*Базардан алып келген күміс құман,
Жігітті адастырған қалың тұман.
Арадан қыл өтпестей тату едік,
Біздерге қастық қылған қай антұрған?*

*Ал әннің қайырмасы мынадай:
Үйрек ұшып, қаз қонса,
Көлде самал жел соқса.
Мукәрима шақырған
Оңашада кез болса.*

Сегіз Мукәриманы туыстарының үйлеріне іздеп барғанында кездестіре алмайды. Сегіз алғашқы махаббаты – Омбыдағы Мукәриманы есіне алып, елестетіп «Ақ ерке» атты ән шығарады. Бұл ән 1986 жылы шыққан «Ән – көңілдің ажары» атты жинақта «Халық әні» деп жазылған.

Сегіз серінің өмір жолы қысқа болғанмен, артына қалдырған мәдени, әдеби мұрасы ұшан-теңіз. Осындай бай мұраны жоғалтпай, жинастырып, халық алдына тарту – әр қаламгерге, зерттеушіге парыз. Сегіз серінің өмірбаяны мен шығармаларын мектеп және жоғары оқу орындарының оқулықтарына енгізіп, әдеби кітаптар шығару – кезек күттірмейтін мәселе. Осыған ғалымдар мен жазушылар және баспа қызметкерлері жанашырлық көрсетсе – дұрыс-ақ.

Патима ӘЛІМБЕКОВА,
Мұхтар Әуезов атындағы
мектеп-гимназияның
мұғалімі.
Жамбыл облысы,
Сарысу ауданы,
Жаңатас қаласы.

«МАҒЖАНТАНУ» ТАҢДАУ КУРСЫНА АРНАЛҒАН ЖҰМЫС ДӘПТЕРІ

(6-сынып)

(Бастапқы бөлігі өткен санда)

20-сабақ

«Қараңғы, дауылды түн»

1. Ақын жаққан шырақ не мағынаны білдіреді? Автордың айтар ойы не?

Ақын сөзі	Идеясы	Дәлелдеу

2. «Бұйырса, шырақ сөнбес, ұзақ жанар,
Жарығы болмаса да жан таңқалар» деген жолдардың мәнін ашып жаз.

3. Өлеңнен көркемдегіш тәсілдерді тап.

Эпитет	Кейіптеу

4. «Өзім үшін жазу» стратегиясы.

Өлеңнің басты тақырыбы	Мазмұны, айтар ойы	Сені толқытқан өлең шумағын жазу

5. Бір шумақ өлеңді буынға бөл, буын түрлерін анықта.

21-сабақ

«Атақты ақын, сөзі – алтын хакім Абайға»

1. Абай Құнанбайұлы туралы не білеміз, балалар?
Ақынның қандай шығармаларын оқыдық?

2. Топтастыру.

Есіне сақта.

Троптың бір түрі – алмастыру, яки, метонимия (грекше-қайтадан атау), өзара *шектес заттар мен себептес құбылыстардың, өзара байланысты ұғымдар мен шартты сөздердің бірінің орынына бірін қолдану.*

3. Өлеңнен Мағжан ақын қолданған метонимияны тауып жаз.

4. Абай бейнесін сомдаудағы шеберлік.

5. Абай бейнесін жасауда ақын жеткен биіктік. Мысал келтіре отырып дәлелде.

6. Өлеңді сатылай талдау.

1. Тақырыбы: -----

2. Жанр түрі: -----

3. Идеясы: -----

4. Шумақ : -----

5. Тармақ: -----

6. Бунақ: -----

7. Буын: -----

8. Ұйқас: -----

9. Әдеби-теориялық ұғымдар: -----

7. «Абай – әдеби тұлға» тақырыбында шығарма жаз.

22-сабақ

«Тұтқын», «М.Д. абақтыдан шыққанда»

1. Өлеңдердегі көркемдегіш тәсілдерді тауып жаз.

2. Ойды жүйелі жеткізуде қандай антоним сөздерді пайдаланған? Теріп жаз.

3. Ақын ойы мен өз пікіріңді басшылыққа ала отырып, қазақ халқының біртуар азаматтарына қорытынды мінездеме жаз.

Ақын	Өз пікірім	Мінездеме

4. Шағын аннотациялық талдау жаса.

Өлеңнің аты	Қысқаша түсінік	Образды, бейнелі сөздер

5. INSTRG кестесін толтыру.

Тақырыптар	Нені білемін?	Нені білдім?	Нені білгім келеді?



23-сабақ

«Ана», «Анама»

1. «Ана» өлеңіндегі ана қайғысы неде? Ол неліктен түн ұйқысынан қалды?


2. Ананың балаға деген махаббаты қандай жолдардан көрінеді? Теріп жаз.

3. Өлеңнен көркемдегіш сөздерді тауып жаз.

Тенеу  Эпитет 
4. Өлеңді қарасөзге айналдырып жазып шық.

5. «Анама» өлеңінде ақын анасына қандай сырды жеткізіп отыр? Ана махаббаты дегенді қалай түсінесің?

6. Өлеңді «Ана» өлеңімен салыстыр. Екі өлеңдегі ақынның ой-арманы мен аналар жайлы пікіріндегі үндестікті тап.



7. Өлеңнен көркемдегіш сөздерді тауып жаз.

Метафора

Антоним

Эпитет

Синоним

8. Өлеңді құрылысына талда.

9. Ата-ана жайлы нақыл сөздерді жазып шық.

10. «Менің анам» тақырыбында шағын эссе жаз.

11. «Ана» сөзіне сөзтізбек құрастыру.

А
Н
А

24-сабақ

«Жұмбақ», «Жиленді кара орман», «Қараңғылық қоюланып келеді»

1. «Жұмбақ» өлеңінің құрылысындағы ерекшелік неде?

2. Параллелизм дегеніміз не?

3. Ақын өлеңіндегі параллелизмді тап.

4. Сөздікпен жұмыс.

Бұйық –

5. Өлеңді құрылысына талда.

6. Өлеңдегі табиғат құбылысын, өз ойыңды қоса отырып, қарасөзбен баяндап жазып шық.

7. «Жиленді қара орман» өлеңін табиғат лирикасына жатқызуға бола ма?

8. Орман бейнесінің көрінісі қандай сөздер арқылы суреттелген?

9. Ақын орман көрінісіне қарап тұрып нені армандады?

10. Сөздікпен жұмыс.

Кебін –

Аза боп –

Әпсүн –

11. «Қараңғылық қоюланып келеді» өлеңін оқыған кезде көз алдымызға қандай көріністер елестеді? Көріністі сол қалпында суреттеу.

Ақын өлеңі	Оқушы пікірі

12. Көркемдегіш тәсілдерді табу.

Өлеңнің аты	Теңеу	Эпитет	Кейіптеу
«Жиленді қара орман»			
«Қараңғылық қоюланып келеді»			

13. «Қараңғылық қоюланып келеді» өлеңін қарасөзбен жазып шығу.

14. Екі жақты күнделік

Өлеңнен саған не әсер етті?	Несімен әсер етті?


25-сабақ

«Жазғы таң», «Жаз келеді»

1. Табиғат лирикасы дегеніміз не? Табиғатты жырға қосқан қандай ақындардың өлеңдерін білеміз?

2. Өлеңдерді оқып отырғанда көз алдарыңа нені елестеттіңдер?

Автор эмоциясы қандай сөздерден білінеді?



3. Сабақты бейнелеу өнерімен байланыстыр, жазғы таңның суретін салып көр.

4. «Жайраңдаған жаз келді» тақырыбына өлең немесе шағын эссе жазып көр.

26-сабақ

«Мағжан оқулары» байқауы

1. Сен өзіңді «Тәуелсіз саратшымын» деп есепте. Мағжан жырларын жатқа оқыған оқушылардың бағасын бер.

Оқушының аты-жөні	Өлеңді оқу мәнері	Дауыс ырғағы	Кідіріссіз оқу	өзін-өзі ұстауы (сахна шеберлігі)	Қанша өлеңді жатқа біледі?
1.					
2.					
3					
4					
5					
6					

2. «Ақынға арнау». Мағжан жайлы жыр толғау.

Ақынға жыр шумақтарын арнаған оқушылардың өнерін бағалайық.

Оқушының аты-жөні	Өлеңнің мазмұны	Құрылысы	Тіл шеберлігі	Оқу мәнері
1				
2				
3				
4				

27-сабақ

Ақын – сатира саласында. «Төбет», «Бір биге», «Заманымыздың ақыны»


Есіңе сақта. Юморлық образ – күлкілі кейіпкер, юмор – өмірдегі кісі күлерлік құбылыстардың өнердегі сәулесі. Юмордағы күлкі – әзіл, ал әзіл келемежге айналса – ирония, келемеж ащы мысқылға айналып сын үдей түссе – сарказм болғаны. Сатиралық образ – ұнамсыз тип.

Сатиралық образ жасаудың тәсілдері: мысал, пародия, памфлет, шарж, карикатура, т.б.

2. «Төбет», «Бір биге», «Заманымыздың ақыны» өлеңдерін мәнерлеп оқып, мәнін аш.

Кейіпкер ерекшелігі	Оқушы пікірі	Тіл көркемдігі
Аң мен адамның арасындағы айырмашылық. Бір-бірін түсініспеу. Әділетсіз жандарға деген ақын көзқарасы.	Ақын тіліндегі сатира. Қандай мінез сыналған?	Астарлау, әзіл мен лириканы ағастыра білуі.

3. Венн диаграммасы.



4. Өзің қалаған өлеңді құрылысына талда, құрылысындағы өзгешелікке назар аудар.

28-сабақ

Мысалдан алар өнеге. «Мысық пен ет»

Есіңде сақта. Мысал – шығармалардың қысқа түрі. Әрқашан сатиралық сипатта, көбіне, аң, хайуанат, кейде зат туралы жазылады да, сол арқылы адам бойындағы мін, әлеуметтік ортадағы кемшілік күлкіге, келекеге, мазаққа айналдырылып сыналады.

1. Мысықтың іс-әрекеті қандай жолдарда көрініс тапқан? -----

2. Етке қолы жетпеген мысық өзіне-өзі қалай тоқтау салды? -----

3. Ақын мысал өлеңді қалай қорытындылайды? -----


4. Өлеңді сатылай талдау.

1. Тақырыбы: -----

2. Жанр түрі: -----

3. Идеясы: -----
4. Шумақ : -----
5. Тармақ: -----
6. Бунақ: -----
7. Буын: -----
8. Ұйқас: -----
9. Әдеби-теориялық ұғымдар: -----

5. *Сабақты бейнелеу өнерімен байланыстырып, етке қолы жетпей қапа болған мысық бейнесін ойша елестетіп, суретін салып көр.*



29-сабақ

Ақын – аударма саласында.

«Күннің батуы»

Мағжан Жұмабаев тамаша аудармашы да бола білді. «Күннің батуы» өлеңін Генрих Гейнеден аударған. Өлең нақты өмірден алына отырып, мысал ретінде жазылған.

1. Ай мен Күннің тағдырынан не ұқтың? -----
2. Өлеңдегі көркемдегіш тәсілдер:

Эпитет	Теңеу	Кейіптеу

3. Өлеңді сатылай талдау.
4. Шығармашылық жұмыс. «Жақсы адам болғым келеді» (ойтолғау жазу) -----

30-сабақ

«Сарғайып келген егін толқынданса»

(Лермонтовтан)

I деңгей. Оқулықпен жұмыс.

Өлеңді сатылай талдау.

II деңгей. Мәтіннен көркемдегіш тәсілдерді тап.

III деңгей. Ақынның төл табиғат лирикасы мен аудармасына салыстырмалы сипаттама бер. Идеялық байланыс неде?

Өлеңнің аты	Қысқаша түсінік	Образды, бейнелі сөздер
1. «Сарғайып келген егін толқынданса» 2. «Жазғы таң» 3. «Жаз келеді»		

IV деңгей. Шығармашылық деңгей.

Ақынның табиғат лирикаларын негізге ала отырып, «Табиғат – тал бесігің» тақырыбында суреттеме жаз.

Мағжан бүгінгі күн биігінен қарағанда, қазақ әдебиетіне не берді? -----

31-сабақ

«Қорқыт» поэмасы

1. Қорқыт – аңыз кейіпкері. Ал аңыз дегеніміз не?

2. Қорқыттың дүниеге келуі мен есімінің қойылуы туралы аңызды қысқаша баянда.

3. Қорқытқа серік болған қобыздың тарихы туралы не білеміз? -----

4. Интерактивті тақтадан көрсетілген қобыздың суретін сен де салып көр.



5. «Қорқыт» поэмасынан көркемдегіш сөздерді табамыз.

6. Ақынның 2 шумақ өлеңін құрылысына талдаймыз.

(Жалғасы бар).

Сана БАЙШОРАЕВА,
Ақмола облысының
Зеренді ауданындағы
«Березняковка» орта
мектебінің мұғалімі.

«АЛТЫБАҚАН АЯСЫНДА» АТТЫ ТЕАТРАНДЫРЫЛҒАН САБАҚ

Көкше жерінің белгілі ақыны, композиторы, әншісі үкілі Ыбырай Сандыбайұлының өмірі, шығармашылығы жайында және зерттеу тобының бір жыл бойы Үкілі Ыбырай туралы зерттеу барысында естігендері, оқығандары бойынша есеп беру сабағы.

Ыбырай туралы біраз мәліметтерді, **шағын өлең шумақтарын** зерттеу тобының оқушылары ақынның немересі Елемес апайдың ауызынан жазып алды. Ол кісі Солтүстік Қазақстан облысының Айыртау ауданына қарасты Өскен деген ауылда тұрады. Оқушылардан құралған зерттеу тобы әдейілеп сол ауылға барып, бәрін өз құлақтарымен естіп, жазып алды.

Сабақ барысы.

Көрнекілік: домбыра, бейнетаспа, Ыбырай туралы сөздер.

Сахнаға алтыбақан құрылады, әр түрлі гүлдер, ағаштар өсіп тұрғандай етіп, сахнаны әсем Көкше табиғатындай безендіру.

Қойылым басталғанда шертпе күй ойналып тұрады.

Алтыбақан маңайында әңгіме айтылып, өлең оқылып жатқан кезде қыз бала келіп, оқылған өлеңге сүйсініп сөз сөйлейді. Осылай соңына дейін алтыбақан жанына жастар жинала береді. Келген әр оқушы үкілі Ыбырай жайлы зерттеп білгендерін айтады, өлеңдерін орындайды.

Осы алтыбақан басында Төлеген Қажыбаевтың “Ұмытпа мені, Гәккуім” пьесасынан көріністер қойылады.

Оқушылар алтыбақан маңайында өздерін еркін ұстап, оқып білгендерін жұрт алдына жеткізеді.

Барлық қатысушылар ұлттық киімде болады.

1-оқушы:

- Ән мен күйге бір сусындап жан шөлі,
Мол қызыққа кенеледі әнші елі.
Сексен көлді шайқалтады үнімен
Сарыарқаның бұлбұлдары, сал-сері.
Өңшең бұлбұл, өңшең дүлдүл – шын дарын,
Жаңғыртады Көкшетаудың шындарын.
Әзілімен, қалжыңымен жарасып,
Әнмен ғана білдіреді шындарын.
Көкшетауда осындай бір думан-ды,
Гүлдер бүгін әнмен бетін жуған-ды.
Өңшең бұлбұл, өңшең дүлдүл дарындар
Бірін-бірі өнерімен буған-ды.

Жүргізуші: - Қандай керемет! Расында да, сұлу Көкше жерінде сұлу әнімен, әсем жырымен небір сал-серілер өмір сүрді емес пе?! Соның бірі – үкілі Ыбырай Сандыбайұлы.

Бүгінгі ұрпақ үкілі Ыбырайдың кім екенін біле ме екен?

2-оқушы Төлеген Қажыбаевтың «Жалғызтау балладасы» атты өлеңін оқиды.

*Жалғызтауды жалғыз қыран мекендеп,
Күнде самғар зау биікке жетем деп.
Саңқылдаған үнін тыңдап төңірек,
Қуанатын шәулім есен екен деп.
Қыран шәулі шалдықпайтын самғаудан,
Жалықпайтын құз-қиясын таңдаудан.
Жалпақ дала ән-бесікте тербеліп,*

*Сілкінетін құзар басын таулы аудан.
Қарағайлар қолын созып заңғарға,
Жел оралып қайың, терек, талдарға,
Қыран үнін тыңдар еді-ау толықсып
Талмау шақта адам түгіл аңдар да.
Жан жадырар жаны бөлек сазды ұғып,
Тыңдар еді-ау жапан дала, жазғы бұлт.
Егілетін «Қалдырған» боп қарт жүрек,
«Гәкқу» болып егілетін назды үміт.
Жалғызтаудан жамыраған бұлақ та
Әнге елтіп жүгіретін жыраққа.
Қоскөл тұстан көтерілген аққу үн
Күні бүгін күмбір-күмбір құлақта.*

3-оқушы:

*- Қыран ұшты Жалғызтауға қона алмай,
Сол ұшқаннан кете барды оралмай.
Бауыр басқан мекенінен бездірген,
Қандай ғана безбүйрек жан, ой, Алла-ай!
Қыран кетті Жалғызтауын қия алмай,
Көздің жасын төгіп өтті-ау тыя алмай.
Артта қалған қарт қыранның әніне
Кей пенделер қосылып жүр ұялмай.
Ұялмайды. Қосылады. Қосылсын,
Ән құдірет неге оған тосылсын.
Жалғызтаудан самғап ұшқан сұңқар-ән
Келешекке сапар тартып жосылсын.
Жалғызтауың жетім қалды, қыран жоқ.
Қыран да жоқ, оны жоқтар ұлан жоқ.
Ұланынан, қыранынан айырылған
Бүгінгі ұрпақ соның мәнін сұрар көп.*

Жүргізуші: - Жалғызтау кімнің мекені? Бұрын бұл жөнінде естігендерің бар ма?

4-оқушы: - Неге білмеске? Ол дүйім қазаққа өзінің «Гәкқуімен», «Қалдырғанымен» атағы шыққан үкілі Ыбырайдың дүниеге келген жері емес пе?! Ол Солтүстік Қазақстан облысы, бұрынғы Сергеевка ауданында Жалғызтау жерінде 1860 жылы туды. Содан ол Солтүстік Қазақстан облысының Өскен ауылына көшіп келіп, қалған өмірін сонда өткізеді.

5-оқушы: - Ыбырайдан Есентемір, Өстемір деген екі бала туады. Өстемір ерте қайтыс болады да, Есентемірден Елемес деген қыз туады. Елемес апа – бүгінгі күні он екі баланың анасы. Өскен деген жерде ұлын ұяға, қызын қияға қондырған елге сыйлы ана. Елемес апа 3-4-сынып оқып жүргенде (бұл, айтуы бойынша, 1948-1949 жылдары еді) «Халық жауының немересі» деп мектептен шығарып жібереді, біраз қиыншылық көрген екен.

Үкілі Ыбырайды қартайған шағында туыстары «Кісі өлтірді» деп көре алмай көрсетіп жіберген. Серілік құрып, Ыбырай ойын-тойлардан бағалы киім киіп, жүйрік ат мініп келеді екен. Туыстары “Бұл бір жерге барып кісі өлтіріп киініп келді” деп жала жапқан. Содан Ыбырайды, тағы жанында 3 шалды ОГПУ айдап әкетеді. Әкетіп бара жатқанда Ыбырай:

“ОГПУ деген сотыңыз,

Жүріп тұр ғой хотыңыз.

Төрт шалды айдап барасың,

Қисайды біздің” деп табан астында бір ауыз өлең шығарып жаңағыларға сөзбен тиіскен екен.

6-оқушы: - Иә, Ыбырайдай ұлы адамға туған жердің топырағы да бұйырмаған. Осылай істі болған Ыбырай атамыз абақтыдан абақтыға қамалып, «Халық жауы» деп атанып, «Барсакелмес» деген жерге жіберілген екен. Бір зерттеушілердің айтуы бойынша: кемеде кетіп бара жатқан кезде кеме аударылып, сол жерде дүние салған.

Жүргізуші: - Көкшетаудан айдап әкетіп бара жатқанда
«Қоштасу» деген өлең шығарған екен, соны тыңдаңыздар.

7-оқушы:

- Кең заман, дүние маған тарын келді.
Атығай, Қарауылға тегіс сәлем,
Тыңдаған адам болса бұл өлеңді.
Дария, көл, құрғақ құмға аяқ бастық,
Кең жайлау Сарыарқамен амандастық.
Көк зеңгір көрінетін Жалғызтауым,
Туған жер топырағымен бақұлдастық.
Адамға жазды нәпсі әлдеқайдан,
Болмайды-ау бұл сапардан ешбір қайлам.
Айғайлап күңіренген Көкшетауым,
Көсіліп мекән еттім ордам саған.
Темір жол, міне, келдік, аяқ бастық,
Кең жайлау Сарыарқамен бақұлдастық.
Жиылып өңшең маңғаз зар жылайды-ау,
Көзінен қанды жасы араласып.
Будақтап, бұрқыратып жөнелт енді,
Көкшетау, айналайын, көрем бе енді?
Кешегі Ыбырайдың қамыққанын
Қарауыл аруағы біле ме енді?!
Хан, қара, алаш демей қолымды арттым,
Кез келген жақсы-жайсаң таңырқаттым.
Ортаңда бұлбұлыңдай сайраушы едім,
Ойланбай, жалған дүние-ау, бұған жеттім.
Жалп етіп етек жайған жерім қалды,
Тізем... бірге өскен ерім қалды.
Ортаңда аққу құстай саңқылдаушы ем,
Есембай, Шоқтыбайдай елім қалды.
Бірдеме айтып қалайық шықтық шетке,
Алла рақым қылмаса, үміт етпе.

Дәм бітіп, қаза жетіп өле кетсем,

Бақұлдық төрт момынға айттым көпке.

Жүргізуші: - Шіркін-ай, сайын даланы сахна қылған
сал-серілер-ай!..

Ыбырайды неге «үкілі Ыбырай» деген екен?

Бұл сұрақтың жауабын мына бір көріністен тамашалайық.

Көрініс. Төлеген Қажыбаевтың «Ұмытпа мені, Гәккуім»
атты поэмасы бойынша.

8-оқушы: - Үкілі Ыбырай қисық мінезді, ат қойғыш
адам болған. Өз әкесіне “Қара мұрын” деп ат қойған.

Ауылында Қосшығұл деген екі әйелі бар, берекесі жоқ,
үйіне салақ бай болған. Соған былай депті:

Қосшығұлдың жегені – шикі жілік,

Екі қатын отырады текке күліп.

Бетіңменен делқұлы тентірейсің,

Май берсе, нан орынына жеңкірейсің.

Осылайша байдың берекесіздігін айтып, сөзбен сынға
алған екен

Жүргізуші: - Ал енді «Гәкку» әні қалай туды, кімге
арналғаны жөнінде мына көріністен білейік.

Жүргізуші: - “Гәкку” әнін Әлбинаның орындауында
тыңдаймыз.

9-оқушы: - Үкілі Ыбырай түрмеде жатқан кезінде туған
ауылын сағынып мынадай өлең жолдарын шығарыпты:

Мүдіртпе, Алла, тілімді,

Көңілге алған білімді.

Айтып бір, халқым, өтейін

Туып бір өскен жерімді.

Салқын самал, көкорай,

Есмырза өзен, көлім-ай!

Шілдеде келіп жайлаған

Самалың салқын, қоңыржай.

10-оқушы: - Қарт жүректі елжіреткен «Қалдырған» әнінің қалай туғанын айтайын. Осы әндегі Сұраған деген кісі қазіргі Солтүстік Қазақстан облысының Келлер ауданындағы Талап деген жерінің тұрғыны болған екен. Үкілі Ыбырай бір тойда өзінің әнін сол Сұрағанның орындауында естіп, қатты риза болған. Содан соңғы шумақты «Сұраған, саған аманат» деп, яғни, «Осы әнді келешек ұрпаққа жеткізуші – сен» деген екен. Міне, сол Сұраған сияқты әншілердің арқасында «Қалдырған» әні бүгінгі ұрпаққа жетті.

Енді осы әнді тыңдайық.

Жүргізуші: - Иә, үкілі Ыбырай ағамыздың бойында болған қасиет, дарын, өнер – сегіз қырлы, бір сырлы өнер деген осы екен ғой. Қыздар, жігіттер, кеш қарайып кетті. Ауылға қарай аяңдайық. (Шертпе күй ойналады).



Гүлмира КӨЛБАЕВА,
Степан Бреусов атындағы
жалпы орта мектептің мұғалімі.
Оңтүстік Қазақстан облысы,
Түлкібас ауданы,
Шакпақ баба ауылы.

НҰРЛЫ ШАҚ

(7-сыныптар)

Сабақтың мақсаты: а) оқушылардың білімге құштарлығын арттыру, шығармашылыққа баулу, топпен жұмыс істеуге үйрету, тіл байлығын дамыту, өз ойын толық жеткізуге, ортада өзін еркін ұстауға баулу; ә)

шығармашылықпен жұмыс істеуге, оқып білуге ынталандыру, есте сақтау қабілетін қалыптастыру; б) адамгершілікке, имандылыққа, тілді құрметтеуге, туған елін, салт-дәстүрін сақтауға тәрбиелеу.

Түрі: сайыс сабақ. **Көрнекілігі:** графопроектор, төсбелгі.
Типі: білімді жүйелеу, жинақтау.

Сабақтың барысы.

Жүргізуші: - «Нұрлы шақ» атты 7-сынып оқушыларының арасында өтетін топтық сайысқа қош келдіңіздер.

Сайысымызды бастамас бұрын қазылық ететін алқа мүшелерімен таныс болайық.

1. Топтың өздерін таныстыруы (сәлемдесу, ұран, төсбелгі, ән).

2. Үй тапсырмасы бойынша екі топ «Қазақ тілім» тақырыбын қорғап, тілдің жан-жақтылығына тоқталуға тиіс.

3. «Қателеспе» (сұрақ-жауап).

Білім дағдыларын саралауға арналған сұрақ тапсырмалар береміз.

1. Морфология нені зерттейді? (сөз құрамын). 2. Лексикалық мағынасы көптік ұғымды білдіретін сөздер (*мұнай, газ, тары*). 3. Есімшенің жұрнағы (-ған, -ген, -қан, -кен, -ар, -ер, -р, -атын, -етін, -йтын, -йтін, -шақ, -шек, -пақ, -пек, -бақ, -бек). 4. Дауыссыз дыбыстың бір-біріне ықпал етуі, өзара үндесіп айтылуын не дейміз? (дыбыс үндестігі). 5. Зат есімнің септік жалғаулар арқылы өзгеруін не дейміз? (зат есімнің септелуі). 6. Жалғаулық шылау (Ыңғайластық: және, да, де, әрі; қарсылықты: *бірақ, дегенмен, алайда, сонда; себеп-салдар: өйткені, себебі, сондықтан; талғаулықты: не, немесе, я, болмаса, яки; кезектес: кейде, бірде, біресе; шартты: егер, егер де*). Толықтауыш қандай сұраққа жауап береді? (кімді, нені). 8. Көсемшенің жұрнақтары (-а, -е, -й, -ып, -іп, -ғалы, -гелі, -қалы, -келі). 9. Салыстырмалы

шырай жасайтын жұрнақ (-ғыл, -қыл, -ғылт, -қылт, -ғылтым, -қылтым, -шыл, -шіл, -шылтым, -шілтім, -ғыш, -ілдір, -аң, -қал, -ша, -ше). 10. Өздік есімдігінің түрленуі (Септеледі, жіктеледі). 11. «Дүниеде не өлмейді?» дегенде Жиренше қалай жауап берген? (Жақсының аты өлмейді, Ғалымның хаты өлмейді). 12. *Тарбағатай тауынан Тоқсан сала қосылып, Тоғыз өзен түйісіп.* Қай өлеңнен үзінді? (Дулат. “Аягөз, қайда барасың?”). 13. Композиция дегеніміз не? (Сюжеттік дамудың кезең-кезеңдерін тәртіпке салып реттеп, қиыннан қиыстырып тұратын тәсіл). 14. “Қырық мысал” кімнен аударылған? 15. *Бір үйде жиюлы екен қазына мал, Көрсетті бәрін бізге ақсақал шал.* (Сұлтанмахмұт. «Бір адамға») 16. Ирония деген не? (Астарлы келекеге негізделген, кекесін мағынасында).

4. Қалауың білсін (Әдебиет пен салт-дәстүр сұрақтары).

Ұяшықтарға жасырынып тұрған әдебиет пен салт-дәстүрге байланысты сұрақтар.

Әдебиет: 10 20 30

Салт-дәстүр: 10 20 30

Әдебиет саласы бойынша.

10. “Аяз би” ертегісінде Аяз уәзірлерге өзі алғызған шөптің жаманы – шеңгелді, құстың жаманы – сауысқанды, адамның жаманы – өзі екенін хан алдында қалай талдап береді?

20. Метафора дегеніміз не?

30. “Қозы Көрпеш – Баян сұлу” жырындағы Ай мен Таңсықтың қоштасуынан үзінді айт.

Салт-дәстүр саласы бойынша.

10. Мұсылманның бес парызын ата (Иман келтіру, намаз оқу, ораза ұстау, пітір-зекет беру, қажыға бару).

20. Аяқты малды танып алу үшін салынатын белгі не деп аталады? (ен)

30. «Қымызмұрындық» қай кезде беріледі?

5. **Қапы қалма.** Көркем ойды тобықтай түйінді сөзбен жеткізетін уақыт келсе керек.

Тірек сөздер арқылы тұрақты тіркестерді табу.

- | | |
|-------------------------|---|
| 1. Дөнен | 2. Инелік |
| Жылқы басқандай | Маса көрмеді |
| Тай | Шыбын |
| Құнан | Жылан |
| Тайға таңба басқандай. | Шыбын шаққан құрлы көрмеді.
\ ауырсынбады. |
| 3. Ар | 4. Ой |
| Намыс бермеді | Сана сыймады |
| Ұят | Қуаныш |
| Ашу | Жұбаныш |
| Намысты қолдан бермеді. | Қуанышы қойынына сыймады. |
| 5. Кірпік | 6. Аяқ |
| Көз қаққанша | Қол ашық |
| Ауыз | Сирақ |
| Қас | Қолтық |
| Қас қаққанша \лезде\. | Қолы ашық \жомарт\. |
| 7. Тай | 8. Күні |
| Сөйлем байлау | Түні жарасқан |
| Сөз | Жұлдызы |
| Ат | Айы |
| Сөз байлау \уәделесу\. | Жұлдызы жарасқан /тату/. |
| 9. Домбыра | 10. Кеудесінің |
| Бес аспап | Жүрегінің бар |
| Қобыз | Асқазанының |
| Ән | Басының |
| Бес аспап \өнерлі\. | Жүрегінің түгі бар \батыр\. |

Марат ҚУСПАНҰЛЫ,
Баламер Сахариев атындағы
орта мектептің мұғалімі.
Шығыс Қазақстан облысы,
Үржар ауданы,
«Бақты» ауылы.

БАЛА МҰХАМЕТҚАЛИДАН АҚЫН МҰҚАҒАЛИҒА ДЕЙІН

Мақсаты: 1) Мұқағали Мақатаевтың өмірімен, шығармашылық еңбегімен таныстыру, ақынның бұрын сирек жарияланған өлеңдерін оқушылар назарына ұсыну; 2) поэзияны сүйеге үйрету, оның құдіретін сезіндіру; 3) ақынның шығармалары арқылы шындықты, сұлулықты қадірлей білуге тәрбиелеу. **Көрнекілік:** Мұқағали портреті, ақынның кітаптары қойылған бұрыш, «Ер ақын, ерен ақын, ерекше ақын» деген плакаттағы жазу, ақын-жазушылардың Мұқағали туралы айтқан пікірлері, естеліктері, домбыра, магнитофон.

1-жүргізуші:

- «Ойлы жас, өлең менің сырласымдай,
Сырлассам да құмарым тұр басылмай.
Айтып өткен ақында арман бар ма,

Жүрегінің түбіне кір жасырмай» деп ақын өзі айтқан. Ол артына көптеген отты жырлар мен мұнды өлеңдер қалдырды.

2-жүргізуші: - Мұқаметқали (Мұқағали) Мақатаев Алматы облысы, Нарынқол ауданының Қарасаз ауылында 1931 жылы 9 ақпанда дүниеге келген. Ол өзінің «Менің анкетам» деген өлеңінде өзі туралы қысқаша былай дейді

(Екі оқушы диалог түрінде өлеңді мәнерлеп оқиды):

- Туған жерің?
- Ұланымын Қарасаз деп аталатын ауылдың.
- Туған жылың?
- 1931. Құрдасымын Шәмілдің.
- Жынысың кім?
- Еркекпін ғой, еркекпін
Және дағы тәуірмін.
- Мекен-жайың?
- Мекен-жайым – жер менің,
Жерде жүрген ақын деген пендемін.
Қалам, қағаз, уақыт бер аздаған,
Мен өмірді жырлау үшін келгенмін!

1-жүргізуші: - Ол өзінің өмірінде ауылдық кеңестің хатшысы, әдебиет пәнінің мұғалімі, республикалық газеттің тілшісі, қазақ радиосының дикторы, «Жұлдыз» журналының әдеби қызметкері, Жазушылар одағы поэзия бөлімінің жастар жөніндегі кеңесшісі міндеттерін атқарды. Көптеген жыр жинақтарын оқырман қауымына ұсынды.

2-жүргізуші: - Ол аударма саласында да ерінбей еңбек етті. Орыс тілін өте жетік білген. Дантені Шығыс халықтары ішінде ең алғаш аударған – Мұқағали. Уайтмен, Шекспир сынды классиктерді, Н.Тихонов, Роберт Бернс, Аветик Исаакиян, Акоп Акопян, Файзолла Ансори, Федор Моргун, Евгений Евтушенко сынды әр ұлттың белді ақындарын қазақ тілінде сөйлетті. Бүгінде Мұқағали Мақатаевтың 35 мың жолға жуық өлеңі поэзия сүйер қауымның іздеп жүріп оқитын жырына айналды.

1-жүргізуші: - Ақынның түрлі себептермен жарияланбаған өлеңі – “Құдайы қонақпын”.

1-оқушы:

- Құдайы қонақын мен,
Қарсы ал, құрбым!
Адасып аулым таппай шаршап жүрмін.
Шөлінде қалып мына сарсаң күннің,
Малманы әжем берген таусап жүрмін.
Құдайы қонақын мен, қарсы ал, құрбым!
Мына ауылдан ана ауыл қызықтырып,
Аттанып кетіп едім қызық қуып.
Атымды әлдекімдер тартып алды,
Басым жарып, ауызымды бұзып тұрып.
Құдайы қонақын мен,
Қарсы ал, құрбым!
Адасып аулымнан шаршап жүрмін.
Мен де бір қорлық көрген Жаяу Мұса,
Қаласаң, күй шерттіріп,
Ән салдырғын!
Қарсы ал, құрбым!

2-жүргізуші: - Ол – жалындап өткен 45 жыл ғұмырында ана тілі үшін күресіп өткен ақын. Ол ана тілін туған халқы мен Отанынан әсте кем санамай, осы өмірдегі бірегей үш бақытының біріне санайды.

2-оқушы «Үш бақытым» өлеңін оқиды.

1-жүргізуші: - Қарасаз, қара шалғын өлеңде өстім,
Қырға шығып ырысқа кенелмесің.
Өлсе өлер Мұқағали Мақатаев,
Өлтіре алмас алайда өлеңді ешкім.

Оның жазған өлеңдері қазір халық арасында ән болып қалықтап жүр. Мұқағали өлеңдеріне жазылған әндердің саны 45-ке жуық.

2-жүргізуші: - Кеңес дәуірінде Мұқағали шығармасы бағаланбады, керісінше, қысым көрсетілді. Ақын үшін бұл ауыр соққы болды. Ел басындағы ағалар теріс қарап, ақын үшін есіктерін тарс жапты. Осындай күйзеліспен ашына отырып жазған өлеңдерінің бірі – “Сен емессің”. Бұл өлең де кезінде жарық көрмеген.

3-оқушы: - Сен емессің!

Қуат пен шуақ берген.
Сен емессің!
Дәметіп сұрап көргем.
Тірнектеп тірі жаннан шуақ тергем,
Алғанмын бойымдағы қуатты елден.
Сен емессің!
Жақсылық көрген емес сенен ешкім,
Сен өсекиі қатынсың, ер емессің!
Алаңысың төбелес, ерегестің!
Жұрттың айтқан сөзіне қарамағам,
Мен де сені жағалап, ағалағам.
Бұл күні
Естисің бе, жаман адам,
Басыңды бес тиынға бағаламан.

1-жүргізуші: - Мұқағалидың жастық шағы соғыс кезеңінде өтті. Тылдағы ауыртпалық, әсіресе, ана мен балаға түсті. Қаншама боздақтар қыршын кетті.

2-жүргізуші: - Махаббат, сүйіспеншілік тақырыбына соқпай кететін ақын жоқ десек, артық айтқандық емес. Махаббат мәселесі, бұл – мәңгілік тақырып. Бірақ әр ақын өз сезімін, өзінің ішкі жан дүниесін әрқалай шығарады. Мұқағалидың сезімінде жасандылық жоқ. Махаббатта бір қуаныш – бір үміт, бір өкініш – бір күдік болатындығы жасырын емес.

“Махаббат диалогы” (Динара, Данияр).

1-жүргізуші: - Мұқағали ауруханада ұзақ ауырып жатып қалған кезде достарын аңсап өзінің қарындасындай боп жүрген Фариза Оңарсыноваға арнап, “Фариза” атты арыз-толғауын жазған еді.

Ардақ “Фариза” өлеңін оқиды.

2-жүргізуші: - Мұқағали өлеңіне жазылған әндерді айта берсек, бір күнде тауысу мүмкін емес. Арғысы Нұрғиса Тілендиев болып, бергісі Тынышбай Рахимов, Мақпал Жүнісова, басқа да әуесқой композиторлар ән жазып, өз репертуарларын молайтуда.

1-жүргізуші: - Мұқағали жыры – күшті жыр. Сондықтан да ол – ер ақын, ерен ақын, ерекше ақын. Ер ақын дейтініміз: ол шындықты бүкпесіз бетке айтады. Ерен ақын деуіміз: сөзі шырайлы, тілі қарапайым, тың өлеңдер жазды. Ерекше ақын дейтініміз: ол ер және ерен ақын болғандықтан да ерекше.

4-оқушы:

- Тірісінде сый көрмей қайран ақын.

Тек өлген соң атағын жайған ақын.

Ежелден қазақтың бұл қасіреті –

Бармағын тістеп кейін ойланатын.

Күн сүйіп керекарыс маңдайынан,

Лағыл жырлар төгілген таңдайынан.

Барында бағаламай, білдік кейін

Қазақтың айрылғанын қандай ұлдан.

(Слайдта ақын суреті көрінеді. Сахна төріне сөзін Мұқағали жазған «Сен бе едің?» әнін орындауға Нұрсұлтан есімді оқушы шығады.)

«АЛТЫН ҚАҚПА»

6-сынып оқушыларына жалпылама сұрақтар беру арқылы үш топ жинау, оларға «Білім», «Ғылым», «Қазына» деген аттар қойылады. Топта 3 адамнан болады. Топтың сұрақтары конвертке салынып, қақпалардың жанына қойылады. Әр конверт ішінде – сұрақтар, сұрақтарға толық жауап берген жағдайда қақпа ашылады. Ұпай санын көп жинаған топ «Алтын сандықтың» тапсырмасын орындайды. Оған жауап берген топ жеңіске жетеді.

1-топ – «Білім» (6^а сынып), 2-топ – «Ғылым» (6^б сынып), 3-топ – «Қазына» (6^в сынып).

Ойын кезеңдері.

I кезең: “Тас қақпа” (4 сұрақтан). II кезең: “Күміс қақпа” (3 тапсырма). III кезең: “Алтын қақпа” (3 тапсырма). IV кезең: “Алтын сандық” (1 тапсырма).

Жалпылама сұрақтар:

1. *Көк ат* деген тіркесте қандай ықпал түрі бар? 2. «Менің атым – Қожа» авторы 3. *Көп* сөзінің антонимін тап. 4. Астана күні қашан аталып өтеді? 5. Бір-біріне мағыналары жуық сөздер қалай аталады? 6. Қарағанды облысының әкімі кім? 7. Жыр алыбы атанған ақын. 8. Шоқан Уәлиханов қай жылы туған? 9. Екі етіске ортақ жұрнақ. 10. Қобыландының тұлпары. 11. Қара өлең ұйқасы. 12. Конституция қай жылы, қай күні қабылданды? 13. Ең алғаш қазақ балалары

үшін мектеп ашқан кім? 14. Қарағанды қаласы қай жылы құрылды? 15. Көптік жалғаулар.

«Тас қақпа». Әр топқа 4 сұрақтан тұратын «Тас қақпа» конверті таратылады. Әр сұрақ жауабына 5-10 аралығында ұпай беріледі.

1. Фонетика нені зерттейді? 2. Ертегілердің қандай түрлері бар? 3. «Тәртіп жұрттың бәріне бірдей. Тақтаға шығып айт». Үзінді қай шығармадан алынған, кімнің сөзі? 4. *Қарлығаш* сөзіне фонетикалық талдау жаса.

1. Лексика нені зерттейді? 2. Ауыз әдебиетінің түрлерін ата. 3. «Қадыров, сен әкелесің. Ұмытып кетпе бірақ.» Үзінді қай шығармадан алынған, кімнің сөзі? 4. *Адамгершілік* сөзіне фонетикалық талдау жаса.

1. Атауыш, көмекші және одағай сөздер дегеніміз не? 2. «Керкұла атты Кендебай» ертегінің қай түріне жатады, дәлелде. 3. «Мынау біздің мектебіміздің ақыны, болашақ Сәбит Мұқановымыз». Үзінді қай шығармадан алынған, кімнің сөзі? 4. *Қайраткер* сөзіне фонетикалық талдау жаса.

«Күміс қақпа». Әр топқа 3 сұрақтан тұратын конверттер таратылады. Әр сұрақ жауабына 5-10 аралығында ұпай беріледі.

1. Зат есім, жасалуы. Деректі және дерексіз зат есімдер.

2. *Теке мұрын, салпы ерін, ұзын тісті,*

Қабырғалы, жоталы, болса күшті.

Ойынды еті бөп-бөлек, омыраулы,

Тояттаған бүркіттей салқы төсті.

Үзінді қай өлеңнен, авторы кім?

3. Дара және күрделі етістік, мысал келтір.

1. Сын есім, жасалуы. Сапалық және қатыстық сын есім дегеніміз не?

2. *Теңізге пәрменінше құя салып,*

Мақтанды мырзасынып тауға барып.

Тау айтты: «Сен мақтанып келіп тұрсың,

Мен тұрмын бұл ісіңе қайран қалып».

Үзінді қай өлеңнен, авторы кім?

3. Болымды және болымсыз етістік, мысал келтір.

1. Сан есім, түрлері. Сан есім емлесі.

2. *Сәл ұмытсам, қарға мені, кешірме,*

Қайда жүрсем өзің тұрдың есімде.

Өзің тұрдың қарлы оқоптан сығалап

Сонау қатаң қаһарлы жыл кешінде.

Үзінді қай өлеңнен, авторы кім?

3. Сабакты және салт етістік, мысал келтір.

«Алтын қақпа». Әр топқа 3 сұрақтан тұратын конверттер таратылады. Әр сұрақ жауабына 5-10 аралығында ұпай беріледі.

1. «Әсемпаз болма әрнеге» өлеңін жатқа оқы. 2. *Жуындырғызды, ілеспеді, білінбеді* сөздеріне тұлғалық талдау жаса. 3. Өзгелік етіс дегеніміз не, мысал келтір.

1. «Адамдық борышын» өлеңін жатқа оқы. 2. *Өткізіспеді, салынды, сөйлесілді* сөздеріне тұлғалық талдау жаса. 3. Брықсыз етіс дегеніміз не, мысал келтір.

1. «Сен құрметте оны, қарағым!» өлеңін жатқа оқы. 2. *Ішкіздірмеді, айтыстырды, білінбеді* сөздеріне тұлғалық талдау жаса. 3. Ортақ етіс дегеніміз не, мысал келтір.

«Алтын сандық». Үш кезең бойынша ең жоғары ұпай жинаған топ орындайды.

«Алтын сандық» тапсырмасы:

«Менің Отаным – Қазақстан» тақырыбына ойтолғау жаз.

Жеңімпаз топты марапаттау.

Фарида РЫСҚАЛИЕВА,
Ыбырай Алтынсарин атындағы
жалпы орта білім беретін
мектептің мұғалімі.
 Батыс Қазақстан облысы,
 Теректі ауданы,
 Шағатай ауылы.

ҚОСАРЛАМА ҚОС СӨЗДЕР

Сабақтың мақсаты: 1) қосарлама қос сөздердің қайталама қос сөздерден айырмашылығын, жасалу жолын меңгерту; 2) оқушылардың танымдық деңгейін көтеру, ойлау қабілетін арттыру, шығармашылық қабілеттерін шыңдау; 3) оқушыларды тапқырлыққа, адамгершілікке тәрбиелеу.



Түрі: жаңа сабақ. **Әдісі:** ой қозғау, тірек сызба, семантикалық карта, Венн диаграммасы, кері парақ.
Пәнаралық байланыс: музыка, сурет, әдебиет. **Көрнекілік:** слайд бойынша тірек сызбалар.

Сабақ барысы.

Қызығушылығын ояту.

Ой қозғау әдісі арқылы үй тапсырмасын қорытындылау.

Қайталама қос сөздердің жасалуы



Семантикалық карта (5 минут)

Қос сөздер	Сынарлары синонимдес	Сынарлары антонимдес	Бір сынары мағынасыз	Екі сынары да мағынасыз	Сынарлары әр түрлі сөздер
Алпыс-жетпіс					+
Тату-тәтті		+			
Құда-жегжат	+				
Ел-жұрт	+				
Ағайын-туған	+				
Сый-құрмет	+				
Апақ-сапақ				+	
Апай-топай				+	
Апыл-ғұпыл				+	
Әуре-сарсаң		+			

Әлек-шәлек				+	
Алақ-жұлақ				+	
Аралас-құралас			+		
Аңғал-саңғал				+	
Оқта-текте				+	
Қант-шай					+
Сегіз-тоғыз					+
Келін-кепшік			+		

«Сүйікті мектебім» (эссе жазу).

Тірек сөздер: сыңғыр-сыңғыр, қаз-қатар, топ-топ, емін-еркін, тап-таза, күш-жігер, ілім-білім, т.б.

Жаттығу жұмыстары (оқулықтан орындайды).

Диаграмма



Кері парақ /сабақта не өткенін еске түсіріп жазу/.

ТІЛ ДАМУ: «ОТБАСЫ БЕРЕКЕСІ»

(4-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – оқушыларға отбасы берекесінде өмір сүру баға жетпес екенін түсіндіру; **дамытушылық** – оқушылардың ойлау қабілеттерін дамыту, өз бетімен жұмыс істеуге машықтандыру; **тәрбиелік** – отбасындағы әке мен ананың, баланың ролін айқындау, ата-ананы сыйлауға, қадірлеуге, татулыққа тәрбиелеу. **Түрі:** тіл дамыту сабағы. **Әдісі:** сұрақ-жауап, түсіндіру, оқыту, сөздерді талдау. **Көрнекілік:** слайдтар, мақал-мәтелдер, интерактивті тақта.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру.

Оқушылардың назарын сабаққа аудару. Түгелдеу. Сабақ мақсатын түсіндіру.

II. Үй тапсырмасын сұрау.

Суретпен жұмыс.

Суретте жылдың қай мезгілі бейнеленген? Балалар не істеп жүр? Ата ше?

Ойтолғаныс.

Отбасында адам бойындағы асыл қасиеттер жарқырай көрініп қалыптасады. Отанға деген ыстық сезім жақындарына, туған-туысқандарына деген сүйіспеншіліктен басталады.

Балаға сіңірген ата-ана еңбегін бала өмір бойы ақтап бола алмайды.


Адамның жеке басының алғашқы қалыптасуы отбасынан басталады. Оның ержетіп өсуі, бойындағы алғашқы адамгершілік белгілері отбасында орнығады. Сондықтан да туған үйдің жылуы оның көкірегінде көп жылдар бойы сақталып, мәңгі есінде жүреді.

Отбасы – бала тәрбиесінің ең алғашқы ұжымы. Отбасының басты қазығы, алтын тіреу діңгегі – бала. Баланың тәрбиелі болып өсуіне берекелі отбасының әсері мол. Отбасы – баланың мамандықты еркін және саналы таңдауына ықпал жасаушы. Отбасы – өзінің ұрпағын болашақ отбасылық өмірге дайындаушы.

III. Жаңа сабақ:

1. Отбасы дегеніміз не?
2. Отбасындағы бауырмалдық дегеніміз не?
3. Ата-анасын сыйлай білу дегеніміз не?
4. Отбасына кімдер жатады?
5. Отбасы қанша адамнан құралады?
6. Ең сүйікті адамың кім?

«Топтастыру» стратегиясы.



IV. Кеспе қағазбен жұмыс.

Кеспе қағазға отбасы мүшелері жазылады, сөйлем құрастыру.

V. Сөзжұмбақ:

1. Түйенің төлі.
2. Жылқыда не жоқ?
3. Төле, Қазыбек, Әйтеке.
4. Дастарханға ризашылық білдіретін тілек.
5. Сырт-сырт соғады, уақыт озады.
6. Жыл басы.


	0			
	т			
	б			
	а			
	с			
	ы			

VI. Сергіту.


- Кәне, сапты түзейік,
- Тіземізді бүгейік.
- Ыршып алға түсейік,
- Ыршып артқа түсейік.
- Көбелекше ұшамыз,
Отырамыз, тұрамыз.
Сергітуге мың алғыс!

VII. Топпен жұмыс.


1-топ.



2-топ.



3-топ.



VIII. Қорытынды: - Балалар, бүгін біз не үйрендік? Біздің отбасымызға кімдер жатады екен? Үлкендер мен кішілердің қарым-қатынасы қандай болу керек? Отбасы берекесіне нелер керек екен?

Кенжегүл ҚАБЫЛБАЕВА,
№49 орта мектептің мұғалімі.
Алматы облысы,
Кербұлақ ауданы,
«Сарыөзек» кенті.

«ШЫБЫН МЕН КӨБЕЛЕК»

Сілтем:	Ана тілі оқулығы 4-сынып, жоспар, әдістемелік құралдар.
Жалпы мақсаты:	Оқушыларға Сейітқұл Оспанов туралы мағлұмат беру. «Шыбын мен Көбелек» мысалын түсініп оқып, ондағы негізгі ойды анықтауға, ойларын жүйелі баяндауға және ой-өрісін, тіл байлығын дамыту, талдау, салыстыра білу дағдыларын қалыптастыру. Жақсыны үйреніп, жаман әдеттерден аулақ болуға тәрбиелеу.
Күтілетін нәтиже:	Мысалдағы мәселені талқылауда оқытудың стратегиялары арқылы оқушының пәнге қызығушылығы, белсенділігі артады. Мысалдағы негізгі ойды анықтап, мазмұны бойынша қорытынды пікір айтуға және кейіпкерлерді салыстыра отырып, мінездеме беріп, өздеріне өмірлік сабақ алады. Сыни тұрғыдан ұсынылған әдістер негізінде нақты әрі саналы шешім қабылдауға үйренеді.
Сабақтың түрі, әдіс-тәсілі:	Дәстүрден тыс топтық жұмыс, сыни тұрғыдан ойлау, ұжымдық, әңгімелеу, іздену, талдау, салыстыру, қолдану, бағалау.
Керекті жабдықтар:	ИБТ, суреттер, постер, маркер, стикер, бояу, парақтар.

Сабақ барысы.

Сабақ кезеңдері:	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті
Ұйымдас-тыру.	Психологиялық ахуал қалыптастыру. Топқа бөлу. Топ ережесін естеріне түсіру.	Оқушының қызығушылығы оянып, назары сабаққа ауады. 1-топ – Ара. 2-топ – Шыбын. 3-топ – Көбелек. Оқушылар өзіне тиесілі орынына барып отырады. Оқушылар сұрақтарға жылдам жауап береді. Сұрақ-жауап арқылы сөйлеу қабілеттері артады. С.Оспанов жайлы ақпарат алады.
Жаңа сабақ.	С.Оспановтың «Шыбын мен Көбелек» атты мысалын өтеміз. Сейіткүл Оспанов жайлы ақпарат беру (слайд). Топтық тапсырма беріледі. Мәтінмен жұмыс.	Оқушылар топпен жұмыс атқарады. 1-топ: мысалды оқиды. 2-топ: әңгімелейді. 3-топ: сөздікпен жұмыс. Түсініксіз сөздерді түртіп алып отырады.
Сергіту сәті. Ұжым-дық жұмыс.	Мысалды талдау. - Шыбын мен Көбелек неге келіспей қалды? - Шыбын не деп мақтанды? - Көбелек оған не деді?	Оқушылар сергіп, сабаққа ынтасы арта түседі. Оқушылардың ойы жинақталып, өз ойын дәлелдеп үйренеді.
	- Қайсысының айтқаны дұрыс деп ойлайсың? Рөлдік ойын.	Мысалды рөлге бөліп, сахналық қойылым етіп көрсетеді.

	Шығармашылық тапсырма.	1-топ. Бес жолды өлең құрастырады. 2-топ. Шыбынның суретін салады. 3-топ. Көбелектің суретін салады. Оқушылардың шығармашылық қабілеттері арта түседі.
Қоры-тынды.	1-топ. Пайдасы мен зияны. 2-топ. «Неге?» Бес сұрағын дайындайды. 3-топ. Кейіпкерге хат.	Оқушылар өз ойларын дәлелдеп үйренеді, сабақта алған білімдері жүйеленеді. Өздігінен қорытынды шығару қабілеті артады.
	- Бүгінгі сабақты нелер туралы өттік? - Сабақ ұнады ма? - Несімен ұнады? Мысалдан қандай әсер алдың?	
Үйге тапсырма	Мысалды оқып, 1-топ шыбынға, 2-топ көбелекке жұмбақ құрастырады, 3-топ ұнаған кейіпкері туралы өтірік өлең құрайды.	
Бағалау	Әр топтың бағалауы. Мұғалімнің бағалауы.	
Кері байланыс		Оқушылар сабақ жайлы өз пікірлерін жазады.

Дилбирим МИЧИТОВА,
Алматы облысының
Ұйғыр ауданындағы
«Долайты» орта
мектебінің мұғалімі.

ЖУАН ЖӘНЕ ЖІҢІШКЕ ДАУЫСТЫ ДЫБЫСТАР

(5-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – дауысты дыбыстардың жіктелуін оқушылардың өздерін қатыстыра отырып түсіндіру; **дамытушылық** – оқушылардың жалпы сауаттылықтары мен логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, грамматикалық талдау дағдыларын дамыту, пәнге деген қызығушылықтарын арттыру; **тәрбиелік** – оқушыларды адамгершілікке, туған жерін сүйуге, сөз өнерін ардақтауға тәрбиелеу.

Типі: аралас сабақ.

Түрі: дәстүрлі.

Әдісі: түсіндіру, сұрақ-жауап, жаттығу, салыстыру, талдау тестісі.

Көрнекілік: тақырыпқа байланысты кесте, үлестірме қағаздар.

Сабақтың барысы.

Ұйымдастыру.

Баба тілін қадірле,

Болашақтан түңілме!

Айналайын боздақтар,

Аралас тілге үңілме! (Қожаберген жырау).

Жаңа тақырыпты түсіндіру.

Тілдің қатысына қарай:	Жуан	Тілдің ұшы кейін тартылып, үсті дөңестенуі арқылы жасалады.	а, о, ұ, ы, у
	Жіңішке	Тілдің ұшы ілгері созылуы арқылы жасалады.	ә, ө, ү, і, е, и, э, у

Оқулықпен жұмыс. 240-жаттығу. Жұмбақтың жауабын тап және жуан дауысты дыбыстардың астын бір, жіңішке дауысты дыбыстардың астын екі сызындар.

Қыста үйге кірмейді, Көктем шықса, жұрмейді.

241-жаттығу. *Ақылды* сөзіне фонетикалық талдау.

Жаңа сабақты пысықтау.

Деңгейлік тапсырмалар:

I деңгей.

1) Жуан және жіңішке дауыстыларды жазып шық.

2) 242-жаттығу.

3) У дыбысының ерекшелігін айт және мысал келтір.

II деңгей.

1) Дауысты дыбыстарға жұмбақ шығар.

Үлгі: Көкте бар, Жерде жоқ.

Көзде бар, Қолда жоқ. (Ө).

2) Бұлар қай ертегінің кейіпкерлері?

Осы ертегі саған несімен ұнады?

Көлтауысар, Таусоғар, Саққұлақ, Желаяқ.

3) Мақал-мәтелдер жазып, мағынасын түсіндір және жуан, жіңішке дыбыстардың астын сыз.

III деңгей.

1) *Отан, еңбек* сөздеріне фонетикалық талдау жаса.

2) Айтылуы жағынан бір-бірімен ұйқасатын бірнеше сөз тауып жаз. Үлгі: *түлкі-күлкі, бас-тас*.

3) Өлеңнің авторы кім? «Туған ел» деген тақырыпқа шағын шығарма жаз.

Гүлбану ҚОСИМОВА,
филология ғылымдарының докторы,
профессор, ҚР Білім беру ісінің
құрметті қызметкері.

«АБАЙ ЖОЛЫ» РОМАНЫН ЖАҢА ТӘСІЛДЕРМЕН ОҚЫТУ ҚҰРАЛЫ

Жалпы білім беретін орта мектепте ұстаз Мақпырова Сандуғаш қазақ әдебиетінің арғы-бергі замандағы заңғар жазушылары мен ұлы ақындарын оқыта жүріп, неліктен М.Әуезовтің «Абай жолы» романын оқытуға арнайы еңбек жазды деген сұрақ көкейге келеді. Зерделі ұстаз Сандуғаш Жайланқызы ұлы Абайдың өмір жолы мен шығармашылығында ұстанған ұстанымдары өзіне дейінгі және өзінен кейінгі ақын-жазушылардың ұстанымдарына сәйкес келетінін тап басып таныды. Абайдың сөзін роман арқылы оқытса, Абай аңсаған адам мінез-құлқын роман арқылы қалыптастырса, Абайдың өмірге көзқарасын М.Әуезов көзімен талдап үйретсе, онда Шәкәрімді де, Ахметті де, Мағжанды да, Бейімбетті де, Ілиясты да, Сұлтанмахмұтты да және тағы басқа ағартушы тұлғаларды Абай жолы осы деп оқытуға болатынын түсінді.

Абайдың тағдырын ақын өмір сүрген дәуірімен, Абайды түсінбеген орта мен оны, керісінше, пір тұтқан дос-жарандар келбетін салыстыра суреттеу арқылы М.Әуезов ақынның өмірлік ұстанымдары мен арман-мүддесін айқындап берді. Осы роман арқылы ұлы Абайдың шығармаларын түсініп оқуға мүмкіндік туып қана қойған жоқ, Абайдың балалық шағын, азаматтыққа аяқ басқан шағын және ақындық кезеңін айқындауға жол ашылды. Абайдың мінез-құлқы, іс-әрекеті көрінетін осы барлық кезеңде ақынның тәлімгерлік, ағартушылық, ұстаздық әрекеті ерекше. Кітап авторы Абайдың ұстаздық қарекетін жазушының толық ашып

көрсетпегендігін, оны Шәкәрімнің бейнесін романның өн бойынан көре алмауымызбен байланыстырады. Бұл пікірі өте дұрыс, себебі жазушының қолын да, тілін де байлаған советтік дәуірдің саясаты, коммунистік партияның Шәкәрімге деген көзқарасы болды. Көзі қырағы ұстаз романдан Шәкәрімді іздей отырып, Шәкәрімнің бейнесін Дәрменнен тапты. Шәкәрімнің бүркемеленген бейнесі Дәрмен болғандығын Мақпырова Сандуғаш атақты абайтанушы ғалым Мекемтас Мырзахметұлының мына пікірімен дәлелдейді: «Әуезов көп ойын ашық айта алмады. Дұрысын да айтқызбады. Мәселен, эпопеяда ...Абайға жанашыр болып, үнемі Абайдың жанынан табылатын Дәрмен деген жігіт бар. Өмірде ондай адам болмаған. Менің ойым, сірә, Шәкәрімнің қасиеттерін Мұқаң осы Дәрменнің образына жинақтаған тәрізді». Бұл – романды оқыған кезде, оқытып талдаған сәтте естен шығаруға болмайтын тың пікір, мәнді көзқарас. Себебі мектеп оқулықтарында Абайдың өмірі мен шығармашылығын оқытқаннан кейін, оның туысы және пікірлесі деп Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармашылығы оқытылады. Оқулық авторлары Шәкәрім мен Абайдың арасындағы жақындықты идея бірлігінен іздеуге кеңес береді, Абайдың мұраты мен өмірлік ұстанымдарын Шәкәрімнен тапқызады, сондықтан оқырманның «Абай жолы» романынан Шәкәрімнің бейнесін іздеуі әбден орынды. Міне, осы күрделі сұрақтың шешімін Мақпырова Сандуғаш Дәрмен образына көңіл бөлу арқылы табуға болатындығын көрсетті. Дегенмен, романда Абайдың шәкірттері өз алдына бір топ құрайды, Абай сол ақын шәкірттерімен сырласады, мұңдасады, ой-көзқарасын бөліседі. Абай жаны өз дәуірінің бітім-болмысы мен тіршілігіне көңілі толмағандықтан жалғызсыраса да, шәкірттерінің басы – жары Әйгерім, інісі Көкбай бастаған шағын орта Абайды қанаттандырды, қуат көзіне айнала білді. Кітап авторы «Көлемді туындыда Абайдың ақындық мектебі туралы сөз жоқ, бірақ шығармаға үңілсеңіз, ақындық мектеп идеясы бар» деген тың тұжырым жасай алған.

Талдау нысанына айналып отырған «Абай жолы» романын оқыту» деп аталатын кітапта автор ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтің астарлап айтқан, жабық сырдың ұшын ғана шығарып, оқырманына ой салған бейненің бірі – Құнанбай бейнесі екендігін жақсы таныған. Құнанбай бейнесін жаңаша танытудың үлгісін кестеге түсіріп, оқырманның бәрі бірдей бірден байқай алмайтын Құнанбай қалтарысын романның әрбір тарауынан іздеп табуы – нағыз шеберлік. Романның «Қайтқанда» тарауындағы атақты қаралы оқиға – Қодар мен Қамқаны жазалау сәтіндегі Құнанбайға авторлық, психологиялық мінездеуден туатын қасиеттер – жұртты иландыра білуі, шешіміне тас түйін беріктігі, қайта оралар қайырымы жоқ бір беткейлігі деп бағалауы, «Қат-қабатта» тарауындағы Құнанбайдың жанашыр жақсыларын жауға айналдырған әлсіз рулардың жерін тартып алу оқиғасындағы кейіпкердің қимыл-әрекетін суреттеуге берілген авторлық көзқарас тұрғысынан Құнанбайды айбынды, суық, ызғарлы, даугер әрі би деп баға беруі – қателік емес. Ал «Жолда» деп аталатын тараудағы Құнанбай мен Бөжейдің татуласу сәтін басқа кейіпкердің монологу арқылы берілген мінездеуден Құнанбайды ерекше ұстамды, бойын бермес тұйық, берік деп, «Бел-белесте» тарауындағы Құнанбайдың Омбыға айдалуы оқиғасын авторлық көзқараспен берілген тура мінездеуінен Құнанбайды қайратты, жүрек жұтқан ерлік иесі, айла-тәсілге мол деп бағалауы Құнанбайды оқырманға жаңа қырынан танытады.

Иә, Құнанбай – күрделі кейіпкер. Әуел баста Құнанбайды жағымсыз кейіпкер деп тауып, кейін Құнанбайдың жағымды кейіпкер ретінде оқытылуы – осы қалтарысы мол күрделігінде. Құнанбай өмір сүрген заман тұрғысынан қарағанда, бұдан басқаша болуы да мүмкін емес. Қазіргі қоғам тұрғысынан бағаласақ, Құнанбай – қатыгез де қатал, ата-баба салтының қорғаушысы, талап қойғыш, қайсар да тәуекелшіл, жұмбағы көп, шешуі қиын адам. Осы қасиеттерді Мақпырова Сандуғаш романның Құнанбай араласқан әрбір

оқиғасынан тауып, жазушының әке, ата, аға сұлтан, би, шешен Құнанбайға деген көзқарасын талдауында үндестіре бере білген. Ол үшін психологиялық мінездеуді, портреттік мінездеуді, іс-қимыл әрекет үстіндегі бейнелік мінездеуді, авторлық таным мінездеуін шебер пайдаланған. Риза боласың.

Кітаптың келесі бөлімінде Мақпырова Сандуғаш оқушылармен орындалатын жұмыс түрлерін береді. Бұл жұмыс түрлері – тура мінездеу, жанама мінездеу, монологтағы мінездеме, диалог үстіндегі мінездеме, портреттік мінездеме деп бөлініп, романның алынған үзінділер арқылы көз жеткізілген. Мұндай мінездеулер басқа ақын-жазушылардың шығармаларын оқыту кезінде кейіпкер бейнесін жасауға көмектесері сөзсіз. Романның шешуі күрделі жұмбақ кейіпкері – Құнанбайдың динамикалы характерін сызба ішіне салып, осы қасиеттер мен мінез-құлықты романның табуға мүмкіндік беруі – көркем шығарманы терең байыппен оқытудың таптырмас тәсілі.

Кітапта романның бас кейіпкері Абайдың ақындық, ағартушылық, суреткерлік, қарасөздің шебері екенін, шешендігін, сыншыл реалистік болмысын, күйші, сазгерлігін А.Байтұрсынұлының, М.Әуезовтің, басқа да зерттеушілердің пікірі тұрғысынан нақтылап беруі де жұмыстың салмақтылығын арттырып тұр. Абай бейнесін танытатын тақырыптарды жеке-жеке сабақ жоспары етіп, үлгісін беруі, әсіресе, сабақты Абай өлеңдерімен ұштастыра жүргізуге ден қоюы оқытудың жаңалығы деуге болады.

Сабақ үстінде қолдануға болатын жаңа интербелсенді әдістерді пайдаланудың амал-тәсілдерін, шығармашылық жұмыстың түрлерін, пәнаралық байланысты күшейтудің жолдарын, ұжымдық жұмыстың түрлерін, бір сөзбен айтқанда, көркем шығарманы оқытудың ең тиімді әдістерін, құрметті ұстаздар, осы кітаптан таба аласыздар.

Шын ризашылық көңілден «Жарайсың, Сандуғаш!» дегім келеді.

Бас редакторы – Зернебек ШЛДЕБАЙҰЛЫ.

Қазақ тілі мен әдебиеті» –
ай сайын шығатын республикалық ғылыми-
педагогикалық және әдістемелік журнал.

Құрылтайшы және шығарушы: «Қазақ тілі мен әдебиеті»
және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Жауапты редакторы – Рыскелді САБЫРБАЙ.
Компьютерде теріп, беттеген – Жанар СЕЙДУЛЛАҚЫЗЫ.

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы **№6266-ж Куәлігі** берілген.

Басуға 10.01.2014 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0.

Есептік баспа табағы – 7.68. Таралымы – 4100.

Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75746.**

Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй. Қарасай батыр қиылысы.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және

бөлімдер.....268-32-48.

Факс.....243-15-53.

Электрондық пошта: Kazulagat@mail.ru.

Басылатын жері – ИП Асубаев С.Ш.

**ЕЖЕМЕСЯЧНЫЙ РЕСПУБЛИКАНСКИЙ
НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ И МЕТОДИЧЕСКИЙ
ЖУРНАЛ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН
ӘДЕБИЕТІ» ЖӘНЕ «ҰЛАҒАТ»**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті», №1, 2014 ж., 144 бет, Алматы.